

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

З. Тасмағамбетова

ӘДЕБИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2022

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5 Қаз)

T22

Авторы: Тасмағамбетова Зейнат Жансұлтанқызы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Айсенов А.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Қайыпбаева А.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Оразбаева А.С. – филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Тасмағамбетова З.Ж.

T22 Әдебиеттануға кіріспе және әдебиет теориясы. Оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2022.-97 бет.

ISBN 978-601-356-227-8

6B02301 Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерге арналған «Әдебиеттануға кіріспе және әдебиет теориясы» пәні бойынша оқу - әдістемелік құрал кредиттік технология жүйесімен білім алуда қосымша құрал ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралда пәннің оқу бағдарламасына сәйкес студенттерге тәжірибелік сабақтарға дайындалуға көмек беретін оқу материалдары, түрлі мазмұндағы тапсырмалар, тест сұрақтары, талдауға арналған өлеңдер жинақталған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5 Қаз)

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген, _____ 2022 ж., хаттама № _____

ISBN 978-601-356-227-8

© З. Тасмағамбетова
© А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 Әдебиеттану ғылымы және оның салалары.....	5
2 Көркем әдебиеттің образдылығы. Образ және образдылық.....	8
3 Образ түрлері.....	12
4 Мазмұн мен пішін. Тақырып пен идея.....	15
5 Сюжет пен композиция.....	20
6 Сөз өнеріндегі тек пен түр.....	23
7 Көркем шығарма тілі.....	31
8 Әдеби тілді ажарлау тәсілдері.....	33
9 Әдеби тілді құбылту тәсілдері.....	37
10 Әдеби тілді айшықтау тәсілдері.....	42
11 Өлең құрылымы мен өлшемдері.....	48
12 Әдебиеттегі өлең жүйелері.....	49
13 Қазақ поэзиясындағы ұйқас түрлері.....	50
14 Көркемдік әдіс. Әдеби ағымдар мен бағыттар.....	52
15 Қаламгер және стиль.....	57
БӨЖ тапсырмалары.....	59
Өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары.....	66
Талдауға арналған өлеңдер.....	93
Қолданылған әдебиеттер тізімі	97

КІРІСПЕ

«Әдебиеттануға кіріспе және әдебиет теориясы» курсында әдебиеттанудың болмысы мен бітімі (әдебиет туралы жалпы түсінік, әдебиеттану және оның даму кезеңдері, образ және образдылық); әдеби шығарманың сыры мен сипаты (әдебиеттегі мазмұн мен пішін, көркем әдебиеттің тілі, сөз сарасы); әдеби дамудың мағынасы мен мәні (әдебиеттегі тек пен түр, әдеби бет пен бағыт) толық сипатталады.

БВ02301 Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерге арналған оқу - әдістемелік құрал кредиттік технология жүйесімен білім алуда қосымша құрал ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралда оқу процесінің мазмұнын тереңірек ашу үшін бағдарлама бойынша оқу материалдары іріктеліп ұсынылған және әрбір тақырыптың соңында студенттің білімін толықтыру мақсатында түрлі тапсырмалар, анықтамалық мәліметтер берілген.

Бұл мәліметтер тақырып бойынша қысқаша бағыт-бағдар, мағлұмат беріп қана қоймай, студенттің өзінің ой-өрісін одан әрі дамытып, ойлану, іздену қабілетін жетілдіруге ықпал ететін механизм болып табылады. Сондай-ақ, студенттердің материалды қаншалықты игергенін өздігінен тексеру үшін тест тапсырмалары ұсынылған.

Пән бойынша ұсынылған қосымша материалдар студенттің берілген тақырыпты неғұрлым терең игеріп, айқын түсінуіне көмек көрсету мақсатын көздейді. Тақырыпты терең меңгеру үшін дайындалу барысында тек дәріс тезистерімен шектеліп қою жеткіліксіз. Бұл ретте студенттің тақырып бойынша өз бетімен ізденіп, ұсынылған әдебиеттер бойынша қосымша жұмыс істеуі қажет болады.

Оқу - әдістемелік құрал «Әдебиеттануға кіріспе және әдебиет теориясы» пәнінің оқу бағдарламасы негізінде, тиісті әдістемелік талаптарға сай жасалған.

1 Әдебиеттану ғылымы және оның салалары

Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Әдебиеттану туралы ғылым, негізінен, үш ғылыми салаға бөлінеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны.

Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің:

- болмысы мен бітімін;
- әдеби шығарманың сыры мен сипатын;
- әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды.
- әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін;
- қоғамдық қызметін;
- көркем шығарманы талдаудың принциптері мен әдістемесін;
- әдеби жанрлар мен оның түрлерін;
- өлең жүйелерін;
- тіл мен стиль;
- әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін зерттейді.

Зейнолла Қабдоловтың айтуынша, кез-келген көркем шығарманың байыбына бару үшін бес түрлі нақты сұраққа жауап іздеп табу керек:

- 1) Қандай оқиға болды?
- 2) Қалайша болды?
- 3) Кімдердің басында болды?
- 4) Болған оқиға қалай баяндалған?
- 5) Ол оқиғаға автордың көзқарасы қандай?

Бұл сұрақтарға жауап беру, бір жағынан, оқыған романның байыбына барғысы келген кісінің эстетикалық талғамының дәрежесіне байланысты болса, екінші жағынан, оның теориялық толғамының мөлшеріне байланысты.

Себебі, бұл сұрақтарға жауап берген адам өз мүмкіндігінше әдебиеттің нақты теориялық мәселелерін қозғайды:

- бірінші сұраққа жауап беру арқылы шығарманың *тақырыбы мен идеясын* сөз етеді;

- екінші сұраққа жауап беру арқылы шығарманың *сюжеті мен композициясын* сөз етеді;

- үшінші сұраққа жауап беру арқылы шығармадағы *тип пен характер жайын* сөз етеді;

- төртінші сұраққа жауап беру арқылы шығарманың *тілі мен суреткердің стилін* сөз етеді;

- бесінші сұраққа жауап беру арқылы *суреткердің дүниетанымы мен көркемдік әдіс мәселесін* сөз етеді.

Ал осылардың бәрін тек әдебиет теориясын білген адам, сол арқылы өз заманының талабы дәрежесінде өзінің эстетикалық талғамын қалыптастырған адам ғана істей алады.

Әдебиет теориясының ережеге айналған эстетикалық қағидалары мен қисындары әдебиет тарихы арқылы табылып, тексеріліп, жүйеленген ұшан-теңіз әдеби деректерді терең талдау, пайымдау нәтижесінде қорытылған толғамдар, түйін-тұжырымдар.

Әдебиет тарихы – жеке алғанда, бір елде, жалпы алғанда, бүкіл адам баласының тарихында көркем әдебиеттің қалай пайда болғанын, қалай қалыптасқанын, қандай жолдармен дамығанын зерттейді.

Әр халықтың көркемдік даму сапарын (ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке дейінгі) саралайды, сын көзімен сұрыптайды. Сонымен қатар әр дәуірдің әдеби нұсқасына тарихи тұрғыдан қарап, оның сапасын сол тұстың сана сатысына, ой өрісіне байланыстыра тексереді. Олай болмаса, ауыз әдебиетінің нұсқалары болсын, жеке жазушылар творчествосы болсын, әділ бағаланып, әдеби дамудағы өзіне лайық орнын алуы мүмкін емес. Әдебиет тарихын зерттеушілерге ең басты талап дәл осы тұрғыдан қойылады.

Мысалы, ежелгі әдеби нұсқалардың эстетикалық құны мен ғылымдық мәнін бағалау үшін тек тарихтық тұрғы, яғни көне мұраға деген тарихи көзқарас керек. Орхон жазуындағы жырларды бүгінгі биік талғаммен өлшесек, олардың эстетикалық құны, әрине, мықты емес. Ал тарихтық тұрғыдан тексеріп, таным тарапындағы мәнін, ғылымдық маңызын бағаласақ (ежелгі дәуір жыры – ХҮ ғ. Доспамбет толғауы – ХІХ ғ. Махамбет өлеңі – ХХ ғ. Мұқағали өлеңі), қазақ өлеңінің ғасырлар бойы қандай жолмен сатылап дамығанын топшылаймыз.

Бұл – қазақ поэзиясының есею, жетілу барысындағы мың белгінің бірі ғана. Әдебиеттің барлық қалыптасу, даму тарихын жан-жақты талдап, түсінуде әдебиет тарихының атқарар қызметі зор.

Әдебиет теориясының толғамдары әдебиеттің тарихын негізге алумен бірге, әдебиеттің сынымен тығыз байланысып жатады.

Әдебиет сыны өз тұсындағы әдебиеттің тірі процесіне араласып, әдеби туындыны жан-жақты талдайды, оның идеялық-көркемдік құнын белгілейді, өз кезінің эстетикасы үшін мәні мен маңызын анықтайды.

Бір жағынан, жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның творчестволық өсуіне тікелей қолғабыс жасайды.

Екінші жағынан, оқырманды оқығандарының байыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды.

Сыншы – қалың оқырманның өскелең талабы мен талғамының жаршысы, әдеби құбылысты жалпы мемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдайтын қоғамдық ой-пікірдің озғын өкілі.

Сын тек жазушы үшін ғана емес, оқырман үшін де жазылады. Ол көркем шығармаға қосалқы комментарий емес, өз алдына жеке шығарма болып табылады.

Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың жолдары, тәсілдері, шарттары, критерийлері бар. Көркемдік критерий әдеби шығарманың кемшілігін ғана қазбалау емес, ең алдымен, әдеби шығарманың бағалы жағын көре білу. Сынның ең қиын міндетінің өзі – осы. Кез-келген шығармада болатын үлкенді-кішілі кемшілікті табу бәрінен оңай, ал шығарма несімен жақсы екенін белгілеу, оның нағыз поэтикалық сұлулығы мен сырлылығы неде екенін анықтау бәрінен қиын.

Әдебиет туралы ғылымның негізгі үш саласы (теориясы, тарихы, сыны) өзара тығыз бірлікте болады, әдебиеттің теориясын түсінбей тұрып, тарихы жайлы әңгіме қозғау; тарихын білмей тұрып, сынын өрбіту мүмкін емес. Шын мәніндегі әдебиет сыншысы немесе әдебиет зерттеушісі әдебиеттанудың үш саласына да жетік, білімдар әдебиетші болуы шарт.

Әдебиет туралы ғылымның негізгі салаларынан басқа жанама тараулары да бар. Олар – *текстология, историография және библиография*. Бұл тараулар ғылыми мақсат үшін керек.

Текстология – әдеби туындылардың мәтінің зерттеп, танудың принциптері мен әдістемесін жинақтайтын арнаулы ғылыми пән.

Текстология:

- көркем шығарманың тұрақты түпнұсқасын белгілейді;
- автор қолымен жасалған ақтық редакциясын анықтайды;
- әр алуан вариантын өзара салыстырады;
- әр басылымын автографпен салыстырады;
- мәтіннің автор еркінен тыс қысқарған жерлері немесе бөгде қолмен орынсыз өзгертілген тұстары болса, қалпына келтіреді;
- түпнұсқаны көшіріп басқандар мен әріп терушілер тарапынан кеткен емле қателері болса да түзеп отырады.

Текстология үш бөлімнен құралады:

1. Тексттің туу сыры. Түпнұсқадан транскрипцияға дейін тексереді.
2. Тексттің тұрақтану тарихы. Автордың алғашқы ой қазығынан ақырғы жөндеуіне дейін зерттейді.
3. Тексттің басылу түрлері. Әр нұсқаның терілуінен бар туындының рет-ретімен түзілуіне дейін бақылайды.

Бұл бөлімдердің қай-қайсысында да көркем әдебиетке деген әділ көзқарас, асқан жауапкершілік жатады.

Историография – әдебиет теориясының, тарихының, сынының ғасырлар бойғы тарихи дамуы туралы дәйектемелер мен деректер, мәліметтер мен материалдар жинағы. Жоғарыда аталған үш салаға қатысты қандай арнаулы мәселе болсын, оны зерттеудің көлемі мен тереңі, мәні мен маңызы сол мәселенің историографиялық материалының мөлшері мен мазмұнына қарап белгіленеді.

Библиография – көркем әдебиеттің өзіне және әдебиет туралы ғылымға байланысты көрсеткіштер мен анықтамалар, шолулар мен сілтемелер жиынтығы. Әдебиет пен әдебиеттану тарапындағы қандай арнаулы зерттеулер болсын, оған қажет нақты материалдардың (мәтіндер, сын-мақалалар, зерттеу еңбектер) бәрін библиографиялық көрсеткіштер мен анықтамалар арқылы іздеп тауып, пайдалануға болады.

☺?! Тапсырмалар

1) Соңғы уақытта оқып шыққан көркем шығармаға қатысты 5 сұраққа жауап жазып, байыбына жетуге тырысыңыз.

2) Ұсынылған үлгі бойынша өз мысалдарыңызды келтіріп, қазақ өлеңінің сатылап дамуын топшылаңыз:

Күлтегін ескерткіші	Доспамбет	Махамбет	Мұқағали
... Тәңірі жарылқап, құтым-бағым бар болғандықтан, нәпақам бар болғандықтан өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты мол қылдым...	Екі арыстан жау шапса, Оқ қылқандай шаншылса... Бетегелі Сарыарқаның бойында, Соғысып өлген өкінбес!	Боз орданы тіктім деп, Боз ағашты жықтым деп, Халық ханым дегенге Көтере берме бұтыңды, Көпірте берме ұртыңды, Күндердің күні болғанда, Өзіңнен мықты табылса, Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді...	Шеше, бақыттысың! Жыламағын. Жай түсіп жатқанда да құламадың. Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның, Сондықтан жыламағын, жыламағын!

2 Көркем әдебиеттің образдылығы

Образ және образдылық

Әдебиет туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық.

Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арақауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі деуге болады. Демек, әдебиеттің предметі – адам дегенде, әңгіме дайын әдеби қаһарман жөінде емес, қалмгердің сол қаһарманды жасау үстіндегі барлық творчестволық әрекеті туралы болуға тиіс.

Қаламгерге көркем шығарма туғызу үшін бәрінен бұрын материал керек. Ал материаланын табудың суреткерлік тәсілі – сол дәуірдегі адам тағдырын қазу, қопару, тірі құжаттарды зертеу.

Әдебиеттегі адам бейнесін жасаудың шешуші шарты - *ойдан шығару*. **Ойдан шығару** - образға барар жол; суреткердің өмірде көрген-білгенін ойша өңдеудің, қорытудың, жинақтаудың тәсілі. Ойдан шығару жоқ жерде әдебиеттегі адам туралы мүлде ұғым болуы мүмкін емес. Яғни шығармада суреттелер шындықты сұрыптау тәсілі, адам тұлғасын әрі жинақтау, әрі даралау тәсілі.

Образдың қазақшасы – көркем бейне. Ең қарпайым мағынасында образ – суретті сөз.

Күлімсіреп аспан тұр
Жерге ойлантып әр нені.

(Абай)

Жалғыз басты жаратқан
Жатыр ма екен ұн елеп,
Қылаң аспан тараптан
Қар түседі себелеп.
Аппақ болып шұбарлар,
Адыр жатыр дөңкиіп.
Шыға келген шынарлар
Шолақ етек тон киіп...

Мың көрсен де ажарын,
Өте алмайсың қарамай.
Қара тасты қақ жарып
Қаптап өскен қарағай.
Желіндері сыздаған,
Бие бұлттар бір табын.
Душқа түсіп мұздаған,
Дір-дір етіп тұр талы.

(К.Мырза Әли)

Осы жолдарда жансыз табиғат емес, кәдімгідей, қимыл құбылыс елестеп кетеді. Осының бәрін көзбен көріп, сезінетін секілдіміз.

Образдылық – суреттілік, сөздегі сурет. Әр сөздің түп-төркіні – зат, сурет, образ. Әдебиетті адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады.

Жинақтау

Жинақтау жайлы әр түрлі пікірлер бар. Жинақтау деген - әдеби тип жасау әрекеті. Ал типтендіру турасындағы пікірлер тіпті қым-қиғаш.

Типтендіру деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта дәуірге сай талғап-тануы, таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы болып табылады.

Жазушыға тип жасау әрекетінің үстінде керегі – типтілік туралы қисын емес, тірі мүсін - прототип.

Әр жазушының творчестволық лабораториясына үңілген адам оның өмір шындығын көркем жинақтау; яғни әдеби бейнелерді типтендіру әрекеті, көбіне, әр типке прототип табудан басталғанын байқауға болады. М. Әуезовтың әр типінің өмірде прототипі болған. С. Мұқановтың Амантайының төркіні Амангелді және т.б.

Жинақтау үшін суреткерге, бәрінен бұрын, көркем бейнені жасауға керек өмірлік материалды сұрыптап, саралап пайдалану үшін талғампаздық керек.

М. Әуезов талғампаздық туралы былай дейді: «Төрт том «Абай жолы» үшін жинақтап, жинап және сұрыптап пайдаланған материалымнан әлі де дәл осындай төрт кітапқа жететін материал пайдаланылмай, артық қалды».

Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітім, тұлғасын қалыптастырумен бірге оның ішкі мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаның тек өзіне ғана тән, өзгелерде жоқ психикалық ерекшеліктері болуы шарт.

Мінез адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. Мысалы, Ғ. Мұстафин «Дауылдан кейін» романын жазу үстінде бар күшін кейіпкерлерінің біріне-бірі ұқсамау жағын қадағалауға жұмасағанын айтады.

Бейнелеу – образдылық болса, бейне образ. Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті. «Талантты жазушының әр образы тип» дейді Белинский.

Типтің түрі мен мазмұнында «жалпы» мен «жалқының» бірлігі жатыр. Мәселен, әдебиеттегі бір байдың образы өмірдегі бірнеше байдың, бір кедейдің образы бірнеше кедейдің ең елеулі ерекшеліктерінен құралады да, тип болады. Құнанбайды алып қарасақ, бүкіл ішкі сыртқы бітімі ешкімге ұқсамайды, әбден дараланған, мінез құлқы, іс-әректі, ақыл-парасаты бірегей, бөлек. Бұл ретте Құнанбай - жалқы тұлға. Сонымен бірге, ол әбден жинақталған, сол дәуірдегі өмір кешкен бай-шонжарлардың бәріне ортақ мінез, бітім әрекет, бар. Бұл ретте Құнанбай – жалпы тұлға, бүтін бір әлеуметтік ортаның әр қилы өзгешеліктерінің жиынтығы. Көркем әдебиеттегі типтік образдарға қарап отырып белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі қоғамдық дамудың негізін байқауға болады. Мысалы, М.Әуезовтің Абай бейнесі арқылы қазақ қоғамындығы жаңалықты, ұнамды қасиеттердің бір алуанын байқауға болады.

Көркем әдебиеттегі жинақтау – типке әкелсе, даралау – мінезге әкеледі. Образ осылай туады.

Мінездеу. Тура және жанама мінездеу

Мінезді жазушы іс жүзінде әр түрлі тәсілмен жасайды. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы берілген мына мінездеулер – **тура мінездеудің үлгісі:** *«Сүйіндік – жалтақ, Байдалы – табанды, қырыс адам, Бөжей – сырбермес, Қаратай – жеңген топтың жақтасы, Майбасар, Ызғұтты, Шұбар, Жиренше, Жұмағұл, Тәкежан, Әзімбай – мансапқорлар, Оразбай – жауыздық иесі».* Бұл тура мінездеу.

Тағы бір тәсіл - жанама мінездеу. Мұнда төтесінен сипаттамайды, жазушы суреттегісі келген кейіпкерінің мінез-құлқын әдет-ғұрпын анықтағысы келген кейіпкердің өзін емес, соның қатысы бар өзге заттарды суреттеу арқылы әлгінің өз құлқын не ғұрпын айқындайды. Мысалға, О.Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат» әңгімесіндегі мінездеу: *«...Тортай таскүрені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты.Бұдан бұрын да осы жерге келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым.Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген.Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдында ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап май шам қойыпты.Тастан қаланған жер ошақта маздап жанған от.Сіркіреп жаңбыр жауды.Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады».* Бұл – жанама мінездеу.

Адамның сезімін, күйіну не сүйіну халін суреттеу - образ жасаудың тағы бір тамаша тәсілі. Бұл – орасан қиын тәсіл, кез келгенге меңгертпейді, оны тек тарлан таланттар ғана игере алады. С.Жүнісовтің «Ақан сері» романынан алынған үзіндіден мінездеудің осы бір үлгісін көре аламыз;

«...Ақтық рет ышқынып, басын көтеріп алған Құлагер сары аттан домалай түсіп, тізерлеп отыра кеткен Ақанның құшағына жағын төседі. Иесінің үсті де шылқылдаған су екен. Ағыл-тегіл боп аққан көз жасына малып алғандай. “Айдалада жалғыз қалдырмай, жеттің бе, үлгердің бе? Менің қазам енді жеткен шығар, ризамын саған, бақыл бол!” деп кісінеген Құлагердің ашық қалған көзінде мөлтілдеген жас төгілмей тұнып тұр. Ақанның көзінен бір тамшы жас өлі көзге үзіліп түскенде, жан біткендей дір етті. Ақан аһ ұрып, он жыл серік болған аяулы досының жансыз көзін жапты.»

Әдебиеттегі адамның ішкі бітімін оның өзін сөйлету арқылы да ашуға болады. Әркімнің сөзі арқылы өзін танимыз. Мысалы, Б. Майлиннің «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» деген әңгімесіндегі Дайрабайдың сөзінен-ақ оның қандай адам екенін танып-білеміз:

«-Менің сұрауым бар, -деп түксиген қара кісі орнынан ұшып тұрды. Елтірі қара тымақты партаға алып ұрды. Бұл Дайрабай еді.

-Ұа, жолдас, “Көк сиырдың дауы» деп жұрт күлер. Жұртқа күлкі болғанмен маған күлкі емес, мен жолсыз істі айтпай тұра алмаймын. Жүздерін жырта-жырта айтамын!-деп бастады Дайрабай.

-Апырым-ау, енді сөйлейін де... “Ерік» дегені қайда осы? Өкіл жолдас, мыналарға айтсаңызшы: сөзімді бөлмесін, -деп Дайрабай бұрынғыдан да ашуға мінді».

Демек, бұл да әдеби шығармадағы адам мінезін жасаудың, типтік тұлға қалыптастырудың тағы бір әсем тәсілі.

Жоғарыда аталған тәсілдердің барлығы да бірін-бірі толықтырып, бірінен бірі туып, біріне-бірі жалғасып жатқан дүниелер.

Бұлармен қатар көркем шығармада адамның қымыл-әрекеті суреттеледі. Олар да ұштасулар, жалғасулар, тұтасулар арқылы көрсетіледі. Жазушы өз кейіпкерінің қимылын жеке-дара алмай, оның сөйлеген сөзімен ұштастыра суреттеп, оған өзінің авторлық көзқарасын (эстетикалық бағасын) білдіргенде, оқырман бұл кейіпкердің кім екенін, қандай мінез-құлықтың адамы екенін бірден біліп алады: *«Олар далаға шыққанда түйенің жарты етіндей біреудің шайдан қалған суды төбесінен төмен қарай сарылдатып құйып тұрғанын көріп, әрі сасқаннан, әрі қорыққаннан жүректері көмейлеріне кептеліп, үн шығара алмай қалды. Бейтаныстың қаперіне дәнеме де кіріп шығатын емес. Киім атаулыдан үстінде әбүріін жасырып тұрған бір жапырақ қана көк шүберегі бар. Суды асықпай құйып болып, басын рақаттана шайқайды да, күнге қара қайыстай денесін алақанымен шапаттап қойды. Осы шайлада біреу-міреу бар-ау, иесі көрсе ыңғайсыз болмас па екен деп ойлау жоқ, теріс қарап тұрған бойы шелекті иілместен жерге тастай салды да, құлқайырға іліп қойған дағарадай ши қалпағын алып басына киді. Екі иығына екі кісі малдас құрып отырардай арбиған неме екен, осы бетімен ішке кірмек болса, шайланы мойнына іліп кететін түрі бар».* (Д.Исабеков «Дермене» повесі)

Әдебиеттегі адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері көп және әр алуан. Жазушы тек шын мәніндегі шебер болса, сонда ол қолданған әрбір амал адам образын ашуға қызмет етеді.

Әдебиеттегі адамның ішкі бітімімен қатар сырт келбетін де (портретін) осы тұрғыдан түсіну керек. **Оқырман көркем шығармадағы кейіпкерлердің мінезін біліп, сөзін естумен қатар оның сырт пішінін, кескін-кейпін де көргісі келеді. Портрет тәсілі осыдан туады.** Сөз өнеріндегі *портрет*, ол – бір қалыпты қатып тұрып қалмайтын, өзгертін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін: *«Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұрынды, шоқша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек, жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз-қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады»* (М. Әуезов «Қорғансыздың күні»).

Мұнда бейне, келбет әр күйге бір түсіп, біздің көз алдымызда құбылып тұр. Кейіпкердің сырт пішінінің өзінен-ақ ішкі мінезін аңғарамыз. Портрет те образ жасаудың өзгеше бір тәсілі, жолы, амалы. Бұған да айрықша суреткерлік, шеберлік керек. Портретте адамның анатомиясы түгел қамтылуы шарт емес, тек бір ерекше сипаты ғана нақты, затты, қысқа, қызық суреттелгені жөн. Сонда ғана портрет ұтымды шығады: *«Оның беті теріге тапшы болатын, сондықтан көзін ашу үшін аузын жабуы, аузын ашу үшін көзін жұмуы керек еді»* (А. Чехов).

Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністері де (пейзаж) адам образын толықтыра түсетін тәсіл деуге болады. Өйткені адамның сыры мен сезімінен, өмір тіршілігі мен көңіл-күйінен тыс ешқандай пейзаж болмайды: *«Кешкі ымырт тез тұтасып, төңірек тұнжырай бастады. Еламан ертең болмаса, ауды бүгін басқа жерге аударып салуға үлгере алмасын білді. Шынында, бұл кезде батып бара жатқан күн алыстағы жалдың біріне иек сүйеп, еңкейіп қалған еді. Құбыла бет тұтас қызарып, жел жыртып дода-додасы шыққан бұлт батар күннің шапағатына бауырын бояп алаулап атты».* (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» романы)

?! **Тапсырмалар**

- 1) З. Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулығы бойынша 94-98 беттерді конспектілеңіздер. Көркем шығармалардан детальға 5 мысал теріп жазыңыздар.
- 2) «Образдың жасалу тәсілдері» тақырыбына презентация әзірлеңіздер.

3 Образ түрлері

Образдың жасалу тәсілдерне лайық оның түрлері туады. Образдың түрлерін белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторлары бар.

1. Көркемдік әдіс тұрғысынан образ екі түрлі: романтикалық образ, реалистік образ.

Романтикалық образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең көне түрлерінің бірі. Бұл образдың алғашқы үлгілері мифтерде және халық ауыз әдебиетінде жатыр. Романтикалық образдың негізінде қиял жатады, сондықтан бұл образ өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке көбірек негізделеді. Қазақ әдебиетіндегі романтикалық образдың ежелгі түрі халық ертегілері мен

аңыздарында, батырлық дастандары мен тарихи жырларында жасалды: Желаяк, Көреген, Сакқұлақ, Таусоғар, Алдар Көсе, Алпамыс, Қобыланды және т.б.

Романтикалық образ – қай жанрдың туындыларында болса да молынан кездесетін, образдың дәстүрлі, қалыптасқан түрі.

Романтикалық образдың жасалу ерекшелігі		
Прометей (грек әдебиеті)	Асан Қайғы (қазақ әдебиеті)	Данко (орыс әдебиеті)
Халық үшін жанын құрбан еткен асқақ арманның адамдары		
Қараңғы қауымның зердесін жарық сәулемен жадырату ойымен тәңірінің отын ұрлап, жартасқа шегеленеді.	Қалың елге қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын құтты қоныс іздеп, жиһан кезеді	Дүйім жұрт душар болған түн түнегін серпу үшін өзінің өртті кеудесін өзі сөгіп, шұғыла шашқан отты жүрегін жұлып қолына алады.
Ақиқат өмірде қолдан келетін нәрсе емес, бірақ ұғымға сыйымды. Болған нәрсе емес, бірақ нанымды.		

Реалистік образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, шынайы түрі. Бұл – кәдімгі өмірде болған, бар және бола беретін, бірақ қайталанбайтын, әрқашан тың қырынан көрініп, жаңарып отыратын тип.

Реалистік образ – нанымды образ: оның мінез-құлқы, іс-әрекеті, оны қоршаған орта, оның басынан өтетін оқиға өлшеулі, мөлшерлі. Өйткені суреткер шыншыл образ жасау үстінде өзін шындық шеңберінен шығармайды, өзін-өзі меңгеріп, қажетті жерде ылғи іркіп отырады.

Реалистік образ – типтік образ, өйткені өнердегі шыншыл образ бір адамнан ғана көшірілген жоқ, бірнеше адамнан жинақталып және творчестволық қиялға суарылып шығарылған.

Реалистік образды романтикалық образға қарсы қоюға болмайды. Екі образ бірін-бірі толықтыра, бір эстетикалық мұрат мақсатында қатар өмір сүреді.

2. Әдеби тек тарапынан образ үш түрлі: эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ.

Эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип.

Эпикалық образ – бедерлі бейне; әрі нақты, әрі затты тұлға; кәдімгі тірі кісідей өзін көзбен көруге, сөзін құлақпен естуге, мінезін ұғуға, қимылын бақылауға болатын, бүкіл өмір жолын бар бұралаңымен байқауға, өскен ортасын барлық ой-қырымен байыптауға болатын күрделі, кесек қаһарман.

Лирикалық образ – сыршыл, өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер. Эпикалық образ нақты болса, лирикалық образ – шартты.

Драмалық образ – сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын көркем бейне. Драмалық образды біз тек қана сахнадан, актерлердің ойындары арқылы жүзбе-жүз көріп, танимыз. Әр образ өзін жасаған актермен бірге кетеді, көрген адам

санасында тек әсері мен елесі ғана қалады. Драмалық образ шиеленіскен тартыстар мен қым-қиғаш қимыл-әрекеттер арқылы жасалады. Драмалық образ оймен қатар іске, сезіммен бірге қимылға құрылады.

3. Жасалу тәсіліне қарай образ: юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ және т.б. бөлінеді.

Әдемілік туралы ілімде бірнеше (комедия және трагедия, героика және фантастика тәрізді) эстетикалық категориялар бар. Комедия ақиқат шындықтағы немесе адам мінезі мен бітіміндегі күлкілі жайлардан, трагедия - қайғылы құбылыстардан, героика – асыл, аяулы қасиеттерден, фантастика – асыңқы, асқақ әрекеттерден туады. Осы тәсілдердең әрқайсысына лайық геройлық, трагедиялық, фантастикалық образдар болатыны сияқты, комедиялық тәсіл арқылы көркем образдың юморлық және сатиралық түрлері жасалады.

Юморлық образ – күлкілі кейіпкер. Күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады. Юморда күлкілі құбылыстардың ең майда, зиянсыз түрлері алынады.

Юмордағы күлкі – **әзіл**; ал әзіл келемежге айналса – **ирония**, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе – **сарказм** болғаны.

Х. Ерғалиевтің «Үлкен жолдың үстіндегі» бас кейіпкері – юморлық образ:

Жігіттердің алдында
Одан асқан қылжаң жоқ.
Әйелдердің алдында
Одан момын бір жан жоқ.

Шынын айтар алдында
Шылым тартып алатын.
Өтірік айтар алдында
Бір жөтеліп қалатын.

Бұл жолдарда юмор бар да, сын жоқ. Ақын өзі де күліп, өзгені де күлдіріп, сол күлкі арқылы ақ жарқын, көңілді кейіпкердің кейбір қылығын зілсіз ажуалап, мінезін аша түсіп отыр.

Сатиралық образ – ұнамсыз тип. Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді.

Сатираның юмордан айырмашылығы	Сатираның юмормен бірлігі
Қаламгер сынап отырған адамына жаны ашымайды, оның мінін түзеу, өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі жоқ. Юморда түзеу мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ қылу мақсаты жатады.	Екеуінде де күлкі бар. Шындыққа негізделген шынайы күлкі, жасанды, қылжақ емес, табиғи күлкі.

Сатиралық образ жасаудың тәсілдері әр түрлі; солардың бірі – ирония – кемшілікті, мінді астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету; гротеск (ұлғайту); пародия.

Фантастикалық образ – қиялдан туған қаһарман, адамның ақиқатқа ұқсас арманында бедерленген бейне.

Қай халықтың сөз өнері болсын, оның ең байырғы түрлерінің бірі – қиялға негізделетін ертегі. Фантастикалық образ құр қиял ғана емес, көпке ортақ биік мақсаттарға, асқақ армандар мен асыл мұраттарға тамыр тартады.

☺?! *Тапсырмалар*

1) Романтикалық және реалистік образға салыстырмалы талдау жасап, Венн диаграмасын әзірлеңіздер.

2) Эпикалық, лирикалық, драмалық образдарға 10 мысалдан келтіріп жазыңыздар.

3) Соңғы оқыған көркем шығармадағы образдарды жасалу тәсіліне қарай топтастырыңыздар

4 Мазмұн мен пішін. Тақырып пен идея

Дүниедегі қандай бір заттар мен құбылыстар болса да мазмұн мен форманың тұтастығынан тұратындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген жай. Көптеген ғалымдар көркем шығарманың мазмұны мен формасын бір-бірінен бөлмей, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын, бірімен – бірі тығыз байланысты, бір нәрсенің екі қасиеті деп біледі. Мазмұн, белгілі бір форма арқылы көрінсе, форма белгілі бір мазмұнды айқындайды, яғни форма мазмұнды жарыққа шығарады, оны жұртшылыққа түсінікті айқын етіп жеткізеді. Сонымен әдеби шығарманың мазмұны - өз эстетикалық идеясының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір, пішіні – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яғни әдеби қаһармандар өмірі. Мазмұн әлеуметтік категорияға жататындықтан да, қоғам өзгеруіне орай ол да өзгеріп, жаңа сипат алып отырады. Жаңа мазмұн жаңа форманың тууын талап етеді. Бірақ жаңа форма бір дегеннен туа қалмайтындықтан да алғашқы кездерде жаңа мазмұнның өзі уақытша болса да ескі форма арқылы көрініп отырады. Осы кезде мазмұн мен форма арасында алшақтық тууы да мүмкін. Жаңа мазмұнды ескі форма айқын көрсете алмаса, оның маңызын жояды. Мұндай жағдайда жаңа мазмұнға жаңа форма керек. Жаңа мазмұн жаңа форманы туғызғанда бұрынғы бар ескі формалардың негізінде, өңделіп, жарық көріп отырады. Сонымен жаңа форма бұйрықпен немесе жеке адамдардың тілегі бойынша жасалынбайды. Ол қажеттіліктен, творчестволық іздену арқылы бірте-бірте жасалады. Әдебиеттің көркем формасы әр халықтың өмірі, тіршілігі, мінез өзгешеліктері, әдет-дәстүрлерімен тығыз байланыста болады. Қазіргі кезде жалпыға ортақ әдебиет формасы саналатын жәйттер бір кезде мазмұн болған. Мысалы, қайта өрлеу кезінде пайда болған новелла жаңалық, хабар сипатында көрінген.

1. Мазмұн мен форма жайын сөз еткенде, бірінші - мазмұнның бірнеше формасы болатыны. Өмірде де, өнерде де солай. Мысалы, совет халқының Ұлы Отан соғысының ғылым мен әдебиеттегі пішіндерінің әр

алуандығын өз алдына қойғанда, бір ғана сөз өнерінің өзінде, айталық, Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңызы» мен Хамит Ерғалиевтің «Әке сырындағы», яки поэзиядағы пішіні бір бөлек. Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқасы» мен Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндеріндегі», яки прозадағы пішіні бір бөлек болса, Мұхтар Әуезов пен Әлжаппар Әбішевтің «Намыс гвардиясындағы», яки драматургиядағы пішіні өз алдына бөлек.

2. Сонымен қатар мазмұнға қарағанда форманың өзгерімпаздығы. Өмірде де, өнерде де солай. Айталық, махаббат. Бұл-өмірде тұрақты шындық, өнерде мәңгілік тақырып. Абай әдемі айтқан:

Махаббатсыз – дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар.

Бірақ өмірдің осы шындығының өнерде көркем жинақталуы пішіні әр дәуірде әр алуан. Мәселен, қазіргі махаббатты баяғының Ләйлі – Мәжнүнінің немесе Қыз Жібегі мен Төлегенінің арасындағы сезімдерше суреттесе, осы дәуірдегі мазмұнға мұндай пішін сай келмеген болар еді.

3. Бір мазмұнның өзі әр дәуірде әр түрлі формаға көшіп отырады. Мазмұн мен форма тарихи категория. Әрбір жаңа дәуірде көне мазмұн тың пішін тауып, жаңғырып, жасарып қана қоймайды, әр дәуір өз шындығын, демек, өз мазмұнын ала келеді. Мәселен, ғасырлап бойы үнсіз мүлгіп, тылсымдай тынып, құлазып жатқан қазақ даласына Қазан революциясынан кейін күре тамырдай тарамданып темір жол жосылды да, оның бойымен бұрынсоңды бұл маң көрмеген жаңа көлік – поезд жүйткіді. Бұл - өмірдегі жаңа шындық болса, өнердегі – жаңа мазмұн.

4. Жаңа мазмұнға жаңа пішін іздеуге әбден болады; бірақ пішін іздеу бар да, құр пішінділікке (формализмге) салыну өз алдына басқа.

Сонымен, әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі дегеніміз сөз өнеріндегі орасан маңызды заңдардың бірі, өнер туындысының көркемдігі үшін ауадай қажет жағдай боп табылады. Көркем шығармадағы мазмұн мен форманың бірлігі – оның эстетикалық бағалылығы.

Әдебиеттегі мазмұн мен форманы көркем шығармаға көшірсек **шығарма мазмұны** – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да **форма** - әдеби қаһарманның өзара қарым-қатынасына, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, композиция және жазушының өмірді өнерге айналдырған ең негізгі құралы – суретті сөзі, көркем шығарманың тілі.

Тақырып - өнер туындысының іргетасы.

Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дейді.

Тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, **идея** – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.

Тақырыптан идея, идеядан тақырып туады.

Үйдің қабырғасын салып, төбесін жаппас бұрын іргетасы қаланатыны секілді, көркем шығарманың туу процесі де тақырыптан басталатыны даусыз. “Бәрінен бұрын тақырып пайда болады,— дейді Валентин Катаев,— пайда болады да, жазушыны азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға

орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып, тұтаса береді”.

Жазушыны өмірде болатын кез келген құбылыс жаппай қызықтыра бермейді. Ол өз мақсатына керек құбылысқа ғана қызығады. Болашақ көркем шығармаға негіз болатын да сол — суреткер қызыққан құбылыс.

Жазушы өз шығармасына тақырып етіп өмір құбылыстарын таңдап алғанда, оларға өзінің бағасын береді; ол бағада жазушының дүниеге көзқарасы жатады. Өмірге үн қосу әрекетінен келіп әр жазушының әр шығармасының идеясы туады.

Мазмұн мен пішіннің байланысы секілді тақырып пен идея да әрқашан бірлікте болады. Тақырыптан идея, сондай-ақ идеядан тақырып туып жатады. Идеясyz тақырып, тақырыпсыз идея болуы мүмкін емес.

Тақырып пен идеяның бірлігі туралы сан ғасыр бойы суреткерлер мен ойшылдар айтқан аса кемел пікірлер көп. Мәселен, ХІХ ғасырда Белинский көркем шығарманың идеясын “оның өн бойында желі тартып жатқан ой мен сезімнің мығым бірлігі” деп белгілесе, Ғамзатов шығарма идеясын оның тақырыбына тамаша тапқырлықпен нұсқалы әрі ұтымды көшіріп әкетеді: “Ой мен сезім — күс десек, тақырып — аспан; ой мен сезім — бұғы десек, тақырып орман; ой мен сезім — елік десек, тақырып — тау; ой мен сезім — жол десек, тақырып — сол жол алып баратын шаһар”.

Суреткердің шығарма жазар тұстағы творчестволық толғаныстарының түпкі түйіні — ой өзегі (замысел). Ой өзегінде жазушының тақырып тауып, идея туғызудағы түбегейлі мақсаты, яки творчестволық концепциясы жатады. “Ой өзегі — шығарманың негізгі арқауы» (А. Толстой).

Әр жазушыда әр шығармасын жазар алдында осындай ой өзегі болмаса, оның шығармасында оқырманға қажет өмірлік өзекті мәселе де болмайды және ондай шығарма қалың көпшіліктің қаламгер алдына қояр заңды сауалына жауап та бере алмайды. Ал “сауалы жоқ немесе сауалға жауабы жоқ шығарма — өлі шығарма” (Белинский).

Кейде, шартты түрде, шығарманың тақырыбы — сауал да, идеясы—жауап деуге болар еді. Бір сауалдың бір емес, бірнеше жауабы болатыны секілді, бір тақырыптан бір емес, бірнеше идея тууы мүмкін.

Мысалы, ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарында бірнеше орыс жазушысы бір ғана тақырыпқа бірнеше роман жазды: Тургеневтің “Әкелер мен балалары», Гончаровтың “Жарқабағы”, Писемскийдің “Тулаған теңізі», Лесков-Стебницкийдің “Барар жер жоғы», Чернышевскийдің “Не істеу керегі» т. б.— бәрі сол кездегі Россияны түгел қамтыған революциялық-демократиялық-қозғалысқа, атап айтқанда, нигилистерге арналды. Бірақ осы бір ғана тақырыптан туғызған әрқайсысының идеясы әр тарап, бір-біріне қарама-қарсы: “жаңа адамдар” атанған әр лауазымды күрескерлерді бірі жан сала жақтаса, олардың геройлық образ ретіндегі үлгілерін жасаса, бірі “басы артық адамдарға” әшейін іштей тілектестіктен әріге бара алмайды да, енді біреулері оларға ымырасыз қарсы шығып, тіпті жала жабады, жазғырады, нигилистердің сатиралық типін жасамақ болады. Мұның бәрі — әр тарап дүние танымға негізделген идеялық қарама-қарсылықтар.

Дүние танымы бір, әлеуметтік көзқарастары ортақ бірнеше суреткер бір тақырыпқа жаза қалса, әрине, олар да идеялық жағынан бірін-бірі қайталамауы қажет, әр-қайсысы өзінше тың, нұсқалы идея туғызуға тиіс. Мәселен, Мұқановтың «Ботакөзі», Есенжановтың «Ақ Жайығы», Нұрпейісовтің «Қан мен тері» — бір тақырыпқа — тарихи-революциялық тақырыпқа — жазылған романдар. Әр романның идеясы өзінше, нұсқалы, бірін-бірі қайталамайды және әр жазушының ортақ, тақырыптан туған идеяны көркем жинақтау мәнері өзінше, машығы бөлек, бұл реттен де бірін-бірі қайталамайды. Демек, бұл арада да бір тақырыптан біреу емес, бірнеше идея туып тұр. Бірақ бұлар бір-біріне кереғар жатқан жоқ. Өйткені бұл жазушылардың әрқайсысының о бастағы ой өзегі бір-біріне бағыттас, ұқсас, сыбайлас. Сондықтан бұл — идеялық қарама-қарсылық емес, бірлік: дүниеге көзқарастары бір тұрғыдағы бірнеше жазушының бір тақырыптан бір бағытта, бірақ әрқайсысы өзінше, бірін-бірі толықтырар бірнеше идея туғызуы. Бұл өзгешеліктің түп-тамыры әр жазушының тек өзіне ғана тән дара қасиетінде, ешкімге ұқсамайтын өзіндік творчестволық ерекшелігінде жатыр. Сондықтан әр жазушы бір тақырыпты әр қырынан жарқыратып ашып, оған әрқашан жаңа, жас мазмұн мен пішін бере білген.

Шындық — күрделі болса, одан туған шығарма да — күрделі. Өмірдегі оқиғалар шым-шытырық болса, оны суреттеген шығарманың мазмұны да әр алуан. Демек, бір әдеби шығармада бір ғана тақырып және бір ғана идея болуы шарт емес. Проза мен поэзияның шағын түрлерінде, әрине, солай болуы мүмкін. Ал көлемді, кесек шығармаларда, әсіресе орта, немесе кең көлемді эпикалық түр туындыларында бір емес, бірнеше тақырып, бірнеше идея болады. Бұлардың әрқайсысын өз алдына бөлек — бұтарлап әкетіп, жеке-жеке мән, мағына беретін кездер де болады. «Рюи Блаздағы» — депті Виктор Гюго, — философиялық тақырып — биікке ұмтылған халық; адамдық тақырып — әйелді сүйген еркек; драмалық тақырып — ханымға ғашық малай».

Бұл арада В. Гюго өзінің бір пьесасындағы бірнеше тақырыптың тек екеу-үшеуін атап отыр. Осы секілді бірнеше тақырып немесе бірнеше идея көлемді шығармалардың, көбінен кездеседі.

Көркем шығарманың идеялық-тақырыптық негізінің күрделілігі, яки көп проблемалылығы (З. Қабдолов «Сөз өнері»)

“Абай жолының” тек бас жағын ғана бажайлап қарайықшы. Оқудан елге оралған шәкірт Абай өзін қаладан алып қайтқалы барған Байтас пен ауасын ең жорға Жұмабайдан оқ бойы алда келе жатқан күйі, даланың таза ркінін сіміре жұтып, рақатта серпіліп “кей-кейде өзіне таныс Қөкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтар-дың тұс-тұсына келгенде, оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып алады”.

Осы эпизодтың өз **тақырыбы (туған жер)**, өз **идеясы (сағыныш)** бар.

Одан әрі: осы жүргіншілер Көлқайнардағы Құнанбай аулына келіп, Абай өзін күткен апа-жеңгелерінің, Айғыз бен Ұлжанның, әжесі Зеренін, құшағына кезек-кезек кіріп, “өзін; шын балаға айналдырып жіберген» қалың, сүйіске малтиды да қалады.

Бұл эпизодтағы **тақырып — ана, идея — мейірім.**

Енді бірде аналар арасындағы “еркін, ойнақы, бала мінездің, бәрін” пышақ кескендей тыйып, Абайды Құнанбай шақыртады. Абай дереу бойын жиып ап, әкесі отырған үлкен үйге келеді. Бұл үй шешелер үйіндей көңілді емес, ызғар шашқандай салқын түнжыраған үнсіз.

Бұл эпизодтағы **тақырып — әке, идея — тоңмойын қаталдық.**

Бұдан былайғы эпизодтар да осылайша әрқайсысы бір тақырып пен бір идея құрап, өз ара тұтасып, өріліп, өрби береді. Сонда байқасақ, бір шығармада бірнеше тақырып, бірнеше идея болып шығады.

Алайда көркем шығармадағы тақырыптар мен идеялар қанша көп болғанмен, олардың бәріне ортақ желі, бәріне дәнекер бірлік болады. Ол бірлік — идеялық бірлік. Оның өзі шығармаға арқау боп отырған шындықтан туады. Барлық жекелеген тақырыптар мен идеялар бірімен-бірі тоғысып, ұштаса жалғасып кеп, ақыр аяғында бір сағаға сарқып құяды. Осыдан келіп, оқырманда дәл осы шығармаға деген бүтін, тұтас бір көзқарас туады да, нәтижесінде шығармадағы орталық, өзекті мәселе айқындалады. Айталық, Пушкиннің “Евгений Онегиніндегі» ең өзекті мәселе — XIX ғасырдың, 20-жылдарындағы дворян қоғамының рухани дағдарысы. Ғ. Мүсіреповтің “Қазақ солдаттындағы» ең өзекті мәселе — совет адамдарының моральдық-саяси бірлігі, совет жауынгерлерінің соғыстағы қаһармандығы; Ғ. Мұстафиннің “Миллионеріндегі» өзекті мәселе — колхозды ауылдағы социалистік енбектің салтанаты.

Бір шығармадағы бірнеше және әр алуан жеке тақырыптар мен идеялардың басын бір жерге қосып, ір арнамен өрбітіп тұрған бірегей, өзекті мәселені негізгі идея дейді.

Жазушының ой өзегі әрқашан қаз-қалпында көркем идеяға айнала қоймайды. Осыдан келеді де әр шығармадағы авторлық және объективтік идеялар туралы ұғым туады.

Авторлық идея – суреткердің о астағы ой өзегі; объективті идея – нақты шығармадан туатын мақсатты нәтиже. Бұл екеуі ылғи бірдей бола бермейді. Дәлірек айтқанда, автор өзінің ойға алғанын жазу үстінде дәл өз ойындағыдай жинақтай беруі қиын. Кейде тіпті авторлық идеяға объективтік идея кереқар кеп, қарама-қарсы шығуы да мүмкін.

☺?! Тапсырмалар

1) Ұсынылған үлгі бойынша өз мысалдарыңызды келтіріңіздер:

Шығарма	Мазмұны	Пішіні
С. Мұқановтың «Ботакөз» романы	Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы	Көркем жинақталған әдеби қаһармандардың (Асқар, Ботакөз, Амантай және т.б.) күрес пен тартысқа толы тағдыр тіршілігі

2) Бір мазмұнның бірнеше пішіні болатынына дәлел келтіріңіздер.

3) Бір шығармада бірнеше тақырып, бірнеше идея болуына өз мысалдарыңызды келтіріңіздер.

5 Сюжет пен композиция

Композиция – латынша «құрастыра, қиыстыру» деген мағына береді. Бұл көркем шығарманың құрылысы. Композиция тек формаға ғана байланысты ұғым емес, мазмұнмен де тікелей байланысты. Сонымен қатар көркемдік түрлердің орналасуы және ара қатынасы, яғни шығарманың мазмұны мен жанрынан өрбитін туынды құрылысы. Композиция шығарманы біртұтас дүниеге айналдыруға ықпал етеді.

Композиция пішіндік бөлшектерді тұтастырып, идеяға бағындырады. Композиция қағидалары – эстетикалық таным: қорытындысы, олар ақиқаттың тереңде жатқан өзара, байланысын танытады. Композиция өзіндік мазмұнға ие, оның құралдары мен тәсілдері суреттелген құбылысты қайта жаңғыртып, мәнін тереңдетеді.

Бұларды және жеке-жеке емес, бір тұтас композициялық ұстаным негізінде шешуге тура келеді. Кейбір ғалымдар мұндай ұстанымды «архитектоника» деп атайды. Бұл сөз гректің «архитектура – сәулет өнері» деген сөзінен туындайды. Белгілі бір дәрежеде жазушылар да сәулетшілер сияқты, олар да болашақ туындысының жоба-жоспарын алдын – ала белгілейді. Архитектоника алдын-ала түйсіну арқылы пайда болса, ең жақсы композициялық шешімнің өзі алдын-ала жасалған «есеп қисапқа» көне берместен, шығармашылық үрдісте ғана толық шешімін табады.

Композиция – шығарманың сюжеттік – баяндаушылық жағымен қоса, оның образдық бітімін, характерлер сипатын да қамтитын ұғым. Әдеби қаһарман белгілі бір дәрежеде өзге кейіпкерлермен композициялық салыстырулар жасау арқылы да ашылады. Әдебиеттің түрлі тектері мен түрлеріне қатысты композициялық заңдарының айырмашылықтары болуы да тосын жәйт емес. Мәселен, поэзиялық шығармаларда композиция бөлшектерінің қатарына өлең, шумақ та жатады. Драматургияда басты рольді диалог атқарады, сипаттау мен мінездеулер қысқа ремарколарға сыйғызылады. Қалай болғанда да, кез келген жанрдағы туынды да шынайы көркемдік тереңдік композиция құрылымына сөз араласқанда ғана игерілмек. Ал, көркем шығармадағы сөз дегеніміз – автордың дара тілі, өзіндік стилі.

Композицияның ішкі міндетіне көркем ой мен сезімнің үздіксіз қозғалысын реттеу жатады. Ол үшін композицияның әрбір бөлшегі бір-бірімен тығыз байланыста болуы шарт.

Эпикалық шығармада жиі кездесетін композициялық бөлшектердің бірі – лирикалық шегініс.

Лирикалық шегініс – эпикалық шығарма авторының ойы мен сезімінің шығармада тікелей көрінуі.

Кейде лирикалық шегініс арқылы жазушы кейіпкерлер мен олардың әрекетіндегі өзінің бағалануына ең маңызды деген тұстарға оқырман назарын аударуға, әсерлілігін арттыруға ұмтылады.

Кейде бір кейіпкерлерге бағытталған лирикалық шегініс басқа бір кейіпкердің ой-сезімімен астасып жатуы мүмкін, бірақ оқырман бұл үлгідегі лирикалық шегіністі де автордың ой мен сезімнің көрінісі деп қабылдайтыны белгілі.

Кейде автор лирикалық шегіністі өз шығармасының сипаты мен міндетін хабарлау мақсатында пайдаланады.

Оқшау (кірме) эпизодтар – шығармада баяндалатын негізгі оқиғаға тікелей қатысы жоқ көріністерді атайды. Кейде оқшау эпизодтарда лирикалық шегініс сияқты шығарманың идеясын, пафосын түсіндіру үшін пайдаланылады.

Көркемдік аңдату – жазушы алда болатын оқиғаны барынша терең түсіндіру үшін оны алдын-ала соған ұқсас көріністер арқылы аңғартатын тәсілді айтамыз.

Пейзаж – шығармада табиғат көрінісінің бейнеленуі. Мұнда қандай да бір көркем шығармадағы өзге де көркемдік құралдармен қатар өзіне тән көркемдік-идеялық мән атқаруға тиісті пейзаж туралы. Пейзаж шығарманың тұтас идеялық-көркемдік мәніне қызмет ету үшін де, сондай-ақ шығармадағы жекелеген көріністерге, оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты да қолданылы береді.

Интерьер – шығарма кейіпкерлерінің тұрмыс-тіршілігіне қатысты түрлі заттар мен құрал-жабдықтардың бейнеленуі. Интерьер, көбінесе тар ауқымда, яғни жекелеген кейіпкерлерге қатысты ғана қолданылады.

Сонымен қорыта айтар болсақ, композициялық бөлшектер мен сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп тұратын нәрсе – шығарманың композициясы. Ал, композициялық шеберлік - шығармадағы барлық бөлшекті бір ғана бүтінге тұтастыру, бәрін бір ғана нәрсеге- негізгі идеяға-бағындыру.

Фабула – бұл латынша-әңгімелеу, баяндау, тарихтап айтып беру-көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау. Біз шығарманы алғаш оқығанда оның жалпы фабулалық желісін тез қабылдаймыз. Ал, сол шығарманы қайтадан оқитын болсақ, шығармадағы суреттелген әрбір әрекеттің, оқиғаның, құбылыстың мәніне тереңдеп үңіле бастаймыз, соның нәтижесінде санамызда сюжет жайлы түсінік пайда болады.

Фабула (лат. *Fabula* — аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) — көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу. Фабула сюжетпен көптеген өзіндік ерекшеліктерімен өзгешеленеді:

- оқиғаны мазмұндау, баяндау тәсілімен, яғни оны өмірде болып жатқан рет-ретімен емес, авторлық шегіністер, орын ауыстырулар арқылы беру (Ш.Айтматов, "*Боранды бекет*"«).

- болып жатқан оқиғаға қатыстылығымен. Мұның бірнеше жолы бар: алғашқысында автордың оқиғаға қатыстылығы сезілмейді (М.Әуезов, "*Қилы заман*»), енді бірде айтушы оқиғаның ортасында жүреді (Ғ.Мүсірепов, "*Қазақ солдатты*»).

- Шығарманың белгілі бір формада баяндалуы, мысалы, естелік (Ғ.Мұстафин, "*Көз көрген*»), күнделік (Ә.Сәрсенбаев, "*Офицер күнделігі*»), Ф.М. Достоевский, "*Бейшара жандар*»), т.б. фабулалық тәсілдерді қолдану

арқылы автор оқиғаның баяндауын бірде үдетіп, бірде бәсеңсітіп отырады, кейіпкер көңіл-күйінің қалтарыстарын ашып, образды жан-жақты ашады

Сюжет – француз тілінде «зат» деген ұғымды білдіреді. Ол-эпикалық және драмалық, кейде лирикалық шығармаларда қозғалыс үстінде көрінетін оқиға барысы, әрекет дамуы. «Сюжет» терминін алғаш рет XVII ғасырда классицистер П.Корнель мен Н.Буало қолданды. Олар сюжет ұғымын Аристотель ізімен ежелгі дүние қаһармандарының өміріндегі оқиғалармен байланыстырды. Көбіне сюжет шығармадағы оқиғалар жүйесі ретінде көрінеді. Оның сыры сюжетті шығарманың басым бөлігі аса маңызды қоғамдық конфликтілерді көркемдік тұрғыдан қарастырады және оларды қаламгер жасаған біртұтас өмір көрінісінің ішінде бейнелейді.

«Сюжет» нақты бір заттық мәнге ие бола алады. Яғни сюжет – авторлық мақсат та, фабула-сол мақсатқа жетудің құралы. Егер фабуланы әңгімелеп беруге болатын болса, сюжеттің көркемдік мәнін шығармада көрінетін авторлық баяндау ерекшеліктері ғана жеткізе алады. Кейде жазушы пайдаланған даяр фабула сюжетке айналған кезде көркемдік өңдеуге ұшырайды. Біріншіден, мұндай даяр фабулалар өмірдегі, нақты оқиғаларға негізделген шығармаларда жиі кездесуі мүмкін. Екіншіден, бір жазушының жасаған фабуласы екінші жазушының шығармасында мүлде жаңасападағы сюжетке ұласып жатуы да ықтимал. Бір ғана фабула әр жазушының шеберлігіне байланысты әр түрлі сюжеттік сипатқа ие бола береді. Сюжет шығарма стилімен, көркем дүние құрылымның ортақ заңдылықтарымен тығыз байланысты. Демек, шығарманың көркемдік маңызы фабулаға емес, фабуланың шығармашылықпен игерілген көркемдік сипатының сюжетте тереңдетіле бейнеленуіне қатысты.

Сюжетті шығармалардың мазмұнында көбіне күрделі қайшылықтар, өмірлік тартыстар желі, тартып жату себебі де соған байланысты. Тартыс - (латынша конфликтус) –қақтығыс, айқас деген мағына білдіреді. Ол өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі, мақсат-мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысында жинақталып, суреттелуі. Өнердегі өмірлік тартыс – көркем шығарманың идеялық мазмұнындағы үзілмес желі, арқау, керек десеңіз күллі өнер туындысына тіршілік беріп тұрған жүйке, дейді З.Қабдолов, олай болса, әдеби шығармадағы табиғи тартыс, оның сюжеті мен композициясын өрбітер, қозғаушы күш. Сюжетте қоғамдық тартысты қозғалыс үстінде, яғни дамуы, шешілуі арқылы көрсету қоғамдық даму тенденцияларын, оның заңдылықтарын түсінуге ықпал етеді.

Шығармаларға өзек болған қоғамдық тартыс өткен дәуірлерден де алынуы ықтимал. Алайда, тартыстың түпкі мәні қаламгер өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық талап-тілектермен орайласып жатады. Сонымен бірге қаламгер өз бейнелеп отырған характерлер мен жағдайлар, адамдар арасындағы байланыстар мен қарама-қайшылықтардың шынайы сипатын ашып танытуда сюжеттің мүмкіндігіне сүйенеді. Осылардың бәрін бейнелеу шығармада алға тартылған проблемалардың мәнін ашуға, идеяға ықпал етеді. Сюжет

желісіндегі образ-характерлер негізгі идеяға, негізгі оқиғаға байланысты бола отырып, өзіндік даралығын да сақтап қалуы да шарт.

Классикалық үлгідегі туындыларда күрделі де тұтастық сипатта көрінетін *сюжеттің басталуы (экспозиция), байланысы (завязка), дамуы (ситуация), шарықтау шегі (кульминация), шешімі (развязка)* сияқты бөлшектерден тұрады. Кей шығармаларда пролог пен эпилогта кездеседі.

Сюжеттің басталуы – оның кіріспесі іспетті мұнда әдеби қаһармандар өзара қарым-қатынасқа көшпестен бұрынғы хал-жағдай, тіршілік, қоғамдық орта, болашақ қақтығыстар алаңы, оқиғалар орны суреттеледі. Экспозицияның бір ерекшелігі – ол шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасамайды, тек мезгіл мен мекенге мегзеу, дерек, дәйек ретінде ғана қалады. Экспозиция үнемі шығарма басында кездесе бермей, кейде шығарма соңында да беріледі.

Сюжеттік байланыс – адамдар арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі. Байланыс, экспозициядай емес, шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасайды, оқиғаны өрбу жолына салады.

Сюжеттік даму шығарма мазмұнында аса үлкен мәнге ие. Бұнда адамдар арасындағы байланыстар мен қарама-қайшылықтар анықталады, адам м-інезінің түрлі қырлары ашылады, кейіпкерлердің қалыптасуы мен өсу тарихы беріледі.

Шарықтау шегі - шығармада суреттелген сюжеттік дамудың ең жоғарғы шиеленіс биігіне жеткен тұсы. Бұл тұста образдар да айрықша танылып, адам мінездері жан-жақты ашылады. Шығарма сюжеттің күллі кезеңімен тұтастырып, белгілі бір бүтіндікке әкеліп тұрған композицияның аса жауапты тұсы да – осы.

Шешім – шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі. Суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі», адамдар арасындағы қарама-қарсы тай-таластардың, күрделі күрестердің бітуі, түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже, оқиға ға қатысушылардың ең ақырғы хал-күші, күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы.

Сюжеттің құрамдас бөлшектері қатарында *пролог* пен *эпилог* аталады. Бұлар – кейбір шығармаларда ұшырасатын бөлшектер.

☺?! Тапсырмалар

1) 2 шағын, 1 орта көлемді эпикалық шығарманы сюжеттің өрбу кезеңдері бойынша талдаңыздар.

2) «Фабула және сюжет» тақырыбына презентация әзірлеңіздер.

6 Сөз өнеріндегі тек пен түр

Әдеби жанр (французша *genre* – тек, түр) термин ретінде шартты, екі мағынада қолданылады:

1) Әдебиеттің тектері – эпос, лирика, драма;

Әрбір әдеби туындының жанрлық табиғаты әр алуан: көлемді эпикалық шығармада өмір шындығы нақты көркем тұлғаларға жинақталып, олардың өзара қарым-қатынастарынан туған қат-қабат оқиғалар арқылы ашылады; лирикада адамның жеке басына тән көңіл-күйі, нәзік және терең психологиялық тебіреністері суреттеледі; драмалық шығарма көбіне адамдардың қимыл-әрекетіне, қақтығыстарына, тағдырлар тартысына құрылады.

Сөз өнерінің осы үш түрін кейде бейнелеу өнерінің үш түрімен (живопись, орнамент, графика) салыстыруға болады.

Әрбір әдеби шығарма – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Әр дәуірдің өз шындығы бар. Әр дәуірдің шындығын сәулелендірген шығармалар да бірін-бірі қайталамайды: тектері мен түрлері ұқсас болғанымен Шекспир трагедиясы Мүсірепов жазған трагедиядан, Бальзак романы Әуезов романынан, Абай поэзиясы Жансүгіров поэзиясынан өзге екені даусыз.

Эпос

Эпос– (грекше: epos –баяндау, әңгімелеу, тарихтап айту) – көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, өмір шындығын мейлінше мол қамтып кең суреттейтін адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Эпостың лирика мен драмадан айырмасы – шындық кең көлемдегі баяндау, әңгімелеу арқылы жинақталады. Эпикалық шығармадағы авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог-монологтары – эпостық баяндауды жүзеге асыру жолдары, амалдары мен тәсілдері ғана.

Белинскийдің пікірінше, драмадағы басты нәрсе - адам болса, эпостағы басты нәрсе – оқиға.

Өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанр үш түрге бөлінеді: *шағын, орта және кең көлемді*.

Қандай эпостық шығарма болсын, осы үш түрдің біріне жатады.

Шағын көлемді эпикалық түрге жататын әдеби туындыларда, негізінен, өмір шындығы бір немесе бірер ықшам эпизод мөлшерінде, адам тағдыры бір немесе бірер жинақы оқиға көлемінде ғана көрсетіледі. Оқиғаға қатысатын қаһармандар санаулы, шығарманың көлемі шағын, ықшам. Адам мінезі көбіне қалыптасқан, дайын қалпында көрінеді. Шағын эпикалық шығармалар әдебиет тарихының әр кезеңінде әр сипатта болған. Мысалы – ежелгі көне дүниеде – миф, одан кейінгі әр тұста – аңыз, ертегі, мысал, новелла, әңгіме және т.б.

Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін фантастикалық баян. Миф барлық халықта бар, бірақ түпкі төркіні көне Греция (Троя, Фивы циклдері); кейін римляндарға ауысқан. Мифтің кейікерлері – құдайлар, батырлар, әр алуан сиқырлы кереметтер. Көркемдік бояуы қанық, идеясы айқын, аса әсерлі, өз кезінде эстетикалық және тәрбиелік роль атқарған әдеби туынды.

Аңыз - эпостың көне түрлерінің бірі. Бұл да миф секілді әсіре қиял аралас фантастикалық хикая. Мифтен өзгешелігі – аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, көбіне өмірде болған, халық жадында сақталған оқиғалар

жатады. Аңыздың көлемі шағын, оқиғасы қызық, адамдары аз, тілі таза, идеясы айқын.

Ертегі – шағын көлемді эпикаға тән жанрлық түрлердің бірі. Адам өмірінде, немесе хайуанат дүниесінде болуға лайық, әр алуан қызық, кейде тіпті ғажайып оқиғаларды ойдан шығарып, өсіре әңгімелейтін көркем баян, әсерлі хикая. Қазақ ертегілерін жете зерттеп, қазақ әдебиетінің тарихына ертегілер туралы арнаулы бөлім жазып енгізген ғалым-жазушы М. Әуезов ертегілерді үш салаға (қиял-ғажайып, хайуанат жайындағы, салт) бөліп, мінездеме берген. Ертегінің көлемі қысқа, сюжеті ықшам, композициясы жинақы, тілі қарапайым, бірақ образдары өткір, дәл, мазмұны тартымды, идеясы бүкпесіз, ашық. Кейіпкерлері санаулы, олардың мінез-құлқы көбіне бір-ақ қырынан, ең елеулі ерекшелігімен ғана көзге түседі. іс-әрекеті де өлшеулі. Ертегілер ауыз әдебиетінде ғана емес, жазба әдебиетте де мол (А. Пушкин «Золотой петушок», М.Е. Салтыков-Щедрин «Премудрый пескарь», А.Н. Островский «Снегурочка») және т.б.

Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Сатиралық сипатта жазылады, адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясы астарсыз, ашық, тура. Тілі өткір, шымшыма, шымыр. Мысал көбіне өлеңмен жазылады. Әлем әдебиетіндегі атақты мысалшылар: Ежелгі Грецияда Эзоп, Италияда Федр, Францияда Лафонтен, Германияда Геллерт, Англияда Мур, Ресейде Крылов.

Новелла (итальянша novella – жаңалық, соны сөз) – феодализм мен капитализм тұсында жаңадан туған түр. Гетенің анықтамасы бойынша, бұрын-сонды көз көріп, құлақ естімеген тамаша оқиға туралы шындыққа сыйымды әңгіме.

Новелланың алғашқы белгілері грек әдебиетінде біздің дәуірдің бас жағында көріне бастаған, алайда шағын эпикалық түр ретінде ол Еуропадағы Қайта өрлеу дәуірінде туып қалыптасты. Бұл тұста қоғам назары жеке адамдарға ауа бастады. Адамның дара тіршілігіне, іс-әрекетіне, басынан өтетін оқшау оқиғаларға көбірек көңіл бөлінді. Италиян жазушысы Боккаччоның әйгілі «Декамероны» - сондай новеллалар циклі. Дүниежүзі әдебиетінде жұртқа мәлім шебер новеллистер – Н. Гоголь мен А. Чехов (Ресей), П. Мериме мен Г. Мопассан (Франция), Эдгар По мен О`Генри (Америка) және т.б.

Қазіргі уақытта новелла көркем әңгімемен ұласып, екеуінің ара жіктері жойылып бара жатыр. Әңгіме новелладан кейінірек туған ұғым болғанмен, екеуінің табиғаты бір екені даусыз.

Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің әсем үлгісі. Әңгіменің сыр-сипаты біржола кесіп-пішуге көнбейді, бірыңғай анықтама шеңберіне сыймайды. Әңгімменің жанрлық табиғаты құбылмалы.

Әңгіме – қиын жанр. Біріншіден, көлемі шағын. Ол – жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Екіншіден, тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Ол үшін жазушы өмірді терең білумен қатар, нағыз шебер, білімді және жоғары болуға тиіс. Қаламгер қауым әңгіме жазуды

шеберлік шыңдау деп ұғады. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ прозасының басым бөлігі әңгімеден құралды.

Очерк – шағын эпостың әңгімеге жақын бір түрі. Қысқа көлемді көркем шығарма. Очерктің әңгімеден бірнеше өзгешелігі бар: очеркте суреттелетін шындық – ойдан шығарылған нәрсе емес, өмірде болған не бар ақиқат; очерктің қаһарманы - ойдан жасалған бейне емес, өмірде болған не бар адам; очерк өткен шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың жаңа шындығынан ғана туады. Очерк – өз кезінің үні, жаңаның жаршысы. Очеркте беллетристиканың да, публицистиканың да сипаттары бар. Очеркті тегі жағынан алып қарасақ әрі әдеби жанр, әрі газет жанры екенін аңғаруға болады.

Фельетон (французша: feuilleton – парақ) – негізінен газет-журналдарда жарық көретін сатиралық көсемсөз жанры. Өлеңмен де, қара сөзбен де жазыла береді. Т. Қожакеев бұл жанрға келесі анықтама береді: «Фельетон дегеніміз шағын көлемді, публицистикалық үнді, көркем тілді, сын-сықаққа бай, күлкі шақыратын әдеби шығарма».

Кейбір әдебиет зерттеушілері мемуар, памфлет, эссе сияқты әдеби-публицистикалық жазбаларды шағын көлемді эпикалық түрге жатқызады. Бұл – даулы пікір, себебі, біріншіден, баспасөз жанрларының бәрін көркем әдебиетке қоса беру қате, екіншіден, С. Сейфуллиннің «Тар жол - тайғақ кешу» тәрізді мемуарлық шығармасын шағын көлемді эпикалық түрге жатқызу мүмкін емес. Ол – ұзақ әңгіме.

Орта көлемді эпикалық түрге повесть, поэманы жатқызады.

Повесть ғасырлар бойы бірде әңгіме деген ұғым берсе, бірде роман деген ұғым берген.

В. Шкловский: «Ежелгі орыс шежіресінде, одан келе «Игорь полкі туралы сөзде» *повесть* деген атау бар, екеуінде де бұл термин «болған оқиға жайлы әңгіме» деген ұғымда қолданылған, ал ХҮІІІ ғ. елуінші жылдарында Третьяковский бұл сөзге бұрынғыдан гөрі анығырақ жанрлық сипат беріп, французша «роман» - орысша «повесть» деп түсіндірген».

В. Сорокин: «Повесть – үлкен әңгіме немесе кішкене роман».

Ф. Головченко: «Пушкиннің «Капитан қызы» повесі Лермонтовтың «Біздің заманымыздың геройы» романын үлкен... Повестің жанрлық ерекшелігі көлемінде емес, мазмұн тереңінде жатыр».

Гоголь повестің аса құнды қасиеттерін – мазмұны мөлдір шындықтан туатынын, оқиғасы адам мінезін ашуға ғана қызмет ететінін, идеясы жалаңаш емес, тереңде жататынын, көркемдік дәрежесі биік болатынын саралап айтқан.

Повестің жұрт таныған жанрлық сипаты – мұнда бірнеше оқиға, адам өмірінің бір алуан кезенді құбылыстар кеңірек, даытыла суреттеледі. Әңгімеге қарағанда, көлемі үлкен, сюжеті күрделі. Өмірлік тартыстардың оқиғаларға тұтаса басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі әлдеқайда табиғи, заңды, оқиғаға қатынасатын қаһармандар біреу емес, бірнешеу, кейде ондап саналады. Персонаждардың ішкі-сыртқы бітім бейнелері бедерлі, ара қатынастары арналы, әжептәуір өріле, өрістетіле, қалыптасу, даму үстінде көрсетіледі. Повесть мазмұнындағы ең өзекті шындық – бас қаһарманның өмірі.

Поэма (грекше роіета- туынды) – орта көлемді эпос түрі, өлеңді повесть, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттеу. Сюжетті, сюжетсіз поэмалар болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары әр алуан: эпикалық, лирикалық, романтикалық, реалистік. Поэма өзінің туу, даму тарихының әр кезеңінде әр сипатта болды.

Көне дүние әдебиетінде	классикалық халық эпосы	«Иллиада», «Одисея»
түрінде туды		
Ауыз әдебиетінде	батырлар жыры	«Қобыланды батыр», «Ер тарғын»
	лиро-эпос	«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек»
	тарихи жырлар	«Бекет», «Бекболат»
түрінде дамыды		
Жазба әдебиетте	романтикалық дастандарға	«Медғат-Қасым», «Адасқан өмір»
	реалистік поэмаларға	«Сұлушаш», «Құлагер»
ұласты		

Кең көлемді эпикалық түрде жазылған шығармаларда адам мен қоғам тіршілігі мейлінше кең қамтылып, алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйеленіп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақталады.

Роман (французша: roman) – композициялық құрылымы күрделі, уақыт жағынан тұтас бір кезеңді қамтитын, қоғам, адам өмірін жан-жақты, қырынан, терең қамтып, саралайтын ең үлкен эпостық жанр.

Роман жанр ретінде Еуропада қайта өрлеу дәуірінде пайда болса, орыс әдебиетінде XIX ғасырда, қазақ әдебиетінде XX ғасырда пайда болып, кеңестік дәуірде қатты жетіліп, толысты. Қазақ әдебиетінде роман орнын бұрын қисса-дастандар («Алпамыс», «Ер тарғын», «Қыз Жібек»; «Бозжігіт», «Салсал», «Зарқұм» және т.б.) басқан.

А. Байтұрсынов роман туралы: «Ұлы әңгіме, яки роман деп тұрмыс сарынын түстеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз... Ұлы әңгіме түрде қазақ тілінде басылған шығарма әлі жоқ. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман (ұлы әңгіме) өрісі деп ат қойылса да өресі мен өрісі шағын болғандықтан о да ұлы емес, ұзақ әңгімеге жақын», - деген.

Роман жанрының шарттарын жақын, сәйкес жазылған тұңғыш роман – Ж. Аймауытовтың «Қарартқожа» романы (1926).

А. Пушкин: «Роман деген сөз – ойдан өрбіте баяндалған тарихи дәуір ұғымын береді».

В. Белинский: «Роман – жаңа дәуір эпопеясы».

Эпопея – эпостың шыңы, оның негізгі қаһарманы - халық, суреттер шындығы – халық басынан өткен кезеңді құбылыстар.

Лирика

Лирика (грекше *lyra* – ежелгі гректер үніне қосылып ән салған музыка аспабы) – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бері, шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі.

Лирикалық шығарма көлемі жағынан эпосқа қарағанда әлдеқайда ықшам. Сюжетке де көп бара бермейді. Оқиғадан гөрі отты сезім басымдау, барлық сюжет сол сезім маңына, бас-аяғы тұжырымды бірер философиялық ой маңына жинақталады. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі.

В. Белинский: «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке мені туралы айтса, – жалпы жұрт туралы, бүкіл адам баласы туралы айтқаны; өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән күллі қасиеттің бәрі бар».

Лириканың күші – әсерлілігінде; баяндауда емес, суреттеуде. Лирикалық қаһарман, әдетте, ұнамды кейіпкер. Сөйтсе де лириканың тартысты және тартыссыз түрлері болады. Шындықты қатал, сұсты, күрделі қимыл-қозғалыс қалпында көрсететін салмақты, салиқалы өлең болады да, қиындықтан жылыстап жүретін майда, майысқақ, жылымшы жырлар болады.

Адамның сезімі мен сыры болған жерде лирикалық жар да болған, жыр арқылы адамның сыры мен сезімі сыртқа шыққан. Сондықтан да лириканың жанрлық түрлері қисапсыз көп және әр алуан. Әр халықтың лирикалық өлеңдері оның ауыз әдебиетінен басталған. Мысалы, қазақ лирикасының басы салт өлеңдерінде жатыр. Олардан өрбіген лирикалық сарын әр түрлі ән к әрекетөлеңдеріне, толып жатқан толғау жырларға тоғысқан да, одан лиро-эпосқа келіп сіңген. Лириканы жалпы поэзияның басқа түрлерінен ажыратып алып, жеке-дара қарау жемісті бола бермейді. Өйткені эпостық шығармаларда лирикалық нәзік сезімдер, көтеріңкі пафос, сондай-ақ лирикалық шығармаларда эпостың элементтері кездесе береді. Сондықтан, лириканы жалаң тексеріп, түр-түрге болудің өзі – шартты нәрсе.

Баллада (итальянша *ballare* – билеу) – орта ғасырда роман (француз, испан, итальян) елдерінің поэзиясында туып қалыптасқан лириканың ерекше түрі, лиро-эпостық сипаттағы, шағын сюжетті өлең. Балладада ақын өзінің көңіл-күйін, толғанысын жырлап қана тыңбайды, сол сезімді туғызған себептерді оқиғаға айналдыра суреттеп көрсетеді. Балладаның мазмұны көбіне тарихи шындық, оқшау фантастикалық хал, ерлік әрекет болып келеді.

Баллада өзінің ұзақ даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады: әуелде бір топ адам қол ұстасып, би билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау, ен сыршыл толғау, енді бірде асқақ әуенді арнау түріне ауысты.

Идиллия (грекше *eidyllion* – суреттеу, сурет) – лириканың антик әдебиетінде көп тараған түрлерінің бірі, әлдебір парықсыздау салтанат, қаракетсіз қызық, уайым-қайғысыз қызғылт өмір туралы жыр.

Идиллиялық өлеңнің тақырыбы – мал баққан, шөп шапқан, егін салып, балық аулаған адамдар тұрмысы, олардың сұлу табиғат құшағында өтіп жататын той-думаны, сауық-сайраны. Ежелгі Грецияда мұндай өлеңдерді Феокрит, Римде Вергилий жазған. Кейін Көне дүние әдебиетінің классикалық

үлгілеріне еліктеу ретінде бұл түрді француз ақындары қайта жаңғыртты. Идиллия Сумароков, Херасков, Княжнин, Жуковский, Гнедич сияқты орыс ақындарында да бар. Біздің дәуірімізде бұл жанр мәнін жоғалтты.

Мадригал (madrigal – малшы сазы) – XIV ғ. француз әдебиетінде идиллияны ауыстырған түр. Мадригал басында рақат тіршілікті адақтайтын өлең болды, кейін әйелдерге арналған альбомдық сипатқа көшті. Мадригалды орыс әдебиетінде Карамзин, Батюшков жазды.

Ода (грекше ode – ән) – есімі елге тараған жеке адамдарды не батырларды мадақтаған, ел ішіндегі елеулі оқиғаларды дәріптеген аса көтеріңкі, көңілді жыр. Мұндай мақтау жырлар Жәңгір ханның сарай ақыны Байтоқта бар.

Сонет «итальянша sonetto, sonare – сылдырлау, сыңғырлау) арнаулы өлшеммен, әр түрлі тақырыпқа жазылатын сыршыл өлең. XIII ғ. Сицилияда туған. Данте, Петрарка көп жазған. Кейін Батыс Еуропаның басқа елдеріне кең тараған. Классикалық үлгілерін Шекспир жасаған.

Сонеттің арнаулы өлшемі болады: көлемі – он төрт жол, алғашқы сегіз жолы – бірінші бөлім (катрен), соңғы алты жолы – екінші бөлім (терцет). Мазмұн жағынан бұл екі бөлімнің ара жігін ажырату қиын.

Қазақ лирикасында сонет Е. Әукебаев, Қ. Аманжолов, Х. Ерғалиев шығармашылығынан орын алған.

Лириканың басқа да түрлері:

Арнау – кейде арнайы шарықтау, кейде көлемді лиро-эпикалық шығармаға беташар, кейде жеке адамдарға бағыштау түрінде жазылған өлең.

Ой – әр тақырыпта туған әр алуан философиялық толғау.

Канцонетта – бұрынғының серілік сезімдерін мадақтайтын көне әуен.

Романс – жалт еткен бір жақсы сезімді, көбінесе сүюді жырлау.

Пастораль – мадригал тәрізді малшы сазының бір түрі.

Элегия – бір мұң, бір сыр аралас назды сарын.

Эпиталама – жаңа қосылған жас жұбайлардың жарастығын құттықтайтын көне өлең.

Эпитафия – дүниеден кеткен қадірлі кісі жайлы жоқтау.

Эпиграмма – жеке біреулерді мінеп, мысқылдайтын сықақ өлең.

Қазіргі әдебиет зерттеушілері шартты түрде болса, әрбір лирикалық өлеңді тақырыбына қарай талдап, саяси лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы деген сияқты санаулы салаларға бөліп тексереді.

Драма

Драма (грекше drama – қимыл, әрекет) – әдебиеттің үшінші тегі, шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдына қолма-қол көрсететін күрделі жанр.

Драматургияда шарттылық көп:

- Біріншіден, драматургиялық шығармаға көлем жағынан шек қойылады (70-80 беттен аспауы шарт). Драматург барлық шындық пен образды белгіленген мөлшерге қалай да сыйғызуға тиіс.

- Екіншіден, драматургиялық шығарма тек қана қатысушылардың сөздерінен құралады. Шындық пен образ тек қана диалог пен монологқа

негізделген. Сахнада сөйлейтін тек персонаж ғана; автор сахна сыртында, залда қалады.

- Үшіншіден, қимыл, әрекет жоқ жерде драматургиялық шығарма да жоқ. Көрерменнің сана-сезімін бірнеше сағат баурап, көзін сахнаға қадалтар қаракет табу табу, оның жан дүниесін тебіреніске түсірер қақтығыс табу – қиынның қиыны.

А. Чехов: «Алғашқы актіде мылтық ілулі тұрса, ақырғы актіде міндетті түрде атылуға тиіс».

- Төртіншіден, драмадағы шындық көркемдік шешімін тек сахнада табады, драмадағы образ тек сахнада жасалады.

Н. Гоголь: «Драма сахнада ғана тіршілік етеді, сахнасыз драма – денесіз дем».

Пьесаны драматургтың жазып бітіруі, журналда жариялауы, кітап қып бастырып шығаруы жеткіліксіз. Істі түгел тындыру үшін пьеса театрға көшуі керек.

Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс. Драмадағы тартыстың кезендері (басталуы, байланысы, шиеленісі, шешімі) болады.

Драмадағы хал-күйдің басы (экспозиция) алғашқы актіде жатады. Оның міндеті – көрерменді пьесаға қатынасатын адамдармен (персонаждармен) таныстыру. Экспозиция екі түрлі (жағдай экспозициясы, мінез экспозициясы) болуы мүмкін.

Байланыс (завязка) көрерменге қаһармандар арасындағы болашақ қақтығыстардың себебін аңғартып, сахнадағы біртұтас қимылды бастайды.

Біртұтас қимыл – тартыстың ұлы арқауы, шығармадағы шиеленістер оқиғаның дәл өзі.

Драмадағы хал-күйдің аяғы – пьесаның шешімі; шиеленіскен оқиғалардың соңынан ақырғы актіде келеді. Тартыстардың немен тынғанын көрсетеді.

Драманың да бірнеше жанрлық түрі бар.

Трагедия (грекше *tragoidia* – текенің әні) – құдіретті күш иесі, ер тұлғалардың жаратылыстағы, жалпы өмір-тіршіліктегі адам жеңіп болмас асыңқы, асқақ кедергілермен кескілесіне, оның жан дүниесіндегі терең тебіреністерге, өзімен-өзінің іштей арпалыстарына құрылған күрделі сахналық шығарма. Трагедиядағы оқиғалар әдетте қатерлі, қайғылы халден туындап тұтасады да, бас қаһарманның қазасымен – мұнмен, зармен бітіп отырады.

Комедия (грекше *komadia* – күлкілі қызық ән) – өмірдегі келеңсіз, керексіз құбылыстарды, адам бойындағы қасиетсіздікті, оспадарлықты, мінездегі мінді сықақпен сынап, келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса.

В. Белинский: «Комедия өмірдің биік поэзиялық сәттерін суреттемейді, күнделік прозасын, ұсақ-түйегін, кездейсоқ жайттарын суреттейді».

Комедияның басы Дионис мейрамында жатыр: өлген «текенің» қайта тірілуін көне гректер комедиямен (космос – көңілді топ, одэ – ән), яғни көңілді әнмен, қызық бимен, күлдіргі ойындармен құттықтаған.

Комедияның тамаша үлгілері – көне Грециядағы «комедия атасы» Аристофанның (б.э.б. V-IV ғғ.) «Салтаттылар», «Бұлттар», «Бақалар» және

басқа шығармалары. Бұл комедияларда Аристофан өз кезіндегі қоғамның саяси-әлеуметтік өміріндегі сорақылықтарды ащы сынға алып, мазақ етеді.

Аристофан дәстүрін Римде Плавт пен Теренций жалғастырып, комедияға қоғам өмірімен қатар, семья тұрмысын да тақырып етті.

Комедияның Батыс Еуропа әдебиетінде мықтап өрістеген тұсы – классицизм кезі. Әсіресе, шетел әдебиетінде Мольердің «Сараң», «Тартюф» комедияларын атауға болады.

Орыс әдебиетінде Фонвизиннің «Тоғышарлар», Грибоедовтың «Ақылдың қойғысы», Гогольдің «Ревизор», «Женитьба» комедиялары – орыс әдебиетіндегі комедияның айрықша үлгілері болып саналады.



Тапсырмалар

1) Т. Ыдырысовтың «Очерк туралы ойлар» атты еңбегімен танысып, очерктің түрлеріне қатысты тірек схема жасаңыздар.

2) З. Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулық-монографиясының 308-311 беттерін конспектілеңіздер.

3) «Қазақ театрының тууы мен қалыптасу сырлары» тақырыбына материал жинап, баяндама жасаңыздар.

4) Трагедияның, комедияның алғашқы бастаулары жөнінде презентация дайындаңыздар.

7 Көркем шығарма тілі

З. Қабдолов «Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма бола алмайды» десе, Л.Толстой «Құнды сөз құнарлы ойдан ғана туады, ойы нәрсіздің тілі де әрсіз» дейді. Демек, көркем тіл - әдебиеттану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі.

Жазушының тілі құнарлы сөздік қоры мол болуы керек. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі.

Тіл байлығының қайнар көздерінің бірі – сөздердің көп мағыналылығы (полисемия). Әр сөз жеке, атау күйінде тұрып-ақ бірнеше мағынаға ие. Бұл сөздегі тура және туынды мағына ретінде түсіндіріледі.

Тура мағынадағы сөздер заттар мен құбылыстарға, сапа мен белгіге, іс-әрекетке тікелей бағыттталып, туынды мағыналарға қарағанда, айқын, дара көрінетінін дәлелдейді. Көркем сөз теориясы, бәрінен бұрын әр сөздің әр сипаттағы тура және туынды мағыналарының әдеби шығармаларда көрінуін қарастырады.

Полесимизмде бір сөздің бірнеше мағынасы болатын болса, енді бір ғана мағынадағы сөздің өзі өзге сөздермен тіркесе келе бірнеше ұғымға көшетін жайы және бар.

Әр сөздің тура мағынасымен қатар бұрма мағынасы да бар. Сөздерді кері мағынаға көшіріп, орнымен ойната білу де әсем тәсіл. Мысалы Абай туралы Құнанбай: „Одан да, не күтсеңдер, осы жаман қарадан күтсеңдерші”, - деген

сөзінде жаманның астарымен, жақсы атаулының бәрінен биік мағынада әдейі айтылып тұр.

Көркем әдебиетте әр сөздің тура мағынасымен қатар бұрма мағынасын да еппен, ұқыппен ұтымды пайдалану шығарманың ажарландыра түсетіні сөзсөз.

Сөз байлығының түрлері

Синонимия (гр. *заттас*) айтылуы, естілуі, әр түрлі болғанымен, мағынасы бір-бірене жуық, мәні ұқсас сөздер.

Мысалы: *шапшаң, жедел, тез, жылдам; мезгіл, мерзім, уақыт, шақ, сәт.*

Синоним сөздердің ішінен суреткер өзіне қажеттісін ғана алады. Синонимдердің кез-келгенін бірінің орнына бірін қолдануға да болмайды.

Мен кескекті ердің сойымын,

Кескілеспей бір басылман.

Алдыңа келіп тұрмын деп,

Ар-намысын қашырман...

Байеке, сұлтан, ақсүйек,

Қыларың болса, қылып қал.

Күндердің күні болғанда,

Бас кесермін, жасырман!

Осы өлеңдегі синоним сөздең әрқайсысы өз орнында, бәрі де керемет талғаммен табылып, қолданылған. Сондықтан олардың ешқайсысын ешбір мәндес сөзбен ауыстыруға болмайды:

Махамбет өлеңіндегі сөздер	Мәндес сөздер
кескілеспей	төбелеспей, шайқаспай, шабыспай
басылман	қойман, тоқтаман
кескекті	айбарлы, айдынды
қыларың	жасарың, істерің
сой	түр
бас кесермін	өлтірермін, құртармын

Синонимдерде жай ғана сөз алмасулары ғана емес, суреткерлік шеберлік сырлары да жасырынып жатады. Жазушы синонимдерді терең біліп, шебер пайдалануы шарт: «Қазіргі Тоғжан жүзінде Абай қиялынан бір шақ кетпейтін, үлбіреп, толқып, лезде келіп, сәтте қайтып тұратын қызыл арай реңі жоқ» (М. Әуезов «Абай жолы»).

Көркем шығармада орнымен үстемелей, қатар, қабаттаса қолданылған синонимдердің орны да айырықша. Бұл *плеоназм* құбылысы. Мысалы:

Орынды іске жүріп, ой таппаған
 Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
 Қасиетті болмайды ондай жігіт
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.

(Абай)

Ескі дүние есігін теуіп ашып,
 Кіріп келді ол жүзінен жалын шашып.
 Босағада тұрмады, төрге ұмтылды.

Бұзып, жарып, еңсеріп, еркін басып.

(Қ. Аманжолов)

Омонизм (грекше *атмас*) – айтылуы, естілуі бір болғанымен, мән-мағынасы әр тарап сөздер. Мысалы: қара, көр, ер, жар, ор, сор, аң, нан, қан, таң, сан, мал, салт т.б.

Бірақ бұл сөздерді аса сақтықпен абайлап пайдаланған дұрыс. Себебі омоним сөз орынды жерде тұрмаса, сол арадағы ұғымды бұлдыратып, кейде екі жақты мағына беруі мүмкін.

Жаз де маған жақсырақ,
Сабырлықты мін деме:
Ол жұлқынып, бақ сұрап,
Жорта берсін, үндеме! (Қ. Бекхожин)

Осы шумақтағы *жаз, сабыр, мін, деме, бақ, жорта* деген сөздердің бәрі – омоним: біреуінде бірнеше мағына бар. Алайда ақын әр сөзді өз орнына дәл қойып, ойнатып әкеткенде, әрқайсысында тек бір-ақ (ақын дарытқан) мағына қалған. Суреткердің сөздік қорын омоним осылайша байытады.

Антоним (грекше қарсы атау) – бір-біріне кереғар, қарама-қарсы мағынадағы сөздер. Мысалы:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда. (Абай)

Өлеңде қолданылған дос-дұшпан, алас-жақын антонимдері ақынның айтар ойына нық түйін, тұжырым, дәйек болып тұр. Дұшпаннан көңіл қалса, оған таңырқаудың жөні жоқ, ал достан көңіл қайтқан соң, одан әрі не қалды? Өлең сөздерінің ішіндегі аздаған антоним ақын байлауын осылай айқындап, ұғымын осылай дәлдеп, өлең әсерін осылай күшейтіп, оқырман мен автор ойын осылай ортақтастырады. Кейде авторлар оқырманға шығарма мазмұнынан хабар беру үшін шығарма атауында антонимдік қарама-қарсылықтарды шебер қолданады. Мысалы, Л. Толстойда «Соғыс пен бейітшілік». З. Қабдолвтың айтуынша, «антоним- өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі».

Суреткердің сөз қорын молайтып, тілін байытар қайнар бұлақ қатарында *архаизм, неологизм, диалектизм, идиомалар* да ерекше қызмет атқарады.

8 Әдеби тілді ажарлау тәсілдері

Әдеби тілде әдебиетші қолымен жасалатын әр түрлі ажарлаулар болады.

Әр сөз адамның көңіл күйімен тығыз байланысты. А.П. Чеховтың айтуынша, «әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар».

Интонация (латынша дауыс ырғағы, яғни әр сөздің айтылу мәнері) - сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл.

Ол көркем шығарманы оқығанда ғана емес, жазу үстінде де қатты ескеріледі. Жазушы кейіпкерді сөйлеткенде, оның әр сөзін көңіл-күйіне лайық мәнерде айтқызып, оған өзі қалаған сыр ғана емес, сымбат та береді:

Масқара ғой –

Кейбіреулер елірді.
Тезегің не?!
Менсінбейді көмірді...

...О, зұлым-ай, зұлым-ай!
О, ант атқан, ант атқан!
Осал жерін ерлердің қалай ғана дәл тапқан!

Әдеби тілге дыбыс қайталаулары арқылы да ажар бітіруге болады. Бұл тәсіл екі түрлі: **аллитерация (латынша - дыбыстас) – бірінғай дауыссыз дыбыстарды қайталау және ассонанс (французша – үндес) – бірінғай дауысты дыбыстарды қайталау.** Бұл тәсілдер прозада да, поэзиялық шығармаларда да кездеседі.

Қызыл түлкі жас етпенен бір тілім
Қарынының жамар енді жыртығын.
Кадалады тұмсығына инесі
Құдай атқан жайра менен кірпінің!

Қаракұмда,
Қызылқұмда –
Қысылса -
Кесірткелер тастай қашар құйрығын.

Бізге қашан бос уақыт ауысады?
Бұл жөнінде шыққан жоқ дауыс әлі.
Бойжеткендер асыққан
Балмұздақты
Безіп бара жатып - ақ тауысады.

Келтірілген шумақтарды оқысақ, осында ылғи Қ әрпін және Б әрпін қайталау арқылы жасалған аллитерация бар. Енді мына өлеңдерді оқиық:

Айдалас және кесірлес
Ағайын сені өсірмес.
Ақымақтығыңды кешіретер,
Ақылдығыңды кешірмес.

Алыста -
Ауылымда анашым бар.
Арада жатыр шатқал,
Ала шыңдар.
Дәрі боп,
Дәрмек болып,
Азамат боп,
Ағайын, сол кемпірге қарасыңдар!

Ақ жалындай ажарыңды шарпып дау,
Азаматты азаптама артып тау.
Әсіресе қинамағын –
Әләуләй! -
Әлдекімнен болмадың деп артықтау!

Келесі берілген үш шумақта А және Ә әріптерін қайталайтын ассонанс кездесетінін көріп отырмыз.

Эпитет (грекше: *epitheton*-қосымша, қоса тіркеу) бір заттың, құбылыстың көзге ұрып тұрған бедерлі суретті сипатын, заттың, құбылыстың атына қосақтап айту.

Мысалы:

Тәкаппар таудың етегі туған өлкеміз...

(Таңсық қой таудың ұлына тулаған теңіз).

Түсімде мені қол бұлғап шақырады ылғи,

Толқынға қарап, толықсып тұрған ерке қыз. (Қ. Сарин)

Өткен шақтағы есімше арқылы жасалатын эпитеттің түрлері де кездеседі.

Мысалы:

Соны ұмытқан астамға
Сөз сүңгісіп түйреп көр.
Ұша алмайтын аспанға
Майға бөккен үйректер.

Дәстүрлі эпитеттер:

Арман берер ерулік
Алыс емес арғы бет.
Арқан тұса керулі,
Ақ бөкендей қарғып өт!
Ардақтайтын аймағың
Ақын болсаң бір өжет,
Асқар тауды айналып,
Ағайыннан бұрын жет.

Күрделі эпитеттер:

Күбірткідей сыздап қайың бездері,
Күндіз-түні дірдектейтін кездері.
Жасқа толы
Жаураған көп ақ үйдің
Кірпігі жоқ
Төрт бұрышты көздері.

Эпитетті теңеу:

Мұхитжан біздің
Қызыл шоқты күніндей түздің:
Қабағы қалың,
Таппайсың бабын.
Жылаймын десе,
Толады кесе.

Теңеу (орысша сравнение) – заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу.

Мысалы:

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,

Сорғалап **сұңқардайын** төнбеп пе еді,

Майданда **жолбарыстай** жалғыз ойнап,

Сан қолға **аш бөрідей** кірмеп пе еді. (М. Жұмабаев)

3. Қабдолов өзінің зерттеу еңбегінде теңеудің де (эпитет, метафора сияқты) күрделі түрі болатынын айтып, мысал келтіреді:

Шұғыла шалған кешкі бұлттай,

Толқын шашта оттар ойнап,

Өрт топанын кешіп, Нұхтай

Жалғыз өзі тұрды бойлап:

Тұрды ұқсап, тұрды кейде

От ұстаған Прометейге. (К. Аманжолов)

Қазақ тіліндегі эпитеттер мен басқа тілдердегі эпитеттердің жасалыну жолдарының негізі бір десек, теңеудің бірлік жағы да, кейбір тілдегі теңеулердің жасалуынан, мысалы, орыс тілімен салыстырғанда, айырмашылығы бар.

Орыс тіліндегі теңеулер **как, так, точно, будто, подобно, что** арқылы жасалынатыны тәрізді, қазақта да кейбір теңеулер **тәрізді, секілді, сияқты** деген сөздер арқылы жасалынады. Бірақ, орыс тілінде теңеудің бәрі творительный падеж арқылы жасалынады. Бұл бізде жоқ. Бізде мұның орнына теңеудің өзіне тән белгілі жұрнақтары бар.

Белгісіз нәрсені, жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру арқылы көзге елестету осы жұрнақтар арқылы орындалады (-тай, -тей, -дайын, -дейін, -ша, -ше, -дай жұрнағына сәйкес келетін «-мын»). Мысалы, дәстүрлі теңеу:

Қауіпті со бір қарсаңда
Бір өтер,
Мүмкін, екі өтер.
Болаттай берік болсаң да,
Үшіншісінде әкетер.

Өзіндік немесе авторлық теңеулер. Мысалы:

Жастық қалды көз ұшында булдырап.
Жетті елуім...
Жеңіл емес бұл бірақ.
Қыр басынан құлап кеткен күбідей
Қалған күндер қалады енді құлдырап!...

Сын есім теңеулер. Мысалы:

Қармысың?
Бораған ақ тозаңдайсың.
Келдің-ау күттірмей-ақ Гөзәл қысым!

Зат есім теңеулер. Мысалы:

Жұмыс істе!
Бөрідей жаланғанша,
Кірпіш болып заманға қаланғанша.
Қорқатұғын түгі жоқ кәріліктен,
Бала-шағаң,
Кемпірің аман болса!

Септеулік теңеулер. Мысал:

Жігерінен айрылған жыр сұлық,
Сұлық жырға сыншы тілін жүр сұғып.
Билік күттік **ханзада сынды тақ күткен,**
Ол итің де келмей қойды қырсығып.

Ұйқасқа құрылған теңеулер. Мысал:

Айтылмаған назымдай,
Оралмаған жазымдай
Ойлар қалды қазылмай,
Өлең қалды жазылмай.

Қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады.

Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, шығармадағы авторлық идеяға қолма-қол көркемдік шешім тауып тұрғандай.

Айқындау сияқты теңеудің де құны көркемдігінде, ойламаған жерден өзгеше өрнектер жасап, құлпырып, ойнап тұруында, орнымен қолданылуында жатады.

9 Әдеби тілді құбылту тәсілдері

Шығарма тілін көріктеу үшін троп - сөздің мағынасын ауыстырып, өзгертіп қолдану әдісі қолданылады.

Троптың түрлері: *метафора, кейінтеу, заттандыру, эпитет, перифраз, метонимия, гиппербола, литота, тавтология, оксюморон, символ, т.б.*

Л.И. Тимофеевтің айтуынша, троптың тілдік үш міндеті бар:

1. Танымдық (познавательный),
2. Даралаушылық (индивидуализирующий),
3. Жеке көзқарастық бағалау (субъективно-оценочный).

Әдетте, осы үш қасиет бүкіл тілдік поэтикалық комбинациялардың бойынан табылып жатады.

А.А. Потебняның осыған ұқсас бір ойы бар. Ол «Өз жадында көптеген поэтикалық образдар жиынтығын жинаған адам өз иелігінде **ұланғайыр ойлау массасына** ие болады. Мұны жай сандарға тигізетін алгебраның әсерімен салыстыруға болады. Алгебралық есеп жолын меңгерген жан бұл өрнекке кез-келген санды қойып өзіне қажетті нәтижені ала алады. Бұл процесті **ойды қоюлату** (сгущение мысли) процесі деп атауға болады», - деген (Потебня А.А. Теоретическая поэтика. –М., 1990). Бұл жерде **троп-образдың** танымдық қасиеті меңзеліп тұр. Троптың танымдық қызметі деген мынау: *балық басынан шіриді, ауызбен орақ ору, оқу инемен құдық қазғандай* деген сияқты сөз орамдарын осы істерді біліп, көріп, таныған адамдар ғана айта алады. Потебняның айтатыны да осы. Бағалаушылық қасиет те осы үш мысалдан көрініп тұр: сөз сыңайынан перде сыртында тұрған автордың осы істерге деген жеке бағалаушылық көзқарасын байқаймыз. Ал даралаушылыққа келсек: оны да осы үш мысалдан табуға болады, яғни әр істің басынан айнып, бұзылатындығы, боссөзділіктің жанды бейнесі, қандай да бір іс қиыншылығы нақты қырларымен айшықталып, айтылып тұр.

Метафора (грекше: metaphora-ауыстыру) шығармадағы заттың яки құбылыстың суретін күшейту үшін оны ұқсас, басқа зат яки басқа бір құбылыспен балап, мағынасының өңін айналдырып айту.

Қиындықты қонағымдай тоса алам.
Болса деймін ошақ аман,
Бас аман.
Бала – өлең,
Өлең – бала,
Осынау
Балалардан бір кезім жоқ босаған.
Тіршіліктің таңы – бақыт, кеші – құт...
Деп жүргенде қалды халық кешігіп.

Тума-туыс берді жиі садақа,
Түнде көрген түстерінен шошынып.

Бұл үзінділерде баланы өлеңге, тіршіліктің таңын бақытқа, ал кешін күтқа, яғни екі нәрсені бір-біріне тікелей балайды.

Метафораның негізінде теңеу сықылды екі нәрсені бір-біріне салыстырушылық болады. Бір қарағанда метафора теңеудің қысқарған түрі тәрізді. Өйткені басқа сөз қоспай-ақ теңеу жұрнақтарын жалғап, метафораны оп-оңай теңеуге айналдыруға болады. Мысалы:

Жел сөзді құлаққа ілмейсің.
Жігіт – от,
Аруды – гүл дейсің.
Домалақ арыздан домалап
Жатасың...

Кім жазды білмейсің,- деген үзіндідегі от, гүл деген сөздерге -тай, -дей жұрнақтарын жалғап теңеуге айналдыруға болады. Бірақ олар метафораның мағынасын бермейді, теңеу мағынасын береді.

Метафораның бір алуаны: -мын, -бын, -пын, -сың, - жіктік жалғаулары не -м, -н, -ы (-сы) тәуелдік жалғауларының көмегімен жасалынады.

Мысалы:

Кім біледі!..
Сөзім – менің жемісім.
Таңдайлармен табады ол келісім.
Ерте гүлдеп,
Суық соғып сәуірде
Талай ұрған аяз деген мені сын.

Метафораның жай түрі және ұлғайған түрі болады.

Жай түрінде бір нәрсе екінші нәрсеге ғана баланады. Мысалы:

Бұл өзі жердегі ме, көктегі ме?
Жолықтым өлең-жырдың көктеміне.
Әкесі қысылады
Баласының
Қонағын тастап қаңғып кеткеніне.

Бұл үзіндіде бір нәрсе екінші нәрсеге ғана баланып тұр. Сонымен қатар метафораның ұлғайған немесе күрделі түрі де болады және ол әдебиетте көбірек кездеседі. Мысалы:

Шіркін-ай, қандай ғажап дала біздің!
Құшағы құшағындай анамыздың.
Жетісу – жеті сыры бабамыздың,
Жетісу – жеті жыры баламыздың.
Көзің сал сүйрік саусақ еккен гүлге,
Құлақ сал жүйрік саусақ шерткен күйге.
Арынды дарындардың думанында
Жетісу - жеті тұлпар жеккен күйме.
Отанның болмақ емес айырбасы.
Жұмақтан жоқ жерімнің айырмасы.
Қазақстан деген бір әсем әннің
Жетісу - ең әдемі қайырмасы!

Бұл үзіндіде «Жетісу» бес нәрсеге баланып отыр: сыр, жыр, күйме, жұмақ, әннің қайырмасы. Сондықтан бұл метафораның күрделі түріне жатады.

Кейіптеу - троптың бір түрі; жаратылыстың жансыз нәрселерін, тап жанды нәрселердей етіп жандылардың істейтін амалдарын істеткізіп суреттеу.

Аспанға, Бөркің бе еді? Көркің бе еді?
Ақ бұлттар Шалкөденде төркіндеді.
Жоғалып кете барды келесі күн
Жайлауға ертіп келген Еркін мені.
Нұр түсіп көңілімнің күмбезіне,
Нар таулар шақырады күнде өзіне.
Бір-екі сүңгіп шығып тастай суға,
Бусанып жатам ұзақ күн көзіне.

Осы келтірілген үзінділердің бәрі де кейіптеуге жатады. Кейіптеу арқылы автор жансызға жан беріп, тілсізге тіл бітіреді, не қайғылы, не қуанышты оқиғаны суреттегенде, оған және табиғат қосылады да, оны бұрынғыдан да күшейте түседі. Шығармадағы оқиғаға табиғатты қатыстырып не қайғыртып, не қуантып суреттелген жерлер өте әдемі, оқушыны еліткендей әсерлі және күшті боп келеді.

Заттандыру (овеществление: «Гвозди б делать из этих людей: Крепче б не было в мире гвоздей» - Н.Тихонов) –*керісінше жанды затты жансыз затқа балау*. Мысалы: Әйел- үйдің шегесі.

Кейіптеу де, заттандыру да метафораның түрлері.

Перифраз (грекше: *periphrasis: peri-айнала, төңірек, phrazo-айтамын*) айтылатын нәрсені айнытып, ұқсасымен бүркемелеп айту. Және бұнда метафора яки теңеудегідей нәрсемен оның ұқсатылған баламасы қатар тұрмай, тек ұқсатылған балама ғана тұрады. Перифраз бұл орайда жұмбаққа, фразеологизмдерге келеді. Жұмбақтың бәрі, фразеологизмдердің көбісі-перифраз. Мысалы:

Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

(«Тұтқын», М.Д. – ға хат)

Перифраз болатын фразеологизмдер: *қоңыз теріп кету, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман т.б.*

Жұмбақтың *перифраз* болуы: Тақиям толған – сөк, таңертең тұрсам жоқ. (Тақиям толған – сөк – *түнгі жұлдызды аспан*, таңертең тұрсам жоқ – *таң атқандағы жұлдызсыз, таза аспан// түнгі жұлдызды аспан*– нәрсе, Тақиям толған сөк– нәрсеге ұқсатылған балама).

Метонимия – «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту» (А. Байтұрсынов).

Мысалы: «Абайдың сөзінен, яки кітабынан көшіріп жазу деудің орнына «Абайдан көшіріп жаз» дейміз. Сөзінің орнына иесін айтамыз. Яғни, сөз құрылымынан керекті бір сөзді тастап кету. Бірақ, одан мағынаға зардап келмейді.

Шындық өмірдің әр түрлі құбылысы жалаң нәрсе емес, бір-бірімен байланысып ұштасып жатады. Оның түрлі жағы болады. Осы құбылыстардың

түрлі жақтарынан не тек қана бір жағын алып, не атын ғана айтып көрсету күнделік сөздерде де, әдебиетте де өте жиі кездеседі.

Әрине, бұл үшін не нәрсенің аты, не сол құбылыстың бір жағы кездейсоқ алына салмайды. Сол құбылысты бүтіндей көрсете алатын өзгеше көңіл аудара алады деген сөздер қолданылады.

Арасында ошақ пенен бесіктің
Айдай кездер өтіпті, рас, есітім.
Саны қанша енді міне,
Сізді күтіп сағынатын есіктің.

Міне, осылар сияқты не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылса және сол құбылысты түгел көрсете алса метонимия дейді.

Метонимияны қолданғанда да автор өзінің айтайын деген пікіріне бейімдей және ең өткір, ерекше көзге түседі дегендерін қолданады.

Синекдоха (мегзеу) –алмастырудың бір түрі – бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше қолдану.

Бұл бүтін нәрсенің орнына оның бөлшегін (басың нешеу?); бөлшектің орнына бүтінді (жұрттың қалай екенін ұқпадым) қолдану. Біреуге: «Басың нешеу?» дегенде оның басын сұрап отырғанымыз жоқ, неше адамы бар екенін сұрап отырмыз. Сол үйдің адамдарының орнына тек қана бастарын аламыз. «Жұрттың қалай екенін ұқпадым!» дегенде барлық жұртты айтып отырған жоқ, біреуді айтып отыр.

Бір адамның орнына «жұртты» деген сөзді айтса да, бұдан барлық жұртты ұқпаймыз, сөз аңғарына қарап, бір адамға ғана қастап айтқанын білеміз. Мысалы: «Тары пісіп тұр», «Жылқы көрдің бе?» дейді. «Тары», «жылқы» – жекеше. Дұрысын айтқанда, «тарылар, жылқылар» деу керек қой, бірақ көпшесін айтпай-ақ, жекешесін айтсақ та, көпшесінің мағынасын беретін болғандықтан, жекеше «тары, жылқы» деп қолдана береміз. «Абайлар күшті ақын ғой» дейміз. Шынында, Абай біреу, әйтсе де осылай айтылады да, айтуға болады да. Жекешенің орнына көпше, көпшенің орнына жекешені қолданушылық өлеңдерде жиі кездеседі. Мысалы:

*Жау жоғары, біз төмен.
Жау күшімнен қорғалад,
Жау жоласа жорғалап,
Күл болған жау күл болад.*

(Жамбыл)

Дұрысын алғанда *жаулар*, өйткені жау біреу емес, көп. Ішкі, тысқы жаулар бар, бірақ «жау» деген көпшенің мағынасын беріп, «жаулардың» орнына қолданылып отыр.

Кейде төмендегілер тәрізді, есептеп білуге болмайтын бір нәрсені сан жағынан пәлен деп кесіп айтушылық та синекдохаға жатады. «*Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жайылады*» дейді. Бұл – есептеуге болмайтын нәрсе. Отыз тістен шыққан сөз, мүмкін, 29 рулы елге жайылатын шығар,

мүмкін қырық рулы елге жайылатын шығар, оны есептеп шығарған ешкім де жоқ. Әйтсе де, отыз деп кесіп айтады. Абай бір өлеңінде былай дейді:

Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын, –

Осы келтірген үзінділерде әр нәрсені сан жағынан кесіп айтушылықтар бар, брақ сол сандардың қайсысын болсын ақындар санап алып, сосын жазып отырған жоқ. Бір құбылыстың бейнесін көзге елестетіп оқушыға тұжырымды ұғыныс беру үшін, ретіне қарай бір санды кесіп айтады.

Есте болатын нәрсе, синекдоха мен метонимияның арасына үзілді-кесілді шек, айырым қою қиын. Мысалы: «*Тиеді ер пайдасы сасқан жерде, Етегін ер жаңылып басқан жерде*» деген үзіндідегі «*етегін басқан*» деген сөз бір жерде синекдоха болса, екінші жерде метонимия болуы мүмкін. Егер бұл сөз, ердің ісінің теріс келгендігі орнына қолданылса, метонимия бо лады да, ал оның киімінің бір бөлшегінің орнына қолданылса, онда бүтіннің орнына бөлшекті қолдану синекдохаға жатады. Синекдоха метонимияның бір бөлшегіне ұқсайды, екеуінің арасында үзілді-кесілді. айырым қоюға болмайды дейтін себебі осы.

Символ (грекше шартты белгі) - астарлау, яғни – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру.

Ең бастысы – символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат береді.

...Аңыз емес,
Ертегі емес,—
Сыр тыңда:
Мен қырған мұрт — анау сенің мұртың да.
Жүргеніңді жасырасың өзіңше
Менің кеше көшіп кеткен жұртымда.

Тұяқ үні естілмей ме жел жақтан?
Келіп қондың қотаныма төл жатқан.
Мақтанасың жалыным деп, отым деп,
Қоламтасын кешегі оттың мен жаққан..

Гиппербола (грекше: hyperdole—өсіріп айту, «түймедейді түйедей ету») бір затты яки құбылысты әшейіндегі бар қалпынан асырып айту. Мысалға: *Көп түкірсе көл. Қу сүйектен қуырдақтық ет алады.*

Жігітке жиырма деп қараған кім?
Жігіт емес бәрі шаш тарағанның.
Туған күні тумайды ер,
Туады ол
Тұңғыш рет жұмысқа жараған күн.
Бір ұғудай ұғып-ақ алғам мұны,
Артық шығар марғаудан малдың құны.
Өлген күні өлмейді ер,
Өледі ол
Қолынан іс келмей бір қалған күні.
Жалқаулыққа жамбасың қайдан шыдар!
Жүйкең шіріп кетпей ме ойдан шұбар?!
Нағыз жаза – жұмысқа салу емес,
Нағыз жаза – жұмыссыз қалған шығар!

Литота (грекше: *litotes*—қарапайымдылық; гиперболаға керісінше бір затты яки құбылысты әшейіндегі бар қалпынан кішірейтіп, қораш көрсетіп айтатын троп түрі.

Мысалы:

Күнде алшы түсірсең де асығынды (гипербола)

Көрмейді жат жұрт сені тасы ғұрлы (литота)

Шеңгел де өз жерінде дүрілдейді,

Әркімнің өз елінде басы құнды.

Ұлғайту мен кішірейту тәсілдері жазба әдебиетте де, - поэзияда, көсем сөздерде (публицистикада), комедиялық һәм трагедиялық шығармаларда қолданылады. Сонымен қатар ұлғайту мен кішірейту біздің қазіргі әдебиетімізде көбіне әсірелеу, яғни **гротекс** (французша – оқыс, оқшау, оспадар) түрінде көрінеді.

Тавтология (грекше: *tauto-бірдей, logos-сөз*) –анықтауыш сөздің анықталушы сөздің мағынасын қайталауы.

Мысалы: *қараңғы түн* деген сияқты.

Оксюморон (грекше: *охуморон*—аңғырт тапқырлық) –бір–біріне қайшы ұғымдардан құралып, образды ұғым тудыратын сөз тіркесі.

Мысалы: *тірі өлік, қорқақ батыр, жақсы өлім.*

10 Әдеби тілді айшықтау тәсілдері

Фигура (латынша келбет, бейне) - әдеби тілдің әсерлігі үшін қажет тәсіл, яғни сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру.

Мақсаты: сөздерге ерекше леп, екпін, тыныс беру арқылы олардың оқырманға әсерін күшейту.

Айшықтаудың бірнеше түрі бар.

Арнау – адамның, яғни ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, олармен іштей кеңесуі.

Арнауды А.Байтұрсынов үш түрге бөлген: *жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау.*

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз ауызыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың...
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі Дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың...
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқың.

(Абай)

Бұл - жарлай арнаудың үлгісі: ақын жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, жеке адаммен оңаша емес, жалпы жұртпен жария кеңескен.

- Шырағым-ау, шашың неге ағарды?
Әлде біреу кемітті ме бағанды?
Сенің қара тұлымыңды сипаған,
Сарғайдың ба ойлап мендей ағанды?
- Тентегім-ау, мұртың неге қыраулы
Көрдің бе әлде көп бейнетті, сынауды?...

(Қ. Бекхожин).

Бұл – сұрай арнаудың үлгісі: ақын немесе ақын жырға қосып отырған адам өз ойын өзгеге арнап сан-сапа сауал арқылы айтып жеткізеді де, өзі сол сауалдарға жауап күтеді.

Мұның өзі қиял ма, әлде елес пе?
Ескерткіштер қирап жатыр дөңесте.
Құлыптасқа қол көтеру, қарағым,
Аруақтарға дүре соғу емес пе?

Бұл да – сұрай арнаудың үлгісі; бірақ мұндағы өзгешелік – арнауда қойылған сұрақтарға автор жауап күтпейді, өйткені олар ешқандай жауапсыз-ақ түсінікті, арнаудың өн бойында өзінен-өзі анықталып жатыр. Сұрай арнаудың мұндай түрлерін шешендік, яки риторикалық (грекше ділмар) – айшық деп атайды.

Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы.
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!

(«Қыз Жібек»)

Мен айтсам деп,
Айтсам деп сөзін көктің,
Мұнара ішек тағып, Безілдеттің.
Бірінші боп үлгермей өлең жырда,
Бірінші боп арадан өзің кеттің.
Батыр едің ешкімге бермес кегін.
Ақын едің, өнерде төрлес едің.
Бақытсызбыз - біз сені жерлеп қайттық,
Бақыттысың - ешкімді жерлеспедің!
Керек еді - бел емес -Тау асқаның,
Жарқыратып жырыңмен дала аспанын.
Бақытсызбыз - біз мүше бөлісе алмай,

(Қадыр Мырза Әли)

Бұл - зарлай арнаудың үлгілері.

Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Қайталаудың түрлері: жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау (анафора), кезекті қайталау (эпифора).

Жай қайталауға мысал:
Байлық! Байлық!
Байлық деген батпан сор.
Адамзатты тура жолдан қаққан сол...

Сүймеген соң болмайды ғой, болмайды ғой, ағайын,
Бақыт құсы қонбайды ғой, қонбайды ғой, ағайын! (Қадыр мырза Әлі!

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорыған мен едім.
Мен де айрылдым елімнен.
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.

(Махамбет)

Бұл еспе қайталаудың үлгісі. Ой мен сыр еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы соңғы ұғымның басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытқандай болады.

Ұйқыдан соң-
Жапырақпын
Жаңбыр шайып жаңарған.
Ұйқыдан соң-
Құспын
Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған.

(С. Мәуленов)

Бұл - әдепкі қайталаудың, яғни анафораның (грекше биікке шығару) үлгісі. Мұнда өлеңнің әр жолы немес әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

Күншілдер өледі	Сұлулар өледі
Көңілін от қарып:	Құшақта тұншығып.
Батырлар өледі:	Арғымақ өледі
Борышын атқарып.	Артында шаң қалып:
Бұзықтар өледі	Ақындар өледі:
Пышаққа құлшынып:	Бәріне таң қалып!

Бұл – кезекті қайталаудың, яғни эпифораның (соңынан алып жүру) үлгісі. Мұнда өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанып отырады.

Шендестіру, яғни антитеза (грекше қарама-қарсылық) – бір-біріне кереағар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету.

«Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің Қартқожаққа:
Қара жерге қар жауар
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар
Қанды көр де, бетім көр,-

деп тақпақтап айтқан жұртқа мәлім жауабын немесе Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп басталатын әйгілі өлеңіндегі түлкі мен бүркіттің арпалысын суреттеп:

Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар – ашпақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға, - деп жазған жақсы жолдары шендестірудің үлгісі.

Дамыту, градация (латынша бірден-бірге күшейте беру) – алдыңғы сөзбен соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу.

Тұлпар жүрек бір ысып, бір суынып, түршігіп,
Тулағанда кеудеде, аунап түсті тіршілік.
Төмендеп кеп көк аспан, қайта кетті биіктеп,
Түсті орнына қара жер, көк аспанға бір шығып!
Таулар тұрды енді сен бұлтым болып сөгіл деп,
Бұлтын тұрды енді сен нөсерім боп төгіл деп.

Градациялық мұншалық қызық әсерлі өлеңдегі секілді прозалық шығармаларға да өзгеше рең береді. М.Әуезов өз эпопеясында дамытудың дәл осы қасиетін біліп қолданған:

«...Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан салалы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып, тарап жаты... Ақшоқыда туған өлең мен ән жатталып, көшіріліп, әуендеп толқып Ералыға жетті. Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән жатталып, әуенге қосылып, кең атырапқа тарап жаты. Даланың қоңыр желіндей, жай соққан самалындай лүпіп-толқып, тобықты жайлауларын түгел шарпып өтті. Сырттағы Керейге, ойдағы Уаққа, Арқадағы Қаракесекке, Қуандыққа да кетті. Аягөз, Тарбағатай, Алтай, Наймандарына да жетіп жатты».

Профессор Е. Ысмайлов градацияны 2 түрге бөледі: түйдектету және баяулату.

Түйдектетуге мысал:

Адам ол – қайғырымпаз, қуанымпаз,
Жиіркенімпаз, сүйенімпаз, уанымпаз.
Дариядай шалқымпаз, шаттанымпаз.
Керкетімпаз, тасымпаз, суалымпаз.

(С.Мұқанов)

Баяулатуға мысал:

Әм жабықтым, әм жалықтым,
Сүйеу болар қай жігіт,
Көңілден кеткен соң тынным?
Әм сүйіндім, әм түңілдім,
Үнемі неткен үміт,
Өткен соң бар жақсы жылым?

(Лермонтов - Абай)

Кейде бұл екеуі қатар жүреді:

Соқ, жігіт! Соқ! Соқ, жігіт! Күйінді тарт!
Лапылда! Жандыр! Күйдір! Құмарт! Құмарт!
Безілдет! Сарнат! Зарлат!.. Үздіктірші!
Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт! Қысқарт!

(І. Жансүгіров)

Инверсия (латынша орын өзгерту, төңкеру) – прозалық, әсіресе поэзиялық шығармаларда сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру.

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

(М. Мақатаев)

Осы өлеңді әдеттегі заңды тіркестер тәртібімен құрсақ, былай болар еді:
Мен туралы естеліктер жазылар, біреулер өр тұлғалы жан еді дер, біреулер, мүмкін, ер-тұрманы бүтінделмей кеткен тұлпар еді дер.

Егіздеу, яғни **параллелизм** (грекше қатар жүру, қатынасу) – екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу. Мұның түрлері көп.

Көк ала бұлт сөгіліп
Күн жауады кей шақта
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп, күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

(Абай)

Бұл – адамның көңіл-күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра енгізудің, яки психологиялық параллелизмнің классикалық үлгісі.

Екі жаяу келеді:
Біреуінде күрек бар, лүпілдеген жүрек бар,
Біреуінде күрек жоқ, жүрек бар да, жүрек жоқ.
Бірі шаршап келеді, күні бойы жер қазып:
Бірі шаршап келеді, жолдасына ор қазып.
Бірі үй сап, сол үйдің жылынуын тілейді:
Бірі – орға досының жығылуын тілейді.
Екі жаяу келеді, ортасында – бір күрек:
Сол күректің астына қашан түсер сұм жүрек.

(Е. Ибрахим)

Бұл – ақиқат өмірдегі жақсылық пен жамандықты, солар қалыптастырған екі түрлі бітімді, осылардан туатын адамдық пен зұлымдық туралы екі түрлі ұғымды жарыстыра егіздеу.

Қыңыр болды не керек, - болайын деп болды ма?

Бір үн болды керемет, - болайын деп болды ма?

(Ж. Нәжімеденов)

Бұл синтаксистік параллелизмнің бір үлгісі. Егіздеудің бұндай түрлері де ақынның тілі мен стиліне айтарлықтай ажар береді, өрнек төгеді, нәтижесінде өлеңге кәдімгідей кенеулі күй, сүйкімді әуез бітіреді.

Сөз тастап кету, яғни **эллипсис** (грекше – түсіріп тастау, аттап айту) – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету.

Ақ көбігің... ақ жүзің
Айнам еді бір қарар
Өткізген түнім... күндізім...
Тербентер мені, ой салар.

Сол майдандар... қатты айқас
Есінде ме, ер Айдар?
Өшкен құрбан... аққан жас...
Өтті жылдар... көп айлар...

(Ж.Сайн)

Эллипсис кейде эвфемизмнің орнына да қолданыла береді: кейбір былапыт сөздерді бүкпелей жұмсартып жатпай-ақ, тастап кетсе де түсінуге болады: Мыс:

- *Шап, әкеңнің... - дедім мен оған ақырып («Мөлдір махаббат»).*

Тілдің көріктеу құралдарының бәрі – бірімен-бірі өзара тығыз байланыстағы, қарым-қатынастағы, аралас-құралас жатқан және жарыса қолданылып, бірін-бірі үстеп, толықтырып жатқан нәрселер.

😊?! Тапсырмалар

1) Көркем әдебиеттен сөздердің бұрма мағынада қолданылуына 5 мысал теріп жазыңыздар.

2) Қазақ ақындарының танымал өлеңдеріндегі сөздерді мәндес (синоним) сөздермен ауыстырып жазып келіңіздер.

3) Атауында антонимдік қарама-қарсылық бар көркем шығармаларды атаңыздар.

4) Қосымшада ұсынылған үлгіге сүйене отырып, бір өлеңге талдау жасаңыздар.

5) Төменде келтірілген мысалдан троп түрлерін тауып, анықтаңыздар.
1.«-Үйлерінде қонақ жоқ, оңаша шығар деп ем. Жаңағы арбаның үстіне тиіп қойған сақалдарың немене? Бұ қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы отырсындар ма? – дегенде, ең алдымен ұзын тістерін ақситып ашып, Дәмежан сақылдап күлді...» (М.Әуезов. «Абай жолы». 4 – кітап, 9-б.).

6) Төмендегі мысалдар жазушы тілін байытудың көздері болып табылатын сөздердің қай тобына жатады?

1. «Дәмежан мүлде басқа. Ол, керісінше, шапшаң, ашық сөйлейді. Адамға тез қабысатын, жол мен жөнді өзі біліп басқаратын көшелі кісідей. Бұл үйдің еркегі ері емес, өзі тәрізді...» (М.Әуезов. «Абай жолы». 4 – кітап, 9-б.).

2. «- Құдайым, тегі, жақсыны да, жаманды да біздің Ырғызбайға берген ғой...» (М.Әуезов. «Абай жолы». 4 – кітап, 11-б.).

3. «Абай жүрегі қабынып соңғы кезде бір шақта талықсып та кетіп еді. Өзінің көз алдында қападан, қасіреттен осындай өрт шалғандай күйге түскен Абайды Павлов әкесіндей аяды». (М.Әуезов. «Абай жолы». 4 – кітап, 63-б.).

4. «Жазықсыз қылжаққа сәл күлумен қабат Абай көңілі аз ғана селт еткендей көтеріліп те қалды. Болмаса өз ойындағы үздіксіз мұңға, бүгін тағы талай тынышсыз ауыр шерлер, сырларды қайықшы Сейіл қосты. Әбіш пәтеріндегі жастар ажары мен аз әңгіме жүрек түкпірінде жатқан зіл қара тастай, салмақты дертті сейілткен жоқ-ты. Абай кеудесінде ол тек аз ғана шаққа ғана іркіліп тұрғандай болатын... Сол тұнған удай уайымды, тек жаңағы Өтегелді күлкісі біраз ғана бүркелей, ұмыттыра тұрғандай боп еді.» (М.Әуезов. «Абай жолы». 4 – кітап, 50-б.).

5. «Елді жиып: «Уақты шабамын»» деп қол құрап жатыр. Ағама: «Барымтаға аттанатын ат, сойылы сайлы азаматын әкелсін. Мен барымды салдым. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», келсін, жиылсын!» - деп жар салыпты. Міне, сол Оразбайдың жасағына барамыз!» - деп Әзімбай Әйгерім ұсынған қымызға жаңа бас қойды.

7) Төмендегі мысалдардан фигура түрлерін тауып, анықтаңыз. Оның мәтіндегі қызметін түсіндіріңіз.

1. «Осыған қоса, тағы бір үзік арман ойласа, әке арманы емес, халық арманына, қараңғыда қамалған ел арманына мегзейді» (М.Әуезов. «Абай жолы». 4 – кітап, 154-б.).

2. Алты малта ас болмай,

Өзіңнен туған жас бала

Сақалы шығып жат болмай... (Махамбет Өтемісұлы).

8) Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріндегі Исатай бейнесін сомдауда автор қолданған метафораларды теріп жазыңыз, олардың қызметін түсіндіріңіз. Мысалы: Исатай – қазанат.

11 Өлең құрылымы мен өлшемдері

Әдеби шығарма атаулының бәрі екі жүйеде – не көркем қара сөз (проза) түрінде, не өлең (поэзия) түрінде жазылады. Яғни, *проза* (латынша – тікелей, тура айтылған сөз); *поэзия* (грекше – творчество, шығармашылық).

Өлең – еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі.

Сөз сарасы, яғни өлең туралы арнаулы ғылым бар: орыс өлеңі туралы ойлар М.Смотрицкий мен В.Третьяковский, В.Жирмунский, Б.Томашевский еңбектерінде кездесе, қазақ өлеңі туралы пікірлер Ш.Уалихановтан басталады.

Өлеңнің түрін белгілейтін, негізінен, ырғақ. **Ырғақ, ритм** (грекше – шамалас, мөлшерлес, сайма-сай) – қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы.

Өлеңнің ырғақ жасайтын бөліктері: дыбыс, буын, бунақ, тармақ, шумақ, түйдек (тирада).

Буын: Желсіз түнде жарық ай (7).

Бунақ: Желсіз түнде / жарық ай (2).

Тармақ: Желсіз түнде жарық ай (1).

Шумақ: Желсіз түнде жарық ай, (а)

Сәулесі суда дірілдеп. (б)

Ауылдың шеті терең сай, (а)

Тасыған өзен гүрілдеп. (б)

Мысалға алып отырған Абайдың бұл өлеңі – абаб (шалыс) ұйқасты, 7-8 буынды, 2 бунақты, шумағы 4 тармақтан тұратын өлең.

Сырт көзге поэзиялық шығарманың сырт пішінінің өзі прозалық шығармадан өзгеше, бөлек: әр тақта – шумақ, әр шумақтың әр жолы – тармақ, әр тармақтағы дауыс толқынының соқпа-соқпасы – бунақ. Мұның бәрі шартты нәрсе, өйткені тақтасыз да тұтаса беретін өлеңдерде шумақтардың жік-жігін ажыратуға әбден болады. Өйткені әр шумақ – аяқталған синтаксистік ой, жинақталған синтетикалық шындық. Ал шумақ бар жерде тармақ, тармақ бар жерде бунақ болатыны сөзсіз. Әр бунақты біз тағы да тек ырғақ арқылы ғана ажырата аламыз.

Қазіргі қазақ өлеңіндегі шумақ пен тармақ түрлері өте көп. Екі тармақ, үш тармақ, төрт тармақ, бес тармақ, алты тармақ, жеті тармақ, сегіз тармақ; бір бунақ, екі бунақ, үш бунақ, төрт бунақ және т.б.

3. Қабдоловтың пайымдауы бойынша, шумақ пен тармақ түрлерінің көбі – шартты зат. Сондықтан осы саладағы тәжірибе мен теория арасын тым алшақтатапау үшін өлең өлшемін ғылыми байыптау мөлшерінен аспаған дұрыс. Байыптау ырғақ маңында болуға тиіс.

12 Әдебиеттегі өлең жүйелері

Бүкіл әлем әдебиетіндегі өлеңдер әр халықтың тіл ерекшеліктеріне лайық әр түрлі жүйеде жазылады. Ең көне түрі – метрикалық (грекше - өлшем) өлең жүйесі. Бұл жүйе тұңғыш рет көне Грецияда – біздің эрадан бұрынғы VІІІ ғасырда пайда болған да, кейін (б.э.б. III ғасырда) латын әдебиетіне ауысқан.

Грек, латын тілдеріндегі дауысты дыбыстардың айтылуында екі түрлі (созымды, созымсыз) мақам бар. Көне үнді тілі мен қазіргі араб тіліндегі дауысты дыбыстар да сондай. Грек пен латын, араб пен парсы әдебиетіндегі өлең жүйесі бұл тілдердегі дәл осы ерекшеліктерден туған.

Метрикалық жүйе - әуезді жүйе, оның арқауында ән жатады. Метрикалық жүйенің бірнеше түрі бар: ямб, хорей, дактиль, амфибрахий, анапест, антипаст және т.б.

Силлабикалық өлең өлшеміндегі ең шешуші нәрсе – буын: ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ – бәрі де буынға негізделеді.

Квалитативті (сапалы) топтың силлабикадан басқа басты жүйелерінің бірі – орыс поэзиясындағы Третьяковский рефомасынан (XVIII) кейін ресми ат алып, айдар таққан **тоникалық** (грекше - екпін), яғни **акцентті** (латынша - екпін) өлең. Бұл өлеңнің өлшемі – екпін: ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ – бәрі де екпінге негізделеді. Егер силлабикалық өлеңде буын атаулының бәрі есепке алынатын болса, тоникалық өлеңде екпін түсетін буындар есепке алынады да, екпін түспейтін буындар есептелмейді.

Сапалы (квалитативті) топтың силлабика мен тоникадан бөлек, сөйте тұра екеуімен де ұқсас негізгі жүйелерінің бірі – **силлабо-тоникалық өлең**. Бұл өлеңнің өлшемі - әрі буын, әрі екпін: ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ – бәрі де буын мен екпінге бірдей негізделеді. Мұнда буын мен екпін бірдей есепке алынады.

Қазақ өлеңі – силлабикалық, яғни буынға негізделген өлең екенін аңғардық. Олай болса буын мәселесі – қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы басты мәселе.

Силлабикалық өлең атаулының бәріндегі, оның ішінде қазақ өлеңіндегі, поэзиялық қасиеттің көптен-көбі буында жатыр. Өлеңдегі өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі күллі ырғақ буынмен үндес.

Қазақ поэзиясының бүкіл дамуының кезең-кезеңдерінде қалыптасып, уақыт сынынан сіңген буын түрлері: он бір буынды өлең, он буынды өлең, тоғыз буынды, сегіз буынды, жеті б, алты буынды, бес буынды, аралас буынды өлең.

13 Қазақ поэзиясындағы ұйқас түрлері

Ұйқас, рифма (грекше өлшемдес, мөлшерлес) - өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі.

Ұйқас - өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе.

Поэтикалық синтаксистегі айшықтың (фигураның) мәні қандай болса, өлең сөздегі ұйқастың мәні де сондай. Ұйқастың маңызы әсіресе силлабикалық өлең үшін орасан зор.

Поэтикалық үндестік фонетикалық жағынан әр түрлі жолмен жасалады. Ұйқас та соған байланысты.

Академик Қ.Жұмалиев: «Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі өте көп, бірақ ең негізгі және көп қолданылатыны мыналар: 1) қара өлең ұйқасы, 2) шұбыртпалы ұйқас, 3) ерікті ұйқас, 4) кезекті ұйқас, 5) шалыс ұйқас, 6) егіз ұйқас, 7) аралас ұйқас, 8) осы күнгі ерікті ұйқастар», - деп атап көрсетеді.

1. Қара өлең ұйқасы: ааба

Жаздым жауап, замандас, - а
Тілеуі бір балғын жас. - а
Аманатын жүректе, - б
Айрылғанша жоғалмас. - а

2. Шұбыртпалы ұйқас: аааа

Бәрімізге ай ортақ, - а
Қайырлы болса, бай ортақ, - а
Жақсы болса, би ортақ, - а
Көп жасаған көне ортақ. - а

3. Ерікті ұйқас: абвгб

Бұлттан шыққан айға ұқсап, - а
Тұр еді Назым нұрланып, - б
Атлас көйлек үстінде, - в
Көк арбаға сүйеніп, - г

Шыбықтай белі бұралып. - б

4. Кезекті ұйқас: абвб

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс, - а

Қанатың қатты, мойның бос. - б

Исатайдан айрылып, - в

Жалғыздықпен болдым дос. - б

5. Шалыс ұйқас: абаб

Өсекке салмаңдар, - а

Ойымды, жарымды. - б

Өлшеуге алмаңдар, - а

Ойым бек тарылды. - б

6. Егіз ұйқас: аабб

Өсіреді күн нұры, көктем сайын жерге гүл. - а

Мен іздеген сағыныш сарғалдақ боп сенде жүр. - а

Мен бақытсыз әйелмін, жүрегі жас, өңі ескі, - б

Менің жырым, мұңым да тарихтай көмескі. - б

7. Аралас ұйқас: абвввггдв

Кебеже қарын кең құрсақ, - а

Артық туған Абылай, - б

Көтере көр бұл істі. - в

Көп Қытайдың жылқысы, - в

Тұрымтайдай құнысты - в

Жау жағадан алғанда, - г

Ит етектен алғанда, - г

Ер Абылай қорыққан жоқ, - д

Әншейін еңкейіс бере жылысты. - в

8. Осы күнгі ерікті ұйқас: абабвгдгжд

Далама біткен биігім. - а

Қабіріңді жасырған ба қу жазық? - б

Мүрдене келіп иілдім, - а

Өр даусыңды іздеп кеудем құлазып. - б

Сен, - в

Елімнің жапан шөлінде - г

Ақырай аққан сел едің. - д

Кегін де, жұрттың шерін де - г

Нажағайлы жырыңмен - ж

Көк нөсерге бөледің. - д

☺?! Тапсырмалар

1) А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ырғақ туралы айтқан ойымен танысып, оны кесте, сызба түрінде бейнелеп жеткізуге тырысыңдар.

2) 5 өлеңге ұсынылған үлгі бойынша талдау жасаңыздар:

Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша талдау үлгісі

1. **Авторы:** Мұқағали Мақатаев. Шығарма атауы: «Аққулар ұйықтағанда».

2. **Тақырыбы:** ана махаббаты мен аққу құсына қатысты халықтық наным-сенім, әдемілік пен өзімшілдік.

3. **Жанр түрі** – поэма.

4. **Идеясы:** киеліні қастерлеу.

5. **Шумақ.** Алты-сегіз шумақты.

6. **Тармақ** – қазақ поэзиясында өлең ырғағының негізгі бөлшегі, буын саны тұрақты келетін өлең жолы. Ең жиі қолданылатын тармақтар жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір буынды.

7. **Бунақ.** Үш бунақты.

Өзен де жоқ // сыймаған// арнасына//,

Жылға да жоқ// даламен //жалғасуға//.

8. **Буын.** Он бір буынды.

9. **Ұйқас.** Қара өлең ұйқасы.

Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман? - а

Қанша ұрпак кетті екен, қаншама адам? -а

Қанша шырша есті екен, құлады екен, -б

«Жетім көлге» қараудан шаршамаған? -а

10. **Әдеби-теориялық ұғымдар.**

Теңеу: Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай;

Кейіптеу: Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.

14 Көркемдік әдіс. Әдеби ағымдар мен бағыттар

Көркемдік әдіс – белгілі бір дәуірде көптеген жазушылардың шығармаларында қолданылатын, өмір шындығын суреттеу ерекшелігі, соны айқындайтын негізгі принциптер.

Әдебиетте, сондай-ақ көркемөнердің басқа салаларында бір бағыттағы жазушылардың, өнер қайраткерлерінің творчествосы идеялық нысанасы

жағынан да ұқсас, жақын келетінін байқаймыз. Бір заманда өмір сүріп, бір қоғамдық ортада қызмет еткен көптеген жазушылардың көркемдік әдісінде ортақ-сипат белгілер аз емес екенін олардың тақырып таңдау, белгілі жанрлық түрлерді қолдану, адамның бейнесін суреттеу өзгешеліктерінен анық көруге болады. Мұндай өзгеше сипат-белгілерді көбінесе белгілі әдеби бағыт, әдеби ағым аясында қарайды.

Ал көркемдік әдіс одан әлдеқайда кең мағынада алынып, жазушының өмірді бейнелеуде нақтылы болған яки болатын жағдайларды, өмір құбылыстарын тірек етуі немесе өмірдің өзі қандай болуы қажет деген өз ой-түсінігіне сүйенуі – осы екеуінің қайсысына көбірек мән беретініне сәйкес сипатталады.

Бұл пікір алғаш Аристотельден бастап орнығып, кейін Белинский оны соңғы дәуірлердегі әдебиет тарихына сүйене отырып дәлелдеді. Көркем әдебиет пен өнердің бүкіл даму тарихында әр дәуірде әр түрлі нақтылы сипат алып, үнемі бой көрсетіп келе жатқан негізгі екі көркемдік әдіс – романтизм мен реализм деуге болады. Әрине, өмір құбылыстарын осы айтылған екі тұрғыдан қарап түсіну, бейнелеу бір-біріне түгелдей қарама-қайшы нәрсе, олардың арасында ешбір байланыс, жалғастық жоқ деп санау қате болар еді. Оның бірі бар жерде, аз ба көп пе, екіншісі жалғаса жүреді. Бірақ қай жағы басым болса, негізгі сипаты соған сәйкес анықталады. Ал басқа көптеген әдеби ағым-бағыттар қалайда осы екі негізгі әдістің біреуін тірек етеді немесе оларды басқа бір қырынан толықтыруға, кейде, тіпті, солармен жарыса басқа бір жанама тәсілдер табуға тырысады.

Романтизм – ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған. (роман деген сөзден шыққан, яғни түпкі мағынасы өмірді кітаптағыдай, ой-қиялмен ұштастырып суреттеу) - әдебиеттегі, көркем өнердегі өмірдің жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс. Романтизмнің өзіне тән ерекшеліктері көп: суреттеулер шындық қиялға негізделеді, қияли шындықтың өзі осы шақтыкі емес, не өткен, не келер шақтыкі; шығарманың идеялық-көркемдік арқауында асқақ арман, көтеріңкі пафос жатады; автордың тілі де тым бояулы, мейлінше лепті, оқыс әсерлі келеді.

Орыс әдебиетінде және дүние жүзі әдебиетінде, көркем өнердің әр түрлі салаларында соңғы ғасырларда мол тараған әдіс – романтизм орыстың декабрист ақындардың (К.Ф.Рылеев, В.К.Кюхелбекер, А.И.Одоевский т.б. творчествасында орын алса, екінші жағынан, Н.В.Жуковский секілді ақындардың шығармашылығынан мол көрінеді. Алдыңғы топтағы жазушылардың творчествосында романтизмнің озат сипат-белгілері қалыптасты. Ал Жуковскийдің шығармаларынан романтизмнің осал жақтары да анық сезіледі.

Романтизмге тән басты ерекшелік айналадағы өмірге сын көзімен қарау, шарқ ұрып іздену, қиялға берілу болса, революционер жазушылар творчествосында ол жаңашылдықпен, алға ұмтылуымен ұштасты. Ал енді болашаққа үміт артпай, артқа қарайлаудан романтизмнің осал, кемшіл жақтары байқалады. Романтизмнің озат, өршіл қасиеттері Лермонтов поэзиясынан,

Пушкиннің алғашқы кездегі өлең дастандарынан айқын аңғарылады. Бұл көркем әдістің ұтымды, өнімді жақтарын А.М.Горкий өз шығармаларында жаңа сипат - белгілерімен толықтырып қолдана білді.

Қазақ әдебиетінде асқақ роматикалық толғаудың ақыны Махамбетті, Мағжан поэзиясындағы роматикалық сарынды айтуға болады.

Романтизм түгел алғанда әдебиетке жаңа тақырып, жаңа кейіпкерлер әкелді, сөз өнерін көптеген көркемдік ерекшеліктерімен байытты. Азаматтық лирикалық, тақырыптық, идеялық ауқымын кеңейтіп, романтикалық поэманың озық үлгілерін туғызды.

Романтизмнің құнды, ұтымды жақтары оған ілесе өркендеген реализмге үлкен тірек болды. Алайда романтизмді реалистік әдіске қарсы қойып, оған алыс-жақындығы тұрғысынан қарап бағалау дұрыс болмас еді. Романтизмнің бағалы жақтары, өзіндік артықшылықтары да, сонымен бірге осалдығы өз табиғатынан туындайды. Романтизм мен реализмді екі түрлі көркемдік әдіс деп қарасақ, олар бірін-бірі толықтырып, біріне-бірі нәр бере алатынын есте сақтаған жөн. Қазақ әдебиетінде романтикалық сарын мысалды М.Жұмабаевтың (Батыр баян) шығармасында көрініс тауып, өте әдемі, өте әсерлі болып шыққан.

Реализм (латынша *realis* – заттылық, шындық)-әдебиет пен өнердегі кең қанат жайған өмір құбылыстарын бар қалпында, нақтылық сипат-белгілерін сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс.

Реализм әдісі суреткерден өмір құбылыстарын, маңызды қоғамды мәселерлерді, күнделікті тұрмыстағы сан-алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетуді, қарапайым адамдардың бейнесін сипаттауға жете назар аударуды талап етеді.

Егер романтизм әдісі көбінесе сирек кездесетін ерекше жағдайларға көңіл аударса, реализм айналадағы нақтылы өмір құбылыстарын толық көрсету қажеттігін мойындайды.

Реалистік принцип жаңа дәуір әдебиеті мен көркем өнерде жаңа сипатқа ие болып, әдебиеттің халықтық демократияшылдық принциптерімен жалғастық тапты. Реализм өмірде болатын, үнемі кездесетін нақтылы жай-жағдайларды, адамның іс-әрекеттерін бейнелеуді басты міндет санайды дегенде, әрине, мұны оған алға ұмтылушылық, алыс арманға, асқақ қиялға бойұрушылық мүлде жат деп түсіну дұрыс болмайды.

Мысалы, Махамбет поэзиясын алсақ, онда романтикалық асқақ арман, алға ұмтылу, күрескерлік әуен қандай күшті болса, реалистік нақтылық, қоғамдық өмірдің, қайшылығын ашып көрсетер шыншылдық та соншалық айқын.

Реалистік әдістің негізгі өзгешелігі өмірдегі типтік жағдайларды кеңінен қамтып, қай құбылыстың болсын даралық белгілерін де, жинақталған көптеген құбылыстарға ортақ сипаттарын да нанымды суреттеп, нағыз типтік дәрежедегі көркем образдар, бейне-тұлғалар жасау дейміз.

Реалистік әдіс орыс әдебиетінде Пушкин творчествосы арқылы биік дәрежеге көтерілді. Пушкиннің «Евгений Онегин», «Капитан қызы»

романдары, көптеген лирикалық өлеңдері осы әдістің орыс әдебиетінде берік орын алуына мүмкіндік туғызды. Реализм әдісі одан әрі М.А.Гончаров, И.С.Тургенев, Л.Толстой, А.П.Чехов шығармаларында кеңінен өріс алды. Қазақ әдебиетінде реализм әдісі Абай поэзиясында жоғары сатыға көтерілді. Абайға жалғас шыққан қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов т.б. реализм әдісін өркендетіп, дамыта түсті.

Реализмнің тууы, қалыптасуы және дамуы туралы пікірлер де әр алуан: біреулер бағыт ретінде XVIII ғасырда туды десе, біреулер ағым ретінде XIX ғасырда қалыптасты деседі.

Ал әдіс ретінде дамуын қадағалаушылар оны ғасырлар тереңіне әкетіп, бір-біріне тұтасқан түр-түрге бөледі. Көне дүние (антика) реализмі, ояну дәуірінің реализмі, Ағарту кезінің реализмі, Қайта өрлеу кезеңінің реализмі, Сыншыл реализм, Социалистік реализм.

Сыншыл реализм- әдебиеттегі көркем әдіс, оның басты ерекшелігі - өмірді шыншылдықпен бейнелеп, адамдардың тағдырын, олардың типтік мінез-бітімін, характерін типтік жағдайда көрсете отырып, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, кемшіліктерді қатты сынға алу. XX ғасыр басындағы әлекметтік өзгерістерге байланысты жаңа сатыға көтерілген қазақ жазба әдебиеті өмірдің қат-қабатына терең бойлап, қоғамдық әлеуметтік қайшылықтарды ашуға ұмтылды. Россиядағы саяси хал-ахуал, қазақ зиялыларының саяси көзқарастарының қалыптасуы сыншыл реалистік әдістің әдебиетте жетекші әдіске айналуына әсер етіп қана қоймай, осы саладағы әдеби дамуға негіз қалады.

Сыншыл реализм XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің көрнекті өкілдері Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мұхамеджан, Сұлтанмахмұт, Мағжан және т.б. дарынды өкілдерінің өнерпаздық-шығарашылық қызметіндегі басты көркемдік әдіс болды. Олардың барлығы да қазақ елінің дертті мәселелерін тілге тиек етіп, қоғамдық өмірдің көлеңкелі тұстарын ашып көрсетті.

Сыншыл реализм әдісінде «Гүлкәшима», «Қалың мал», «Кім жазықты?» сынды шығармалар жазылды.

Әдебиеттегі ағым-бағыттың айырмашылығын анықтау белгілі бір кезең әдебиетінің мәнін ашуда аса маңызды. Академик З. Қабдолов «Сөз өнері» монографиясында әдеби ағымды әдеби стильмен салыстырып, түсінік береді: «Байқап қарасақ, стиль – бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса, ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік; стиль - әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр алуан жазушының ортақ сипаты; стиль жалқыға тән ұғым болса, ағым жалпыға тән таным; стиль әр жазушының әдеби беті болса, ағым әр жазушының әдеби бағыты». Ғалымның осы пікірінде ғылыми тұжырымдалған шындық бар.

Әдеби ағым әр елдің әдебиетінде әрқашан болған, әрбір әдеби ағымды әр қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік жағдай туғызады. Әдеби ағым – тарихи категория: белгілі бір қоғамдық жүйенің белгілі кезеңдегі белгілі саяси-әлеуметтік сипатына сәйкес туады да, сонымен бірге дамып, бірге жоғалып отырады.

ХҮІІ ғасырдың аяқ жағында туып, ХҮІІІ ғасырдың орта тұсына дейін өнер атаулының бәрінде, әсіресе Еуропа әдебиетінде кең өріс алған ағым **классицизм** (латынша *classicus* - үлгілі, өнегелі бағыт).

Бұл ағымның өкілері (Расин, Мольер, Корнель) баяғы көне дүние классикасын өздеріне өнеге тұтты; әдеби шығармаларын сол үлгімен жазды. Бұл ағымның көркем шығарма мазмұны мен пішініне қоятын қатал талабы, «үш бірлік» (уақыт, орын, оқиға) атанған бұлжымас шарты болды.

«Үш бірлікке» бағынған шығарманың мазмұны:

- 1) бір-ақ тәулік ішіндегі шындық;
- 2) тек бір орында өтетін тартыс;
- 3) бір ғана сюжеттік желінің бойында жататын оқиға.

Бұл – сөз өнерін ақиқат өмірден алшақтатып, нәтижесінде, әдеби ағым классикалық сипаттан әншейін схемаға көшіп бара жатты.

Осы тұста (ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде) өмірдегі абсолютизммен күрес идеясынан туған **сентиментализм** (французша – сезімталдық) өнерде классицизмді ауыстырар тың ағым болып қалыптасты.

Сентиментализм әуелі Англиядан – ағылшын жазушысы Стерннің «Сентиментальдық саяхатынан» басталды да, кейін Францияға (Руссо), Германияға (Жан Поль, жас Гете, жас Шиллер), Ресейге (Карамзин, жас Жуковский) ауысты. Сентиментализм классицизммен күресте біраз қажет нәрседен айырылып қалды: әдебиетті ірі тақырыптардан аулақ әкетті; тіршіліктегі ұсақ-түйек, күйкі жайлармен көбірек әуестенді; адамның жеке басына ден қойынқырап, қоғамдағы халықтық мәні бар келелі мәселелерден сырт қалып қойды. Сондықтан бұл ағымның да ғұмыры онша ұзаққа бармады.

О. Әбдиманұлы өзінің «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулығында сол тұстағы әдебиет өкілдерін идеялық ұстанымы, өмірдің өзекті мәселесін көркемдік шындық арқылы көрсете білуі, қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан үш бағытқа бөледі: діни-ағартушылық, ағартушы-демократтық және ұлт-азатшылдық. Ғалымның ойынша, «осы «бағыт» ұғымы олардың ерекшелігін дәл айқындайтын секліді».



Тапсырмалар

1) Әлем әдебиетіндегі әдеби ағымдар жайында мәлімет жинап, презентация әзірлеңіздер

2) Қосымша әдебиеттерді қолдана отырып, кестені толтырыңыздар:

Бағыт	Бағыттың басты сипаты	Бағыттың белгілі өкілдері

15 Қаламгер және стиль

Жазушының шығармашылығы оның ғұмырнамасымен тығыз байланысты. Жазушының творчестосы оның адамдық болмысымен, азаматтық бітімімен, өзгеден ерек өз өмір тәжірибесімен, білімімен, мәдениетімен, дүниетанымымен ұласып, бірігіп, біте қайнасып жатады.

Өз көзімен көрмеген немесе сезіп-білмеген шындықты жазушы жаза алмайды. Жазушы творчествосы оның өмірбаянынан әлдеқайда кең; бірақ бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты.

Әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың шығармашылық ерекшелігін танытады. Оны тілден де, тақырып пен идеядан да, образ жасау тәсілінен де аңғаруға болады. Әр шығармадан көрінетін осындай суреткерлік ерекшелік оның бар шығармасындағы белгілі бір бірлікке әкеледі.

Әр жазушының қаламынан туған бар шығармада **идеялық бірлік** болады. Өйткені жазушы өзінің шығармасында әр түрлі өмірлік проблема қояды да, оны шешуге бір ғана тұрғыдан – өзінің тұрақты дүниетанымы тұрғысынан келеді.

Жазушы қандай шындықты жете білсе, шығармасына соны тақырып етеді. Бұл – **тақырып ерекшелігі**.

Әр жазушының шығармашылығында **мінез бірлігі** деген болады. Он образ – он түрлі мінездің адамы болса да, он мінездің де жасалу тәсілдері бір-біріне ұқсап тұрады. Мысалы, бір жазушы адам мінезін қимыл-әрекет үстінде танытуға бейім болса, екіншісі оның көңіл-күйін, сезім-сырын, ой-арманың, әр алуан психологиялық иірімдерін суреттеу арқылы ашуға шебер болады.

Мінез бірлігімен қатар, әр жазушының творчествосынан тек өзіне ғана тән **тіл ерекшелігін** аңғарамыз. Тіл ерекшелігі – шешуші ерекшелік. Әр жазушының тіл ерекшелігіне қарап, оның бір шығармасы емес, бүкіл суреткерлік бітімін бір қырынан байқап қалуға болады.

Сонымен, біз әрбір жазушының бүкіл творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея-тақырып-мінез-тіл) тек сол жазушыға тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жайлардан да іздеп таба беруге болады.

Стиль – әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік.

Стиль деген ұғым ғылым мен өнер атаулының бәріне қатысты және олардың әр саласындағы сипаты әр бөлек.

А. Блок: «Ақындар өзара ұқсастығымен емес, ерекшелігімен қызықты».

Әдеби стиль әрқашан эволюция үстінде, диалектикалық даму үстінде болады.

Творчестволық ерекшеліктің қалыптасыуында, Гетенің айтуына қарағанда, үш кезең бар: 1) өзінен бұрынғы үлгіге жалаң еліктеумен жүрген шақ; 2) өзгеден бөлегірек азын-шоғын мәнер, машық тапқан тұс; 3) өзінен басқа ешкімге ұқсамайтын өзгеше стиль белгіленген кез.

Қ. Жұмалиев: «Дарын жоқта – стиль жоқ».

В. Белинский: «Барлық сыншылардың ішінде ең ұлы, ең данышпан, ең қателеспейтін сыншы - мезгіл».

Жазушының творчестволық ерекшелігі әр шығармасында әр қырынан аңғарылуы мүмкін, сондықтан жазушының стилі жайлы бір емес, барлық шығармасын оқып барып байлау жасаған дұрыс. Егер суреткердің дүниетанымында немесе идеялық бағытында өзгеріс болса, стиліне де ықпал ететіні даусыз.

Шын мәніндегі ірі жазушының стилін оның суреткерлік бітімінен бөліп қарауға, оның бүкіл әдеби беті мен бағытын бүкіл творчествосының мазмұны мен рухын белгілеген ағымнан не әдістен ажыратып әкетуге болмайды.

?! *Тапсырмалар*

1) Жазушы шығармашылығындағы тақырып ерекшелігіне мысал келтіріңіздер.

2) 3 жазушының шығармасынан олардың тіл ерекшеліктерін танытатын үзінділер жазып алып, топта талқылаңыздар.

3) Белгілі бір қазақ ақын-жазушысының шығармашылық лабораториясы туралы мәлімет жинаңыздар.

Өздік жұмысқа арналған тапсырмалар

№1 БӨЖ

Тақырыбы: А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі

Тапсырма: Еңбекпенен танысып (6-20 б.б.), негізгі ойларын конспектілеу, тест сұрақтарына жауап беру

1. А. Байтұрсынов тіл образдылығы, тіл бейнелілігі деген ұғымды қалай қазақшалаған:

- A) Тіл көрнекілігі.
- B) Тіл тазалығы.
- C) Тіл суреттілігі.
- D) Тіл әсемдігі.
- E) Тіл нақышы.

2. А. Байтұрсынов әдебиеттің үш тегін қалай атады:

- A) Әуезе, толғау, айтыс-тартыс.
- B) Эпос, лирика, драма.
- C) Ұлы әңгіме, эпос, толғау.
- D) Айтыс-тартыс, эпос, ұзақ әңгіме.
- E) Ұзақ сөз, көңілді сөз, көсем сөз.

3. А. Байтұрсынов "ұлы әңгіме» деп қай жанрды атады:

- A) Роман.
- B) Повесть.
- C) Әңгіме.
- D) Поэма.
- E) Драма.

4. «Дарынды сөз» деп А. Байтұрсынов нені атаған:

- A) Шешендік сөз.
- B) Қара сөзді.
- C) Өлең сөзді.
- D) Көсем сөзді.
- E) Ауызекі сөзді.

5. Публицистикалық жанрды А. Байтұрсынов қалай атады:

- A) Дәйек сөз.
- B) Еркін сөз.
- C) Көсем сөз.
- D) Ақыл сөз.
- E) Пайым сөз.

6. Тіл тазалығы дегеніміз А. Байтұрсыновша айтқанда:

- A) Жергілікті сөздерді қолданбау.
- B) Жаңа сөздерге үйір болмау.
- C) Ана тілді басқа тілдің сөзімен шұбарламау.
- D) Ескі сөздерге жоламау.
- E) Көп мағыналы сөздерді қолданбау.

7. А.Байтұрсынов лириканы қалай атады:

- A) Әуезе жыр.
- B) Ойлаамалдау.
- C) Толғау.
- D) Күй.
- E) Көңілді саз.

8. Әдебиет өнердің қай түріне жатады:

- A) Кескін.
- B) Сурет.
- C) Сөз.
- D) Мүсін.
- E) Саз.

9. А.Байтұрсынов көрнек өнерін нешеге бөлген:

- A) 4.
- B) 5.
- C) 6.
- D) 3.
- E) 7.

10. «Әдебиет танытқыш» еңбегі қай жылы жарыққа шықты?

11. Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі? Қандай?

12. Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері?

13. Шығарма мазмұнында байқалатын негіздік түрлер?

14. Сөз өнері ғылымы:

- 1) шығарманың ... ғылымы;
- 2) шығармағың ... ғылымы.

15. Абай шығармашылығы туралы жазған мақала қалай аталады?

16. А. Байтұрсынов өнерді қандай негізгі екі түрге бөледі?

17. Сөзбен қалай кескіндеуге болатынын көрсету үшін Абайдың қандай өлеңдерін мысал ретінде алады?

18. Мазмұнның үш мүшесі?

19. Шығарманың мазмұны қандай түрлерде айтылады?

20. Толықтырыңыз: «Шығару түрі шығармаларда дәйім бір өңкей болып, осы көрсеткен мысалдардағыдай кілең ... түрінде, я кілең . түрде, яки кілең ... түрінде болып айтыла бермейді. Көбінесе ... түрде айтылады.

№2 БӨЖ

Тақырыбы: Сөз өнері жайлы топшылаулар

Тапсырма: сұрақтарға жауап беріңіз

- 1) Адам баласының көркемдік талғамының алғашқы белгілері қашан пайда болған?
- 2) Бірінші Вавилон династиясы тұсында, яғни б.э.б. 2 мыңыншы жылдар шамасында туған батырлық поэма?
- 3) Дастан не жайында?
- 4) «Ригведа» ... кітапқа топтастырылған ... гимнен тұрады.
- 5) «Ригведа» гимндері арқылы қалыптасқан әдеби дәстүр тағы бір мың жыл өткен соң ... ұласты.
- 6) «Махабхарата» дастаны ... кітаптан, ... жолдан тұрады.
- 7) Үнді поэтикасының өзгеше заңы, ережесі бойынша үнді жазушыларына қандай шарт қойылған?
- 8) Гректің әдемілік туралы ілімі неден басталады? Бұл қандай түсінік?
- 9) Гераклиттің ұғымынша әдемілік ... тән. Бұл қандай түсінік?
- 10) Демокрит әр нәрсенің әсемдігі ... деп біледі. Адам өнер-білімді ... тапқан деп көрсетеді.
- 11) Сократ әр нәрсенің ажары ... деп түсінген.
- 12) Аристотельдің «Поэтикасы» - ... трактат.
- 13) Аристотельдің эстетикалық принциптерінің ең түйінді тұсы: ...?
- 14) Рим ақыны Квинт Гораций Флакктың «Поэзия ғылымы» деген теориялық поэмасы алғашқы нұсқасында ... деп аталған.
- 15) Гораций: «Ақынға ортақолдықты ...».
- 16) Горацийдің жаңа жаза бастаған жас қаламгерлерге берер ақылы –
- 17) Әл-Фараби «Поэзия өнерінің канондары туралы трактатында»
- 18) Әл-Фараби өлең жазатындарды үш топқа бөледі:
- 19) Әл-Фарабидің «Поэзия өнері» туралы трактаты ... арналған.

№3 БӨЖ

Тақырыбы: Образ және образдылық

Тапсырма: образ түрлерін белгілеудің әдістік, тектік, тәсілдік факторларына сүйене отырып, кестені толтыру. 10 мысал (ескерту: мысалдар қайталанбау керек!!! Мысалы, Абай («Абай жолы») және Шоқан («Аққан жұлдыз») деп алсаңыздар екеуінің сипаттамасы бірдей болады (реалистік, эпикалық, трагедиялық).

Үлгі

Шығарма, авторы, кейіпкер	Көркемдік әдіс түрғысынан		Әдеби тек тарапынан			Жасалу тәсіліне қарай				
	романтикалық	реалистік	эпикалық	лирикалық	драмалық	трагедиялық	геройлық	фантастикалық	сағиралық	юморлық
«Шырағың сөнбесін» романы, Т.Ахтанов, Нәзира		+	+			+	+			
«Қорқыт ата кітабы» Бұқаш	+		+				+	+		
«Сәуле» драмасы, Т.Ахтанов, Сәуле		+			+	+				

Бағалау: 10 мысал 95-100 балл

9 мысал 90-94 балл

8 мысал 85-89 балл

7 мысал 80-84 балл

6 мысал 75-79 балл

5мысал 70-74 балл

№4 БӨЖ

Тақырыбы: Көркем шығармадағы мінездеу

Тапсырма: Мінез жасау тәсілдеріне мысал келтіру

Үлгі

Мінез жасау тәсілдері	Үзінді	Автор, шығарма, бет
Тура мінездеу	Сүйіндік – жалтақ, Байдалы – табанды, қырыс адам, Бөжей – сырбермес, Қаратай – жеңген топтың жақтасы, Майбасар, Ызғұтты, Шұбар, Жиренше, Жұмағұл, Тәкежан, Әзімбай – мансапқорлар, Оразбай – жауыздық иесі.	М.Әуезов “Абай жолы» роман-эпопеясы
Жанама мінездеу	...Тортай таскүрені ұдай қылып жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдында ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап май шам қойыпты. Тастан қаланған жер ошақта маздап жанған от. Сіркіреп жаңбыр жауды. Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады.	О.Бөкей “Тортай мінер ақ боз ат” әңгімесі
Адамның сезімін, күйіну не сүйіну халін суреттеу	...Ақтық рет ышқынып, басын көтеріп алған Құлагер сары аттан домалай түсіп, тізерлеп отыра кеткен Ақанның құшағына жағын төседі. Иесінің үсті де шылқылдаған су екен. Ағыл-тегіл боп аққан көз жасына малып алғандай. “Айдалада жалғыз қалдырмай, жеттің бе, үлгердің бе? Менің қазам енді жеткен шығар, ризамын саған, бақыл бол!” деп кісінеген Құлагердің ашық қалған көзінде мөлтілдеген жас төгілмей тұнып тұр. Ақанның көзінен бір тамшы жас өлі көзге үзіліп түскенде, жан біткендей дір етті. Ақан аһ ұрып, он жыл серік болған аяулы досының жансыз көзін жапты.	С.Жүнісов “Ақырғы бәйге” (“Ақан сері” романы - нан)
Адамның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру	-Менің сұрауым бар, -деп түксиген қара кісі орнынан ұшып тұрды. Елтірі қара тымақты партаға алып ұрды. Бұл Дайрабай еді. -Ұа, жолдас, “Көк сиырдың дауы» деп жұрт күлер. Жұртқа күлкі болғанмен маған күлкі емес, мен жолсыз істі айтпай тұра алмаймын. Жүздерін жырта-жырта айтамын! -деп бастады Дайрабай. -Апырым-ау, енді сөйлейін де... “Ерік» дегені қайда осы? Өкіл жолдас, мыналарға айтсаңызшы: сөзімді бөлмесін, - деп Дайрабай бұрынғыдан да ашуға мінді.	Б.Майлин “Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры” әңгімесі
Адамның қимыл әрекетін суреттеу	Олар далаға шыққанда түйенің жарты етіндей біреудің шайдан қалған суды төбесінен төмен қарай сарылдатып құйып тұрғанын көріп, әрі сасқаннан, әрі қорыққаннан жүректері көмейлеріне кептеліп, үн шығара алмай қалды. Бейтаныстың қаперіне дәнеме де кіріп шығатын емес. Киім атаулыдан үстінде әбүрйін жасырып тұрған	Д.Исабеков “Ата үміті” (“Дермене” повесінен үзінді)

	<p>бір жапырақ қана көк шүберегі бар. Суды асықпай құйып болып, басын рақаттана шайқайды да, күнге қара қайыстай денесін алақанымен шапаттап қойды. Осы шайлада біреу-міреу бар-ау, иесі көрсе ыңғайсыз болмас па екен деп ойлау жоқ, теріс қарап тұрған бойы шелекті иілместен жерге тастай салды да, құлқайырға іліп қойған дағарадай ши қалпағын алып басына киді. Екі иығына екі кісі малдас құрып отырардай арбиған неме екен, осы бетімен ішке кірмек болса, шайланы мойнына іліп кететін түрі бар.</p>	
Портрет	<p>“Бойы өскен. Қол аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтай болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет-бейнесі баладан гөрі іріліңкіреп, бала-бозбалалық қалпына бейімделген...”</p>	М.Әуезов “Абай жолы» роман-эпопеясы
Пейзаж	<p>Есіл өлкесінің көркемдігі көзінді сонша қызықтырса, сонша хош иіс мұрныңды қытықтаса, құлағыңды қытықтайтын тамаша хорын қайтерсің!... Ол хорға сұңқылдап аққу, қаңқылдап қаз, шаңқылдап шағала, безектеп қызғыш, барылдап үйрек, сайрап бұлбұл, шықылықтап сауысқан, қарқылдап қарға, шырылдап шегіртке дегендей... жан-жануардың бәрі қосылады... “Бұл ән-күйге мен қалай қосылмаймын!” дегендей, сезімі өлік біреу болмаса, мына хорды естіген адам қалай желікпес... қалай ән шырқамас!..</p> <p>Осы хорға менің де қосылғым кеп көңілім желіккенмен, бір тарантасқа мініп қасымда келе жатқан Қазының Мырзатайынан қымсынам.</p>	С.Мұқанов “Есіл бойында” шығармасы

Бағалау: 7 мысал 95-100 балл

6 мысал 90-94 балл

5 мысал 85-89 балл

4 мысал 80-84 балл

3 мысал 75-79 балл

2 мысал 70-74 балл

№5 БӨЖ

Тақырыбы: Тақырып, идея

Тапсырма: 3 шағын көлемді шығарманың тақырыбын, идеясын анықтау

Үлгі:

Жал-жая ма?

Қадірлеген атамыз.

Коньяк па?

Аздап дәмін татамыз.

Бәрін қойып дастарханға,

О тоба!

Нан қоюды ұмытып кетіп жатамыз.

Бүгін көңіл семірді ғой,

Семірді!

Бітік егін жауып кетті өңірді.

Бір жүз грамм арақ емес,

Бір кезде

Бір үзім нан алып қалған өмірді. (Қадыр Мырза Әли)

Тақырыбы: Қазіргі адамдардың нанды қадірлемейуі туралы

Идеясы: Ас атасы – нан. Наннан үлкен ас жоқ.

Өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары

1. Қара өлең - әдеттегі үйреншікті өлең, бұл өлең төрт тармақты, әр тармақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді. Көбінесе төрт тармақты өлеңдер мағынасыз болып келеді." - деген тұжырым кімдікі:

- A) С. Сейфуллин.
- B) Қ. Жұмалиев.
- C) Ш. Уәлиханов.
- D) З. Ахметов.
- E) З.Қабдолов.

2. «Ой, Ардақ, сен –ақ қоян шыңнан қашқан, Артыңда мен–ақ сұңқар түлек ұшқан» - деген өлең тармақтарында бейнелі сөздердің қандай түрлері қолданған:

- A) Теңеу.
- B) Эпитет.
- C) Метафора.
- D) Литота.
- E) Синонимия.

3. А. Байтұрсынов тіл образдылығы, тіл бейнелілігі деген ұғымды қалай қазақшалаған:

- A) Тіл көрнекілігі.
- B) Тіл тазалығы.
- C) Тіл суреттілігі.
- D) Тіл әсемдігі.
- E) Тіл нақышы.

4. А. Байтұрсынов әдебиеттің үш тегін қалай атады:

- A) Әуезе, толғау, айтыс-тартыс.
- B) Эпос, лирика, драма.
- C) Ұлы әңгіме, эпос, толғау.
- D) Айтыс-тартыс, эпос, ұзақ әңгіме.
- E) Ұзақ сөз, көңілді сөз, көсем сөз.

5. Отқа ұшар көбелек,

Қарамай сорлы алды-артын,

Ойына кіріп шықпайды

Күйдірер деп от-жалын, - деген жолдарда тіл ұстартудың қай түріне жатады:

- A) Кейіптеу.
- B) Бернелеу.
- C) Ауыстыру.
- D) Теңеу.
- E) Бейнелеу.

6. А.Байтұрсынов "ұлы әңгіме» деп қай жанрды атады:

- A) Роман.
- B) Повесть.
- C) Әңгіме.
- D) Поэма.
- E) Драма.

7. «Дарынды сөз» деп А. Байтұрсынов нені атаған:

- A) Шешендік сөз.
- B) Қара сөзді.
- C) Өлең сөзді.
- D) Көсем сөзді.
- E) Ауызекі сөзді.

8. Әдеби тек тарапынан бөлгенде әдеби жанрлар қалай бөлінеді:

- A) Романтизм, реализм.
- B) Роман, повесть, әңгіме.
- C) Трагедия, драма, комедия.
- D) Новелла, очерк, лирика.
- E) Эпос, лирика, драма.

9. Көркемдік әдіс тұрғысынан әдеби жанр екіге бөлінеді:

- A) Эпос, лирика.
- B) Роман, повесть.
- C) Романтизм, реализм.
- D) Комедия, трагедия.
- E) Реализм, классицизм.

10. Қаламгердің көркем ойды суреттеудегі өзіндік қолтаңбасы, ерекшелігі:

- A) Реализм.
- B) Силь.
- C) Романтизм.
- D) Тақырып.
- E) Идея.

11. Сатиралық образдың өзіндік сипаты:

- A) Ұнамсыз тип, сықақпен сыналған керексіз, кесір құбылыс.
- B) Күлкімен, әжуамен түзеу мақсаты жатады.
- C) Қиялдан туған трагедиялық бейне.
- D) Өлеңдегі ақынның өз бейнесі.
- E) Ұнамды кейіпкер.

12. Шалыс ұйқас қайсы:

- A) Аабб.
- B) Ааба.
- C) Абвгб.
- D) Абаб.
- E) Аааа.

13. Кезекті ұйқасты тап:

- A) Ааба.
- B) Аааа.
- C) Абвб.
- D) Аабвбвббб.
- E) Аабб.

14. Аралас ұйқас қайсы:

- A) Абабввггджждзз.
- B) Абаб.
- C) Аабб.
- D) Аааа.
- E) Аабвбвббб.

15. Төмендегі ұйқастың қайсысы қара өлең ұйқасы:

- A) Аааа.
- B) Аабб.
- C) Ааба.
- D) Абаб.
- E) Аабв.

16. Аабб қандай ұйқас:

- A) Ерікті ұйқас.
- B) Егіз ұйқас.
- C) Кезекті ұйқас.
- D) Аралас ұйқас.
- E) Қара өлең ұйқас.

17. Мәз болады болысың

Арқаға ұлық қаққанға.

Шелтірейтіп орысың

Шенді-шекпен жапқанға, - деген өлеңнің ұйқасы қандай:

- A) Егіз ұйқас.
- B) Кезекті ұйқас.
- C) Ерікті ұйқас.
- D) Шұбыртпалы ұйқас.
- E) Аралас ұйқас.

18. Бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру:

- A) Кейіптеу.
- B) Метафора.
- C) Эпитет.
- D) Метонимия.
- E) Символ.

19. Табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін фантастикалық баян:

- A) Әңгіме.
- B) Очерк.
- C) Новелла.
- D) Миф.
- E) Фельетон.

20. Есімі елге тараған жеке адамдарды мадақтайтын не болмаса ел ішіндегі елеулі оқиғаларды дәріптейтін аса көтеріңкі, көңілді жанр:

- A) Романс.
- B) Ода.
- C) Идиллия.
- D) Эпитафия.
- E) Идиллия.

21. Дүниеден өткен кісі туралы жоқтау өлең:

- A) Эпиграмма.
- B) Эклога.
- C) Сюжет.
- D) Ода.
- E) Эпитафия.

22. Қарапайым адамдар тіршілігін суреттейтін, солардың бастарындағы күйініш-сүйінішті, қуаныш-ренішті, отбасылық тұрмыстың шырғаландарын сөз ететін, сезімге табыну көріністері айқын аңғарылатын әдеби ағым:

- A) Классицизм.
- B) Сентиментализм.
- C) Натурализм.
- D) Футуризм.
- E) Фрейдизм.

23. Зерттеу нысанасы әдеби шығармадағы бейнелеу құралдарының жүйесі болып табылатын әдебиеттанудың көнеден келе жатқан саласын көрсетіңіз:

- A) Әдебиет тарихы.
- B) Поэтика.
- C) Текстология.
- D) Библиография.
- E) Историография.

24. Өмір құбылыстарына ешқандай идеялық баға бермей, қаз-қалпында суреттеуді талап еткен шығармашылық принциптерді ұстанатын әдеби ағым:

- A) Сентиментализм.
- B) Натурализм.
- C) Футуризм.
- D) Фрейдизм.
- E) Модернизм.

25. Адам өмірінде, немесе хайуанаттар дүниесінде болуға лайық, әр алуан қызық, кейде тіпті ғажайып оқиғаларды ойдан шығарып, өсіре әңгімелейтін көркем баян, әсерлі хикая:

- A) Әңгіме.
- B) Повесть.
- C) Новелла.
- D) Ертегі.
- E) Очерк.

26. Негізінде шындыққа жанасымды, кейде өмірде болған, халық жадында сақталған оқшау оқиғалар жиынтығы, әсіре қиял аралас фантастикалық хикая:

- A) Миф.
- B) Аңыз.
- C) Ертегі.
- D) Фельетон.
- E) Әңгіме.

27. Ұйқас деген не:

- A) Өлең тармақтарындағы буын сандарының бірдей болуы.
- B) Сөз басындағы дыбыстардың қайталануы.
- C) Өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының, соңғы буындардың үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі.
- D) Сөйлемдердің синтаксистік құрылымының үйлесімділігі.
- E) Тармақтардың бірдей бунақтарға бөлінуі.

28. Паралелизм (егіздеу) деген не:

- A) Сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру.
- B) Сөйлем ішінде атап айтпаса да, түсінікті сөздерді жазбай тастап кету.
- C) Өзара кереғар құбылыстарды бетпе-бет қою.
- D) Негізгі ойды, объектіні астарлап, суреттеу.
- E) Екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, қатар қойып, жұптап суреттеу.

29. Сен құрметте оны! Түсіндің бе, қарағым? Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын,- деген өлең жолдары фигураның қай түріне мысал бола алады:

- A) Инверсия (сөз орнын ауыстыру).
- B) Эллипсис (сөз тастап кету).
- C) Градация (дамыту).
- D) Антитеза (шендестіру).
- E) Қайталау.

30. Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!

Ала жаздай ән салсаң,

Селкілде де, билей бер!- деген өлең жолында троптың қай түрі қолданылған:

- A) Метонимия.
- B) Ирония.
- C) Эпитет.
- D) Метафора.
- E) Литота.

31. Көркем әдебиетті, көркем әдебиеттің түп-төркінін, мән-маңызы мен даму үрдісін зерттейтін ғылым қалай аталады:

- A) Лингвистика.
- B) Стилистика.
- C) Поэтика.
- D) Әдебиеттану.
- E) Әдебиет тарихы.

32. Әдеби және әдеби-сын шығармалардың, жекелеген қаламгерлер мен сыншылар шығармашылықтарының, сондай-ақ көркемдік әдіс-тәсілдердің, әдеби түрлер мен жанрлардың тарихи орнын және ерекшеліктерін бағалауға негізделген әдебиеттанудың саласын атаңыз:

- A) Тарихи поэтика.
- B) Әдебиет сыны.
- C) Әдебиет тарихы.
- D) Жалпы поэтика.
- E) Әдеби сын теориясы.

33. Көркем шығармадағы пейзаж:

- A) Кейіпкер мінезін сипаттау.
- B) Кейіпкер келбетін сипаттау.
- C) Көркем шығармадағы материалдық заттар бейнесі.
- D) Көркем шығармадағы табиғат суреті.
- E) Көркем шығармадағы адам еңбегін суреттеу.

34. Автобиографиялық шығарманың ерекшелігі:

- A) Тарихи дәуірлерді нақты суреттейтін шығарма.
- B) Бүгінгі күн туралы очерктер жинағы.
- C) Автордың өз өмір кезеңдері туралы жазған шығармасы.
- D) Авторға қатысы жоқ шығарма.
- E) Лирикалық толғау.

35. Драмалық шығарманың бір бөлімі:

- A) Тарау.
- B) Сала.
- C) Параграф.
- D) Акт.
- E) Эпилог.

36. Публицистикалық жанрды А.Байтұрсынов қалай атады:

- A) Дәйек сөз.
- B) Еркін сөз.
- C) Көсем сөз.
- D) Ақыл сөз.
- E) Пайым сөз.

37. Белгілі бір қоғамда, ортада танымал сипатқа ие жинақталған жеке адам образы қалай аталады:

- A) Мінез.
- B) Тип.
- C) Портрет.
- D) Қосалқы бейне.
- E) Жанама образ.

38. Негізгі өлшемі екпін болып келетін өлең жүйесі:

- A) Метрикалық.
- B) Силлабикалық.
- C) Тоникалық.
- D) Силлабо-тоникалық.
- E) Дольникалық.

39. Тип қандай образ:

- A) Дараланған образ.
- B) Маргиналдық образ.
- C) Анық айқындалмаған образ.
- D) Көмескі образ.
- E) Жинақталған образ.

40. Үш кітаптан тұратын, әр бір кітап жинақталған оқиғаға құрылған, сюжеті мен идеясы бір-бірімен жалғасып жатқан шығарма:

- A) Повестер жинағы.
- B) Дилогия.
- C) Эпопея.
- D) Трилогия.
- E) Трибрахия.

41. "Абай жолы» эпопеясындағы типтік образ:

- A) Кәмшат.
- B) Қамқа.
- C) Шөже.
- D) Баймағамбет.
- E) Дәркембай.

42. Сәбит Мұқановтың романы:

- A) Махаббат қызық мол жылдар.
- B) Мөлдір махаббат.
- C) Дауылдан кейін.
- D) Қарағанды.
- E) Оянған өлке.

43. М.Әуезовтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына жазылған шығармасы:

- A) Өскен өркен.
- B) Абай жолы.
- C) Қилы заман.
- D) Көксерек.
- E) Оқыған азамат

44. М.Әуезовтің "Қараш-қараш оқиғасы» шығармасы қай жанрда жазылған:

- A) Роман.
- B) Повесть.
- C) Әңгіме.
- D) Драма.
- E) Пьеса.

45. Әдебиеттанумен байланысы жоқ пән:

- A) Лингвистика.
- B) Эстетика.
- C) Әдебиет теориясы.
- D) Стереометрия.
- E) Тарих.

46. Әдебиеттанудың қай саласын әдебиетті зерттеудің тәсілдері мен негізгі ұстанымдарын айқындайды:

- A) Поэтика.
- B) Әдеби сын тарихы.
- C) Әдебиет теориясы.
- D) Поэтика тарихы.
- E) Мәтін түсініктемесі.

47. Композицияның сюжеттен тыс элементтері:

- A) Экспозиция.
- B) Кульминация.
- C) Бұрма экспозиция.
- D) Эпилог.
- E) Шешім.

48. Өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қайшылықтардың, адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекет пен мақсат мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі:

- A) Тақырып.
- B) Сюжет.
- C) Композиция.
- D) Тартыс.
- E) Деталь.

49. Адамдар арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы сияқты, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі:

- A) Сюжеттің дамуы.
- B) Сюжеттік байланыс.
- C) Сюжеттің басталуы.
- D) Сюжеттің шарықтау шегі.
- E) Сюжеттің шешімі.

50. Көркем әдебиеттің қалай пайда болғанын, қайтіп қалыптасқанын, қандай жолдармен дамығанын зерттейтін ғылым саласы:

- A) Әдебиет сыны.
- B) Әдебиет тарихы.
- C) Әдебиет теориясы.
- D) Әдебиет халықтығы.
- E) Әдебиет таптығы.

51. Сюжеттің даму сатылары:

- A) Кейіптеу, астарлау, айшықтау.
- B) Мезгеу, градация, экспозиция.
- C) Мамыту, экспозиция, кейіптеу.
- D) Экспозиция, байланыс, шарықтау шегі.
- E) Шешімі, айшықтау, дамыту.

52. Сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын нәрсе - шығарманың...

- A) Экспозициясы.
- B) Байланысы.
- C) Композициясы.
- D) Шарықтау шегі.
- E) Шешімі.

53. Троптың түрлері:

- A) Эпитет, теңеу, айшықтау.
- B) Метафора, метонимия, кейіптеу.
- C) Метафора, айшықтау, эпитет.
- D) Эпитет, сарказм, теңеу.
- E) Ирония, айшықтау, метафора.

54. Қайыңдар күмістің сом бақанындай,
Жиі терек әскердің қатарындай
Бұтақтар жапырағы сылдырлаған
Өзбектің батсайы шапанындай,- деген өлең шумағында көркемдеу құралдың қайсысы қолданылған:

- A) Теңеу.
- B) Эпитет.
- C) Айқындау.
- D) Метафора.
- E) Синекдоха.

55. М. Әуезовтің "Қорғансыздың күні» шығармасының жанры:

- A) Очерк.
- B) Драма.
- C) Трагедия.
- D) Әңгіме.
- E) Роман.

56. "Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазып, Абай Құнанбаев шығармашылығы туралы пікір айтқан ғалым:

- A) А.Байтұрсынов.
- B) С.Сейфуллин.
- C) М.Дулатов.
- D) М.Жұмабаев.
- E) Ж.Аймауытов

57. Көркем шығармада табиғат бейнесінің әр алуан қырынан сипатталуы:

- A) Портрет.
- B) Мінез.
- C) Пейзаж.
- D) Силлабус.
- E) Деталь.

58. Қаламгердің ақиқат болмысты образды бейнелеу ерекшеліктерін әдебиеттанудың қай саласы қарастырады:

- A) Әдебиет сыны.
- B) Жалпы поэтика.
- C) Әдебиет тарихы.
- D) Әдебиет теориясы.
- E) Текстология.

59. Тура өмірдің өз аясында, көзбе-көз, қолма-қол жасалатын көркем бейне:

- A) Лирикалық образ.
- B) Драмалық образ.
- C) Эпикалық образ.
- D) Фантастикалық образ.
- E) Геройлық образ.

60. Ойдан шығарылмай шындық оқиға да, адам бейнесі де тікелей өмірдің өзінен алынатын жанр:

- A) Әңгіме.
- B) Аңыз.
- C) Повесть.
- D) Очерк.
- E) Поэма.

61. Драмалық шығарманың бір түрі:

- A) Әңгіме.
- B) Поэма.
- C) Комедия.
- D) Проза.
- E) Новелла.

62. Әдеби тек тарапынан бөлінгендегі образ түрі:

- A) Ююморлық.
- B) Фантастикалық.
- C) Драмалық.
- D) Романтикалық.
- E) Сатиралық образ.

63. Орта көлемді эпикалық түр:

- A) Роман.
- B) Әңгіме.
- C) Поэма.
- D) Новелла.
- E) Ертегі.

64. Қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық негізін салушы ғалым:

- A) Ж.Аймауытов.
- B) А.Байтұрсынов.
- C) М.Дулатов.
- D) Ш.Құдайбердиев.
- E) Ә.Бөкейханов.

65. Силлабикалық өлең өлшеміндегі ең шешуші нәрсе:

- A) Ырғақ.
- B) Тармақ.
- C) Буын.
- D) Бунақ.
- E) Шумақ.

66. Жоғарғы ерні көк тіреп

Төменгі ерні жер тіреп /Б.Ж./:

- A) Синекдоха.
- B) Литота.
- C) Эпитет
- D) Гипербола.
- E) Метонимия.

67. Новелла қандай жанрлық түрге жатады:

- A) Лирикалық драма.
- B) Жоқтау өлең.
- C) Шағын көлемді эпика.
- D) Сюжетті өлең.
- E) Лирикалық жанр.

68. Әдебиеттану ғылымының қосалқы үш саласының бірі:

- A) Әдебиет теориясы.
- B) Историография.
- C) Әдебиет тарихы.
- D) Әдебиет сыны.
- E) Реализм.

69. Бірыңғай дауыссыздардың қайталанып келуі қалай аталынады:

- A) Ассонанс.
- B) Дактиль.
- C) Эвфония.
- D) Дыбысқа еліктеу.
- E) Аллитерация.

70. Кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын айшықтаудың бір түрі:

- A) Анаграмма.
- B) Анекдот.
- C) Анафора.
- D) Антитеза.
- E) Омоним.

71. Драмадағы ең шешуші нәрсе:

- A) Шарықтау шегі.
- B) Экспозиция.
- C) Тәсіл.
- D) Персонаж.
- E) Тартыс.

72. Көркем шығармаларды талдап, баға беретін, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы:

- A) Әдебиет тарихы.
- B) Библиография.
- C) Әдебиет сыны.
- D) Текстология.
- E) Әдебиет теориясы.

73. Өлеңдегі ең үлкен бірлік:

- A) Эпитет.
- B) Шумақ.
- C) Ассонанс.
- D) Буын.
- E) Тармақ.

74. Алғашқы қазақ романисі:

- A) Ж.Аймауытов.
- B) С.Көбеев.
- C) С.Торайғыров.
- D) М.Дулатов.
- E) С.Мұқанов.

75. Фабула дегеніміз:

- A) Троптың бір түрі.
- B) Драмалық жанр.
- C) Сюжеттің бөлшегі.
- D) Шығарманың идеялық бағыты.
- E) Сюжет пен композиция іске асатын фон.

76. Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата көрсететін айшықтаудың бір түрі:

- A) Глосса.
- B) Декаданс.
- C) Градация.
- D) Дәйектеме.
- E) Инверция.

77. Классицизмнің әдеби манифесіне айналған /шығарма/ эстетикалық трактат:

- A) Н.Буало. "Поэтикалық өнер".
- B) И.Г.Лессинг. "Лаокон немесе әдебиет пен живописінің шекарасы туралы" .
- C) И.Кант. "Таза санаға сын".
- D) Аристотель. "Поэтика".
- E) Гегель. "Эстетика".

78. Тіл тазалығы дегеніміз А.Байтұрсыновша айтқанда:

- A) Жергілікті сөздерді қолданбау.
- B) Жаңа сөздерге үйір болмау.
- C) Ана тілді басқа тілдің сөзімен шұбарламау.
- D) Ескі сөздерге жоламау.
- E) Көп мағыналы сөздерді қолданбау.

79. А.Байтұрсынов лириканы қалай атады:

- A) Әуезе жыр.
- B) Ойламалдау.
- C) Толғау.
- D) Күй.
- E) Көңілді саз.

80. Эстетика дегеніміз қандай ғылым:

- A) Ақын-жазушының ойлау жүйесі.
- B) Әдемілік туралы ілім.
- C) Өнер тарихын зерттейді.
- D) Шығармашылықтың қыр-сыры.
- E) Суреткердің тұлғасы.

81. "Өнерді - табиғатқа еліктеу» деп тапқан ойшыл:

- A) Аристотель.
- B) Шеллинг.
- C) В.Г.Белинский.
- D) Платон.
- E) Гегель.

82. Әдебиеттанудың жанама саласы:

- A) Әдебиет сыны.
- B) Әдебиет тарихы.
- C) Текстология.
- D) Поэтика.
- E) Философия

83. "Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес» /М.Әуезов/.

Троптың қай түрі:

- A) Литота.
- B) Аллегория.
- C) Ирония.
- D) Гипербола.
- E) Теңеу.

84. Драмадағы автор сөзі:

- A) Баяндау.
- B) Монолог.
- C) Түсініктеме.
- D) Декорация.
- E) Ремарка.

85. Орта көлемді эпикалық түр:

- A) Мемуар.
- B) Памфлет.
- C) Эссе.
- D) Повесть.
- E) Мысал.

86. Лиро-эпикалық сипаттағы шағын сюжетті өлең:

- A) Пролог.
- B) Новелла.
- C) Эссе.
- D) Баллада.
- E) Арнау.

87. Библиография:

- A) Әдебиет тарихының объектісі.
- B) Әдебиеттану ғылымының жанама саласы.
- C) Әдеби бағыт.
- D) Жанрдың бір түрі.
- E) Сын жанры.

88. Кульминация дегеніміз:

- A) Жанрлық түр.
- B) Өлеңдегі қайталау.
- C) Дәстүрлі метафора.
- D) Сюжеттегі шиеленістің шарықтау шегі.
- E) Кейіпкер сөзі.

89. Лирикалық герой дегеніміз:

- A) Драма кейіпкері.
- B) Әңгімедегі автор бейнесі.
- C) Романдағы өлең жазатын кейіпкер.
- D) Өлеңдегі ақын образы.
- E) Прототип.

90. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы драмалық шығарма:

- A) М. Әуезов «Еңлік-Кебек».
- B) С. Сейфуллин «Бақыт жолында».
- C) Ж. Аймауытов «Шернияз».
- D) Б. Майлин «Майдан».
- E) Ғ. Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу».

91. Жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасын не дейміз:

- A) Тақырып.
- B) Образ.
- C) Идея.
- D) Характер.
- E) Сюжет.

92. Заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөзді не дейміз:

- A) Теңеу.
- B) Эпитет.
- C) Табу.
- D) Ассонанс.
- E) Диалектизм.

93. Әдеби шығарма мәтінін сыни тұрғыдан тексертіп, зерттеумен және әдеби айналымға кеңінен түсіру мақсатында баспа арқылы жариялаумен айналысатын әдебиеттанудың көмекші саласын көрсетіңіз:

- A) Палеография.
- B) Стилистика теориясы.
- C) Әдеби сын теориясы.
- D) Историография.
- E) Текстология.

94. «Поэтика өнері жайында» атты трактаттың авторы кім:

- A) Анандавардхана.
- B) Буало.
- C) Платон.
- D) Аристотель.
- E) Әл-Фараби.

95. Эпос жанрының түрі:

- A) Ода.
- B) Роман.
- C) Комедия.
- D) Баллада.
- E) Трагедия.

96. Қазақ өлеңі туралы алғашқы теориялық пікір айтқан кім:

- A) Ы. Алтынсарин.
- B) Ш. Уәлиханов.
- C) А. Құнанбаев.
- D) А. Байтұрсынов.
- E) С. Торайғыров.

97. Реализм деген не:

- A) Әдіс.
- B) Тәсіл.
- C) Бағыт.
- D) Ағым.
- E) Мектеп.

98. Өлеңде дауысты дыбыстардың қайталауын қалай атайды:

- A) Анафора.
- B) Аллитерация.
- C) Ассонанс.
- D) Эпифора.
- E) Эпитет.

99. Ағымдардың қайсысы адамның ішкі сезімін суреттеуді мақсат етіп алға қойды:

- A) Классицизм.
- B) Сентиментализм.
- C) Натурадизм.
- D) Футуризм.
- E) Формализм.

100. Мақтауға арналған өлең түрі:

- A) Элегия.
- B) Эпиграмма.
- C) Ода.
- D) Сонет.
- E) Пародия.

101. М. Әуезовтің «Абай жолы» шығармасы романның қай түріне жатады:

- A) Хроника.
- B) Диалогия.
- C) Эпопея.
- D) Трилогия.
- E) Роман.

102. Әдебиет теориясының қазақ әдебиетіндегі тұңғыш авторы:

- A) А. Байтұрсынов.
- B) Қ. Жұмалиев.
- C) Е. Ысмайлов.
- D) З. Қабдолов.
- E) З. Ахметов.

103. Зат пен құбылысты үлкейтіп көрсететін троптың түрін ата:

- A) Литота.
- B) Символ.
- C) Ирония.
- D) Гипербола.
- E) Метонимия.

104. Әдебиет өнердің қай түріне жатады:

- A) Кескін.
- B) Сурет.
- C) Сөз.
- D) Мүсін.
- E) Саз.

105. Романтизм деген не:

- A) Тәсіл.
- B) Бағыт.
- C) Ағым.
- D) Мектеп.
- E) Әдіс.

106. Поэтиканың авторы кім:

- A) Аристотель.
- B) Буало.
- C) Гегель.
- D) Байтұрсынов.
- E) Тимофеев.

107. Өлеңде дауыссыз дыбыстардың қайталануын қалай атайды:

- A) Анафора.
- B) Аллитерация.
- C) Ассонанс.
- D) Эпифора.
- E) Эпитет.

108. Қазақ өлеңінің құрылысын зерттеген кім:

- A) М.Қаратаев.
- B) Т.Кәкішев.
- C) З.Ахметов.
- D) З.Қабдолов.
- E) С.Қирабаев.

109. Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасындағы Қоңқай қандай образ:

- A) Сатиралық.
- B) Лирикалық.
- C) Юморлық.
- D) Силлаби-тоникалық
- E) Қаһармандық.

110. Қазақ өлеңінің өлшемі:

- A) Тоникалық.
- B) Силабикалық.
- C) Метрикалық.
- D) Гаруз.
- E) Силлаби-тоникалық.

111. Мына шумақта айшықтаудың қандай түрі бар:

Біреуі-көк, біреуі-жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар - аппақ, бүркіт - қара, түлкі - қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға:

- A) Қайталау.
- B) Дамыту.
- C) Шендестіру.
- D) Егіздеу.
- E) Арнау.

112. Ш.Уәлиханов қазақ өлеңін нешеге бөлді:

- A) 4.
- B) 3.
- C) 5.
- D) 6.
- E) 7.

113. “Әдебиет танытқыштың” авторы:

- A) Қ.Жұмалиев.
- B) А.Байтұрсынов.
- C) Е.Ысмайылов.
- D) З.Қабдолов.
- E) З.Ахметов.

114. Қазақ әдебиетіндегі символизм өкілі:

- A) А.Құнанбаев.
- B) С.Торайғыров.
- C) М.Жұмабаев.
- D) М.Дулатов.
- E) С.Сейфуллин.

115. “Үш бірлікке» бағынған ағым:

- A) Синтементализм.
- B) Классицизм.
- C) Натурализм.
- D) Формализм.
- E) Символизм.

116. Мына мысал троптың қай түріне жатады:

Әй, сақал! Бұл арадан Плюшкинге қалай баруға болады:

- A) Ирония.
- B) Синекдоха.
- C) Гипербола.
- D) Метонимия.
- E) Метафора.

117. Ф. Энгельс “Трагедияның атасы” деп кімді атаған:

- A) Софокл.
- B) Эсхил.
- C) Эврипид.
- D) Гомер.
- E) Аристотель.

118. Натурализм деген не:

- A) Тәсіл.
- B) Әдіс.
- C) Ағым.
- D) Силь.
- E) Мектеп.

119. Көркем шығарманың құрылысы қалай аталады:

- A) Экспозиция.
- B) Сюжет.
- C) Композиция.
- D) Фабула.
- E) Ситуация.

120. Қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің негізін салған кім:

- A) С. Сейфуллин.
- B) М. Жұмабаев.
- C) А. Құнанбаев.
- D) М. Сералин.
- E) Ж. Аймауытов.

121. “Өлең сөздің теориясы» атты еңбектің авторы кім:

- A) М. Қаратаев.
- B) З. Қабдолов.
- C) З. Ахметов.
- D) Қ. Жұмалиев.
- E) Е. Ысмайылов.

122. Зат пен құбылысты кішірейтіп көрсететін троптың түрін ата:

- A) Гипербола.
- B) Символ.
- C) Сарказм.
- D) Литота.
- E) Метонимия.

123. Көркем шығарма сюжетінің ең жоғарғы сатысының аты:

- A) Экспозиция.
- B) Ситуация.
- C) Кульминация.
- D) Шешім.
- E) Эпилог.

124. Мына қандай ұйқас:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.
Ту ұстап дұшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық:

- A) Қара өлең ұйқасы.
- B) Шұбыртпалы ұйқас.
- C) Егіз ұйқас.
- D) Шалыс ұйқас.
- E) Ерікті ұйқас.

125. “Абай жолы» романның қай түріне жатады:

- A) Әскери роман.
- B) Сатиралық роман.
- C) Тарихи роман.
- D) Мемуарлық роман.
- E) Әлеуметтік роман.

126. Батырлар жырындағы Қобыланды, Алпамыс образдары қандай образдар:

- A) Реалистік.
- B) Романтикалық.
- C) Драмалық.
- D) Лирикалық.
- E) Юморлық.

127. Өлеңді туындыдағы автор қандай кейіпкер болып табылады:

- A) Эпикалық.
- B) Сатиралық.
- C) Драмалық.
- D) Лирикалық.
- E) Трагедиялық.

128. Тек кейіпкерлер ғана сөйлесетін шығарма:

- A) Эпос.
- B) Лирика.
- C) Драма.
- D) Поэма.
- E) Роман.

129. “Өнер туындысының ірге тасы» деп нені атаймыз:

- A) Идея.
- B) Сюжет.
- C) Тақырып.
- D) Композиция.
- E) Образ.

130. Фигураның бір түрі арнаудың неше түрі бар:

- A) 4.
- B) 5.
- C) 3.
- D) 2.
- E) 6.

131. Мына мысал троптың қай түріне жатады.

Үйі маз боп қой сойды.

Сүйіншіге шапқанға:

- A) Метафора.
- B) Синекдоха.
- C) Метонимия.
- D) Символ.
- E) Кейіптеу.

132. “Поэзия өнері туралы» трактаттың авторы кім:

- A) Әл-Фараби.
- B) Ибн Сина.
- C) Бируни.
- D) Омар Хаям.
- E) Әл-Хорезми.

133. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны көрсетуді қалай атайды:

- A) Синекдоха.
- B) Метонимия.
- C) Кейіптеу.
- D) Литота.
- E) Ирония.

134. Фигураның бір түрі – сөз тастап кетуі қалай атайды:

- A) Эпифора.
- B) Анафора.
- C) Эллипсис.
- D) Традиция.
- E) Антитеза.

135. Мына ұйқас қандай ұйқас:

Елдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім.

- A) Ерікті ұйқас.
- B) Қара өлең ұйқасы.
- C) Кезекті ұйқас.
- D) Шұбыртпалы ұйқас.
- E) Егіз ұйқас.

136. М.Әуезовтің “Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазиза образы қандай образ:

- A) Комедиялық.
- B) Сатиралық.
- C) Юморлық.
- D) Драмалық.
- E) Трагедиялық.

137. Жеке біреулерді мінеп, мысқылдайтын сықақ өлең:

- A) Эпитафия.
- B) Эклота.
- C) Эпиграмма.
- D) Мадригаль.
- E) Элегия.

138. Әдебиеттанудың қай саласы көркем шығарманың құрылысын қарастырады:

- A) Әдебиеттің тарихы.
- B) Әдебиет сыны.
- C) Текстология.
- D) Әдебиеттің теориясы.
- E) Библиография.

139. –дай, –дей жұрнағы арқылы жасалатын көркемдік құрал:

- A) Эпитет.
- B) Метафора.
- C) Теңеу.
- D) Синекдоха.
- E) Литота.

140. Әдебиеттің тектері:

- A) Эпос, лирика, драма.
- B) Ертегі, аңыз, мысал.
- C) Батырлық жыр, ғашықтық жыр, тарихи жыр.
- D) Толғау, терме, арнау.
- E) Айтыс, шешендік сөз, әпсана.

141. Көзі жұмыққа арзан,
Көзі ашыққа маржан:

- A) Антитеза.
- B) Литота.
- C) Гипербола.
- D) Эпитет.
- E) Метонимия.

142. Литота ойды қалай бейнелейді:

- A) Әсірелеу, ұлғайту.
- B) Салыстыра суреттеу.
- C) Мүлде кішірейте суреттеу.
- D) Сөздерді қарама-қарсы мәнде айту.
- E) Сөздердің мағынасын бұрып айту.

143. Мақтауға арналған өлең түрі:

- A) Элегия.
- B) Эпиграмма.
- C) Ода.
- D) Сонет.
- E) Пародия.

144. Көркем шығарма тексін зерттеп баспаға даярлайтын қандай пән:

- A) Деректану.
- B) Стилистика.
- C) Текстология.
- D) Библиография.
- E) Историография.

145. “Абай жолы» романындағы Құнанбай қандай образ:

- A) Лирикалық.
- B) Драмалық.
- C) Эпикалық.
- D) Юморлық.
- E) Сатиралық.

146. “Мазмұн мен форманың бірлігі” атты еңбектің авторы:

- A) Т.Кәкішев.
- B) С.Қирабаев.
- C) М.Дүйсенов.
- D) З.Қабдолов.
- E) З.Ахметов.

147. Көркем шығармадағы адамның өз сөзін қалай атайды:

- A) Диалог.
- B) Мінез.
- C) Портрет.
- D) Монолог.
- E) Ремарка.

148. “Сюжет” сөзі қай халықтың тілінен шыққан:

- A) Ағылшын.
- B) Француз.
- C) Неміс.
- D) Латын.
- E) Грек.

149. Образ жасауға қажетті негізгі амал-тәсілдер қайсы:

- A) Баяндау.
- B) Композиция, эпилог, пролог.
- C) Портрет, диалог, монолог.
- D) Сюжет.
- E) Әңгімелеу түрлері.

150. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігіне қатысты түрлі заттар мен құрал-жабдықтардан бейнеленуі қалай аталады:

- A) Деталь.
- B) Оқшау эпизодтар.
- C) Интерьер.
- D) Пейзаж.
- E) Лирикалық шегініс.

151. Көркем шығарманың ең соңғы бөлшегінде кейіпкердің тағдыры туралы баяндау қалай аталады:

- A) Пролог.
- B) Эпистолог.
- C) Ремарка.
- D) Эпилог.
- E) Комедия.

152. “Комедияның атасы” деп кімді атаған:

- A) Плавт.
- B) Аристофан.
- C) Мольер.
- D) Теренций.
- E) Расин.

153. Э. Золя негізін қалаған әдеби ағым:

- A) Символизм.
- B) Натурализм.
- C) Формализм.
- D) Кубизм.
- E) Футуризм.

154. Әңгіме қандай жанрлық түрге жатады:

- A) Орта көлемді эпикалық түр.
- B) Кең көлемді эпикалық түр.
- C) Шағын көлемді эпикалық түр.
- D) Лирика.
- E) Драма.

155. Фигураның түрін тап :

Қара жерге қар жауар, Қарды көр де, етім көр
Қар үстінде қан тамар, Қанды көр де, бетім көр.

- A) Градация.
- B) Антитеза.
- C) Анафора.
- D) Арнау.
- E) Инверсия.

Талдауға арналған өлеңдер

Абай Құнанбаев

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі сығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

Балалық өлді, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе?
Кім біледі, сен кәпір,
Баяндыдан сөндің бе,
Баянсызға төндің бе?
Әлде, айналып, кім білер,
Боталы түйе секілді,
Қорадан шықпай өлдің бе?

Мұқағали Мақатаев

Ей, бауырым!
Көтерсеңші, көтерсеңші басыңды.
Алатаудың асқарына күннің нұры шашылды.
Қыз-тіршілік, міне тағы мойыныңа асылды,
Асылды да саусағымен сипағандай шашыңды.
Көтер басты,
Тұр орныңнан!
Терезеге қарашы.
Неткен тұнық, неткен қымбат жер мен көктің арасы
Неткен жақын бұл ғаламда адамзаттың баласы!
Бауырым-ау, жи күшінді, терезеге қарашы.
Жата берме ауыр дертке, ауыр дертке бас ұрып,
...Әне біреу бара жатыр жұмысына асығып.
Автобустан қалып қойған және біреу, ашынып,
Өттең, әттең, айналайын көңлі қалды-ау басылып...
Қарашы, эне, аңдап басып, барады етіп қарт адам,
Ажары да, назары да, базары да тарқаған.
Қарт адамға қарсы келіп, сәлем берсе қарт Ана,
Ұзын-сонар бірдеңені айтып жатыр қарт оған.
Мына жолмен уайымсыз әлі талай өтерсің,
Шыға алмаған асуыңа, аман болсаң жетерсің.
Ей, Бауырым!
Ей, Бауырым, басыңды бір көтерші,
Мынау қызық дүниені қалай қиып кетерсің...

Адам жаны өрілмеген таспадан.
Адам – адам.
Ұға ма оны тас надан.
Он баласы бар ананы бүгінде
Он есе сыйлау керек басқадан!

Қызыл шақа сәби үшін егесте
Көрместі де көрдіңіз-ау,
Көбі есте.
Бір он жылға қартайтқанмен,
Әрқайсысы
Он-он жылдан жасартты да емес пе?

Білемсек те дүниенің қысымын,
Шотқа қағып табысы мен түсімін,
Жайалықтан қашқан жандар бір кезде
Жұр қазір де ермек қылып мысығын!

Бесіктегі немерені «Күнім!» деп,
Отырсаңыз сіз теректің түбінде,
Қиынанан қашқан жандар сәбидің
Ит жетектеп қыдырады бүгінде!

Арасында ошақ пенен бесіктің
Айдай кездер өтіпті, рас, есіттім.
Саны қанша енді міне,
Сізді күтіп сағынатын есіктің.

Болашақты білмейді екен еш біліп,
Бар ғұмырын өткізем деп хош қылып.
Бөбек үшін қимағандар кештерін
Баспанаға сыймайды енді кешкілік!

Жортқанменен қалмайды ғой із құмда,
Жүрмеген соң ұлың онда, қыз мұнда.
Қалтасында жүз мың қалмақ біреудің,
Бір мұрагер жоқ бірақ сол жүз мыңға!

Бесік жыры ашады адам мінезін,
Бесік жыры – ең сүйікті әуезім.
Он балаға ана болған адамға
Он бірінші бала болам мен өзім!

Қош айтысқан күндер мен алыс кеткен айлардың,
Қайғысына оралып, қазығына байландым.
Бағым ауып басымнан, тәтті ойымнан тоналып,
Жапырағын жел жұтқан күзгі баққа айналдым.

Ашық аспан астында арманымнан адасып,
Жалғыздыққа жұп болдым жалғыз өзім жарасып.
Кірпік ілмей түнімен қос жанарым жасаурап,
Жұбататын жанымды жан іздейді қарашық.

Қарашыққа тұнып тұр, тағдыр сыйы тамшы – мұң,
Көрсем шерім тарқайды тамылжыған таң шығын.
Сағым белден сал самал сімірер ме ем, шіркін-ай!
Қала мынау... қажытқан қалың ойдан қаңсыдым.

Бар болмысты билейді, қамап алып ой – түрме ,
Қашып кеткім келеді бәрін тастап кей түнде.
Қайдам, бірақ қарақшы қара түнге тоналып,
Қайта оралып келемін сол күйзелген кейпімде.

Содан кейін отырам, өлең жазып ең соңғы,
Ең соңғы өлең – қайғылы, ең соңғы өлең – ең шерлі.
Бара жатыр ескі мұң езіп, жаншып еңсемді,
...Қарлығашым, қайдасың, қамықтырмай келші енді?!.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлы, А. Әдебиет танытқыш [Текст] : Зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынұлы. - Алматы : Атамұра, 2008. - 208 б.
- 2 Классикалық зерттеулер [Текст] : көп томдық. Т. 34. Әдебиеттану және әдеби сын (1960-1990) / М. Дүйсенов [ж.б.]. - Алматы : Әдебиет Әлемі, 2014. - 408 б.
- 3 Қабдолов, З. Сөз өнері [Текст] : оқулық / З. Қабдолов. - 5-ші басыл., ісдел., толықт. . - Алматы : Санат, 2002. - 360 б.
- 4 Майкл Райан. Әдебиет теориясы. Кіріспе.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 ж.
- 5 Джули Ривкин, Майкл Райан. Әдебиет теориясы .Антология I.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 ж.
- 6 Джули Ривкин, Майкл Райан. Әдебиет теориясы .Антология II.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 ж.
- 7 Джули Ривкин, Майкл Райан. Әдебиет теориясы .Антология III.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 ж.
- 8 Джули Ривкин, Майкл Райан. Әдебиет теориясы .Антология IV.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 ж.
- Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы.- Қарағанды: «Арқо», 2004
- 8 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: «Санат», 2002
- 9 Әбдиманұлы О. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық.–Алматы, 2012.
- 10 Джуанышбеков Н. Введение в литературоведение: учебник.– Алматы, 2007.
- 11 Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
- 12 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 2010.
- 13 Джуанышбеков Н., Темирболат А. Теория литературы. Учебное пособие. – Алматы, 2009.–284 с.
- 14 Исмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы, 2009. – 560 б.
- 15 Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I-II томдар. – Алматы, 2008. – 646 б.
- 16 Хализев В.Е. Теория литературы. – М., 2005.
- 17 Әдебиеттану [Текст] : терминдер сөздігі / құраст З. Ахметов, Т. Шаңбаев. - 2-бас. - Алматы : Ана тілі, 1998. - 384 б.
- 18 Нұрғали, Р. Жеті томдық шығармалар жинағы [Текст] : нұсқалық. Т. 5. Әдебиет теориясы / Р. Нұрғали. - Астана : Фолиант, 2005. - 536 б.
- 19 Нұрғали, Р. Жеті томдық шығармалар жинағы [Текст]. Т. 1. Драма өнері / Р. Нұрғали. - Астана : Фолиант, 2005. - 572 б.
- 20 Әдебиеттануға кіріспе [Текст] : хрестоматия / құраст. С. Мақпыров. - Алматы : Ана тілі, 1991. - 184 б.
- 21 Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.3 – Алматы: Жазушы, 1990. – 432 б.
- 22 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Паритет, 2008. – 384 б.
- 23 <https://bilim-all.kz/tag/olen?tag>